

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ.
ЖАЛПЫ БӨЛІК. ПРАКТИКУМ**

Оқу-әдістемелік құрал



Құқық және экономика факультеті

Қылмыстық және азаматтық құқық және процесс кафедрасы

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ.
ЖАЛПЫ БӨЛІК. ПРАКТИКУМ**

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2024

УДК 343.2(574)
КБЖ 67.408.0 (5Қаз)
Б 20

Автор:

Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы, қылмыстық және азаматтық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Мизанбаев Аман Елеусизович – қылмыстық және азаматтық құқық және процесс кафедрасының қауымдастырылған профессордың м.а., заң ғылымдарының докторы

Укин Сымбат Кенжебекович - мемлекет және құқық теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Арыстанов Нұрлан Ғазымбекович - Қостанай облысы Полиция департаментінің Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі

Байсарин Б.З.

Б20 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік: Практикум. Оқу- әдістемелік құрал. Б.З.Байсарин. - Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, 2023.- 86 бет.

ISBN 978 601-356-327-5

Оқу – әдістемелік құралда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, Жалпы бөлігінің 26-78 баптары бойынша сот шешімдерінен алынған есеп жинақтары берілген. Сондықтан білім алушылар өздерінің білімдерін, Заң талабына сай жетілдіруге мүмкіншілік жасайды.

6B04201 – Құқықтану мамандығы бойынша оқу бөлімінің білім алушыларына арналған, сонымен қатар құқық қорғау органдарының мамандарына да қолдануға болады.

УДК 343.2(574)

КБЖ 67.408.0

Б 20

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқу әдістемелік кеңесімен бекітілген және басып шығаруға ұсынылған хаттама № 1. 31. 01. 2024 ж.

ISBN 978 601-356-327-5

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
© Байсарин Б.З., 2024

М а з м ұ н ы

Кіріспе	4
1 Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту.....	5
2 Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымы, қатысушылардың түрлері, жауаптылығы мен шектен шығуы.....	7
3 Топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық.....	18
4 Қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік.....	20
5 Жазаның түсінігі, мақсаттары, жүйесі мен түрлері.....	21
6.Жаза тағайындаудың жалпы негіздері.....	34
7 Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар.....	36
8 Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау.....	39
9 Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау.....	40
10 Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау.	42
11 Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау.....	47
12 Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.....	49
13 Шартты түрде соттау.....	54
14 Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.....	55
15 Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.....	61
16 Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.....	66
Есептердің жауаптары.....	67
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	85

КІРІСПЕ

Қылмыстық құқық бойынша тәжірибелік сабақтардың негізгі мақсаты нақты жағдайларға байланысты, есептерді шешудің тиісті нұсқаларын талқылау. Олар, әдетте, белгілі бір тақырып бойынша соттардың, құқық қорғау органдарының тәжірибесінен алынған.

Берілген есептерді шешу білім алушылардың алдында пікірталас туғызып, есептің белгілі бір нұсқасының пайдасына жаңа дәлелдер келтіру арқылы, әріптестерінің пікірін тыңдауға, заңға және есептегі оқиғаның нақты жағдайларына сүйене отырып, өз ұстанымын негіздеуге, үйренуге мүмкіндік береді.

Есеп жинақтың құрылымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жүйесіне және қылмыстық құқықты оқытудың оқу жоспарына сәйкес жасалған.

Жинақта көрсетілген есептер Қазақстан Республикасындағы соттардың, құқық қорғау органдарының тәжірибесіне негізделген.

Оқу мақсаттары үшін қылмыстық және басқа да өмірлік жағдайлардың сюжеттері, азаматтардың тегі, кейбір жағдайларда елді мекендер мен аудандардың атаулары, ұйымдардың атаулары өзгертілді.

Есептермен жұмыс жасағанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті нормаларын, ал кейбір жағдайларда басқа нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының қаулыларын талдауды, сондай-ақ тақырып бойынша теориялық материалды алдын-ала зерттеуді қамтиды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАН ӨЗ ЕРКІМЕН БАС ТАРТУ

№1 есеп

Гүлнар 02.01.2016 жылғы №01 бұйрықпен Балықты ауылдық округі әкімі аппаратының ауылдық клуб үйі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (әрі қарай -Кәсіпорын) есепшісі қызметін атқарып жүріп, өзінің қызмет бабын теріс пайдалана отырып, өзіне сеніп тапсырылған мекеменің қаржысын иемденіп алу арқылы жымқыру ниеті туындап, өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынып, қоғамға қауіпті зардаптардың туындауын алдын ала болжап, осы зардаптардың болуын қасақана тілеп, қылмыстық ниетін жүзеге асырудың нәтижесімен өзіне пайда алу мақсатында, 2016-2017 жылдар аралығында бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы жасалған бірқатар бірдей іс-әрекеттерімен жалпы 2 562 066 теңге мемлекет қаржысын иемденіп алу арқылы жымқырған.

Атап айтқанда, Гүлнар өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жымқыру ниетімен, өзінің атынан ашылған жеке есеп шотына аударған.

Бірақ тексеру жүргізіліп жатқанда, бүкіл жымқырған ақшаны орнына қайтарған.

1. Гүлнардың іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту бар ма?

2. Егерде оның іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту жоқ болса, бүкіл жымқырған ақшаны орнына қайтаруына байланысты қандай шешім қабылданады деп ойлайсыз?

№2 есеп

Марабеков 2021 жылғы 07 сәуір күні сағат 18:30 шамасында Арал қаласы, М.Жумабаев көшесі, № 8 үйінен шығып, Арал қаласының орталығында орналасқан азық-түлік дүкеніне барып, сол жерде дүкеннің алдында тұрған Көбековке тиесілі құны 12 000 теңгеге бағаланған, көк түсті «Урал» маркалы велосипедтің қараусыз тұрғанын көріп, спирттік ішімдік ішуге ақша табу үшін ұрлық жасау ниеті туындаған.

Ол ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру мақсатында, айналасында ешкім көрмей тұрғанына көзін жеткізіп, велосипедті жасырын түрде жымқырып, оқиға орнынан бой тасалаған.

Әрі қарай, ол велосипедті кейін сатуды ойлап, велосипедті өзінің тұрып жүрген үйдің ауласына жасырып қойған.

Осылайша, ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылығымен жәбірленуші Көбековке 12 000 теңгеге мүліктік шығын келтірген.

Үйдегі туыстары бұл велосипедті көріп қалып, қандай жағдайда пайда болғанына күдіктене бастаған соң, Марабеков велосипедті алып үйлерінен алшақ орналасқан қоқыс төгетін жерге апарып тастаған.

1. Марабековтың, велосипедті қоқыс төгетін жерге апарып тастағаны қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту деп санай аламыз ба?

2. Оның іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту қандай жағдайда орын алар еді?

№3 есеп

Сапаров, пайдакүнемдік және мүліктік пайда табу мақсатында, өзінің туған қарындасы Гүлшаттың иелігіндегі тұрғын үйжайында тұрып жүріп, алкогольдік ішімдік ішуге қаражат табу мақсатында, ұрлық жасау ниеті туындаған.

Осылайша, ол ұрлық, яғни бірнеше рет бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру мақсатында, 2021 жылғы 14 сәуір күні сағат 17:00 шамасында інісі мен қарындасы үйдің ішіне ас ішуге кіріп кеткен уақытта, жоғарыда көрсетілген үйдің ауласында ошақ бастырманың астында жөндеу жұмыстары болып жатқан жерге барып, спирттік ішімдік ішуге ақша табу үшін бастырманың астынан жәбірленуші Гүлшатқа тиесілі құны 17 000 теңге тұратын, «Crown» маркалы дискілі арасын жасырын түрде жымқырып кетіп, оқиға орнынан бой тасалаған.

Әрі қарай, ол араны танысы 1951 жылғы 11 мамырда туған Жайбергеновке 500 теңгеге сатып жіберген.

Қылмыстық жолмен тапқан ақшаға азық-түлік дүкенінен арақ сатып алып, ішіп, бас пайдасына жаратып, жәбірленуші Гүлшатқа 17 000 теңгеге мүліктік шығын келтірген.

Гүлшат, «Crown» маркалы дискілі арасының жоғалып кетуіне байланысты аудандық ішкі істер бөліміне арыз жазған.

Сапаров, оны күдікті ретінде полиция қызметкерлері шақыра берген соң, қылмыстық жауаптылықтан қорқып, танысына сатып жіберген «Crown» маркалы дискілі араны, сұрап алып қайтадан алған жеріне қойған.

1. Сапаровтың іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту бар ма?

2. Қарындасының жеке меншігін ұрлағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма?

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту дегеніміз не?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА СЫБАЙЛАС ҚАТЫСУ ҰҒЫМЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН ШЕКТЕН ШЫҒУЫ

№4 есеп

2018 жылдың ақпан айының 15 күні 10 сағат 30 минут шамасында Қабаев өзінің таныстары Мойбеков, Жаханов және Маматаевпен Созақ ауданы, Жуантөбе ауыл округінің аумағында орналасқан, Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің Мойынкүм орман шаруашылығының 9-айналымы, 34 оралымына «Дым су» алқабына барып, Қазақстан Республикасы АШМ «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі» Комитетінің 13.08.2015 жылғы №211 санды «Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы» Бұйрығымен-Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2018 жылдың желтоқсан айының 31 жұлдызына дейін тыйым салынған қаулысын бұзып, орман қорына кіретін және кесуге тыйым салынған, өсімін тоқтатпаған сексеуіл ағаштарын аяқ-қолдарымен теуіп сындырып, заңсыз кесіп, жойып, зақымдаған.

Басты сот талқылауында сотталушы Қабаев тағылған айыпты толығымен мойындап, 15.02.2018 жылы сағат 10-00 шамасында өзі көршілері Мойбеков, Жаханов, Маматаевпен бірге ОҚО, Созақ ауданы, Жуантөбе ауыл округінің аумағында орналасқан «Дым су» алқабына барып сексеуіл ағаштарын аяқ қолдарымен сындырып автокөлікке тиіп қайтып келе жатқандарында полиция қызметкерлеріне ұсталғандарын. Келтірілген шығынды өтегенін айта келе соттан қатаң жазаламауды сұраған.

Соттың үкімімен олардың әр қайсысына Қазақстан Республикасының ҚК-нің 340 бабы 2 бөлігі бойынша, 120 (бір жүз жиырма) сағат қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалған.

1. Бұлардың іс әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу бар ма?

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға сыбайлас қатысу дегеніміз не?

№5 есеп

2020 жылғы 21 маусымда сағат 20:00 шамасында Тараз қаласынан ауылға бару үшін Аспантай, Аралбай мен Қабай үшеуі соңғының басқаруындағы ақшыл сарғыш түсті Ваз-2109 маркалы автокөлігімен шыққан. Жолда Аспантай мен Аралбай екеуі оған дейін Тараз қаласынан дүкеннен алған сыра алкогольдік ішімдігін ішкен.

Тараздан шыққан бетте Аралбай автокөліктің артқы орындығына жатып мас болып ұйықтап қалған. Ал Аспантай автокөлікте сыра ішіп отырып ұйықтап қалған. Рульде отырған Қабай тас жолдың бойында кетіп баражатып Таркен ауылдық округіне қарасты қыстаққа соққан.

Аталған қыстаққа шамамен 02:00 сағатта келіп, Қабай қыстақты айналып өтіп, ешкім жоқ екендігін байқап, қыстақ басындағы мал қамайтын қораның жанына келіп тоқтағанда, қора ішінде қой малдары қамаулы тұрғанын көрген және оған сол жерде мал қораға кіріп, мал ұрлау яғни, бөтеннің малын жасырын жымқыру жөнінде қылмыстық ой пайда болып, сол қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында автокөліктің алдыңғы орындығында ұйықтап жатқан Аспантайды оятып, бір қыстаққа келгендігін сол жерден қораның ішінде тұрған қойды ұрлап алып сатып, ақшаға телефон сатып алуды ұсынған. Оның бұл ұсынысына Аспантай өз келісімін беріп екеуі сол жерде мал қораға кіріп, мал ұрлау яғни, бөтеннің малын жасырын жымқыру жөнінде алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобын құрған.

Осыдан кейін, Аспантай мен Қабай екеуі өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында автокөліктен түсіп, автокөліктің артқы орындығында ұйықтап жатқан Аралбайға өздерінің қылмыстық ойларын айтпай, Қабай қой қораның ішіне кіріп, бір қойды ұстап алып сыртта тұрған Аспантайға берген, ол сыртта тұрып қойды темір шарбақ есіктің астынан суырып тартып алып шығып, сол жерде қораның жанындағы боқтықтың артында тұрған өздері келген ақшыл сарғыш түсті Ваз-2109 маркалы автокөліктің жүк салғышына барып салған. Оған дейін, қора ішінде жүрген Қабай тағыда бір бас қой малын ұстап алып келіп, автокөліктің жүк салғышына салып Қабай қайтып қораға кіріп, қораның ішінен үшінші қойды ұстап алып шығып, оныда автокөліктің артқы жүк салғышына салған.

Сөйтіп, олар Нұржан деген азаматқа тиесілі, атап айтқанда: - құны 80 000 теңге тұратын асыл тұқымды қара түсті қошқарын, - құны 40 000 теңге тұратын қоңыр түсті қой малын, - құны 40 000 теңге тұратын ақ түсті қой малын жасырын жымқырып алып кеткен.

Осы қылмыстық іс-әрекеттерімен Аспантай мен Қабай жәбірленушіге жалпы ақшаға шаққанда 160 000 (жүз алпыс мың) теңгеге елеулі зиян келтіріген.

Аспантай ҚР ҚК-нің 188-1 бабының 3-бөлігінің 2- тармағымен кінәлі деп танылып және оған мүлкін тәркілеусіз 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған.

ҚР ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 2-тармағына сәйкес жаза өтеу орны ретінде – қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесі белгіленген.

Аспантайға ҚР ҚК-нің 63-бабының 1-3 бөліктері қолданылып, тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасы шартты деп есептелген.

Қабай ҚР ҚК-нің 188-1 бабының 3-бөлігінің 2- тармағымен кінәлі деп танылып және оған мүлкін тәркілеусіз 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған. ҚР ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 2-тармағына сәйкес жаза Қабайға ҚР ҚК-нің 63-бабының 1-3 бөліктері қолданылып, тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасы шартты деп есептелген.

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың қандай түрлерін білесіз?

2. Аралбай сыбайлас қатысушыға жата ма, егерде ол Аспантай мен Қабайдың ұрлық жасап жатқандарын біле тұра, ешқандай әрекет жасамаса?

№6 есеп

Сотталушы Қалел сот талқылауында кінәсін ішінара мойындап, сотқа берген жауабында, жұмыссыз болуына байланысты әр түрлі мекемелерге жұмыс іздеп барып, өзінің резюмелерін қалдырып отырғанын, соның ішінде 2019 жылдың қазан айынан бастап жақсы жұмыс істеп тұрған «Голд» компаниясына да резюмесін қалдырғанын айтқан.

2020 жылдың басында оған «Голд» компаниясына қайта келгенінде Иван Юрьевич деп өзін таныстырған адам жұмыс іздеп жүргенін біліп ұсыныс жасаған.

Ол оған жаңадан компания ашылатынын, соған жұмысқа адам қабылдайтынын, ол компания Санкт-Петербург қаласында «Голден Сити» тұрғын үй салып жатқанын, одан басқа ломбарды барын, алтынмен айналысатынын, соған ақшаны салып үстеме бағамен қайтаратынын айтып оны қызықтырған.

Қантар айында инстаграммда жарнама шығатынын, соған хабарласу керектігін айтқан.

10.01.2020 жылы ол Батыс-2 мөлтек ауданында Иван Юрьевичпен және өзін Тлеубергенов деп таныстырған адамдармен кездескенін, оған бірінші берген тапсырмасы кеңсені жалға алу болғанын, ол қасында тұрған кеңсені жалға алғанын. Содан соң оған берген тапсырма бойынша кеңсеге 19-20 қантар күндері жиғаз және техниканы сатып алғанын, ол үшін есебін оларға бергенін. Содан соң өздері жұмысқа орналасатын адамдары келгенін, менеджерлер мен кассир, 4 қызды және күзетке екі адамды алғанын. Оған берген құжаттармен танысқанын, бастапқыда салымшылар болмағанын, кейін бір -бірінен адамдар келгенін, өздері ішінен астарына адамдарды жинағанын, күнделікті түскен ақшаны Абай және Дархан есімді жігіттер алғанын, 09.02.2020 жылға дейін жұмыс жасағандарын, содан соң «Голд» компаниясы жабылғанын, сол кезде олардың салымшылары келіп ақшаны талап ете бастағанын, келіскендеріне келісім шартты бұзып жарты соманы қайтарғанын, сөйтіп 200 адамға жуық ақшасын қайтарғанын, ақпанның 09 -10 күндері әр түрлі адамдар келіп оны қорқытқанын, Иван Юрьевич соңғы күнгі салымшыларға қайтарған 31 000 000 теңге ақшаны талап еткенін, ол оған ноутбуктерді алып өзі полицияға баратынын айтқанын, ертеңіне 11.02.2020 жылы банк алдында кездесетін болғанын, ол келмесе және полицияға барса оны тауып алатынын айтып қорқытқанын.

Соған ол қорқып кетіп қалғанын, ұялы телефонды жоғалтып алғанын, компанияда жалдамалы жұмысшы ғана болғанын, пирамиданы ұйымдастырмағанын, оны басқармағанын көрсеткен.

Жасаған іс әрекетіне өкінетіндігін, басында ол қылмыс екені туралы білмегенін, содан кейін түсінгенін, өзі полицияға бармақшы болғанын, соңғы күндері салымшылардың ақшаларын барынша қайтарғанын, соттан салымшылардың ақшаларын тез қайтару үшін оған жеңіл жаза тағайындауын сұраған.

Сотталушының, жәбірленушілердің ақшаларын алғандығы туралы жауабын шындық деп бағалайды, себебі ол іс бойынша жинақталған дәлелдемелер жиынтығымен расталады, ал компанияда жалдамалы жұмысшы екенін, қаржы пирамидасын ұйымдастыру мен басқаруына қатысы жоқтығы туралы жауабына сот сын баға береді, себебі ол сотта жоққа шығарылды, оны таңдаған қорғану тәсілі деп санайды.

Қорғау тарапының сотталушы тек жалдамалы жұмысшы болғанын, қаржылық пирамиданы құрмағанын және оған басшылық жасамағаны туралы уәждері сотта зерттелген дәлелдемелермен жоққа шығарылған, атап айтқанда кеңсе ретінде 17.01.2020 жылы Ақтөбе қаласында пәтер мекен-жайында орналасқан кеңсе үй-жайын жалға алған, жұмысқа менеджерлерді, кассирді және күзетшілерді қабылдаған, кеңсенің жұмысын жүргізу үшін толық жабдықтаумен айналысқанын, салымшыларға өзін филиалдың басшысы ретінде көрсеткен.

Сотталушы Қалелдің қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән – жәйлары ретінде кінәсін мойындағанын, жас балаларының барын назарға алған.

Сотталушының қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жәйлар сотта анықталмаған.

1. Қалелдің іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу бар ма?

2. Сот қандай жаза қолданды деп ойлайсыз?

№7 есеп

2018 жылы сәуір айының 15-ші жұлдызында сотталушы Малбай, Әлихан, Сабалды және Марат төртеуі, Малбайдың Алматы қаласы Қалқаман ықшам ауданында орналасқан жалдамалы пәтеріне жиналып, өздеріне пайда табу мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасау ойы туындаған. Содан Малбай өзінің достарына қалаға шығып, бөтен адамның құнды заттарын күш қолдану қатерін төндіріп, ашық түрде тартып алайық деп ұсыныс тастаған. Сол кезде достары оның ұсынысымен бір ауыздан келісіп, төртеуі бөтеннің мүлкін күш қолдану арқылы ашық жымқыруға бағытталған қылмыстық жоспарын құрып, қылмысты жасау туралы рөлдерін өз-ара бөлісіп алған.

Содан қылмыстық рөлдеріне сәйкес төртеуі Алматы қаласы Яссауи көшесімен Райымбек даңғылының қилысында орналасқан аспалы көпірдің алдына сағат 22:30 шамасында барып, бөтен тұлғаның мүлкін күш қолдану арқылы ашық жымқыруға бағытталған жоспарын жүзеге асыру үшін, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қатерін

төндіріп, жеке мүліктері мен құнды заттарын күш қолдану арқылы ашық жымқырып алу туралы жоспарларын ойға асыру үшін келіп, сол уақытта Райымбек даңғылымен батыс бағытқа қарай жәбірленуші Рязов жалғыз өзі ұялы телефонмен сөйлесіп келе жатқанын көріп, өздерінің рөлдеріне сай Малбай жәбірленуші Рязовтың алдына барып, ұялы телефонын қоңырау шалып алайын деп сұрайды сол кезде жәберленуші Рязов Малбайдың қылмыстық ойын білмей өзінің сату бағасы 56 000 теңге тұратын «Самсунг J5» маркалы ұялы телефонын Малбайға берген кезінде Малбай ұялы телефонмен біреуге қоңырау шалғансып тұрып, сол кезде достары айналада бөгде адамдар мен полиция қызметкерлері жоқтығына қарап тұрған, одан әрі Малбай жәбірленушінің көкірек тұсынан оң қолымен итеріп жіберіп, жәбірленушіге тиесілі «Самсунг J5» маркалы ұялы телефонын күш қолдану қатерін төндіріп, арқылы ашық түрде алып, Райымбек даңғылымен батыс бағытқа қарай қаша жөнелген. Сол уақытта жәбірленуші Рязов Малбайдың артынан жүгірген кезде Малбайдың қасында болған достары өз кезектерінде жәбірленуші Рязовтың артынан жүгіріп, егер жәбірленуші Рязов Малбайға жетіп, күш қолданса көмекке бару мақсатында жәбірленуші Рязовтың артынан қуалаған.

Осы уақытта жәбірленуші Рязов өзінің артынан қуып келе жатқан Әлихан, Сабалды және Маратты көріп қорыққанынан оларға шамасының келмейтінін біліп, Райымбек даңғылының екінші бетіне қарай қашып кеткен.

Одан әрі Малбай, Әлихан, Сабалды және Марат өздерінің алдын ала ойластырған тонау, яғни бөтен мүлкін ашық жымқыру мақсатында жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қатерін төндіріп, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасау ойларын жүзеге асырғаннан кейін оқиға болған жерден іздерін суытып кеткен.

Сөйтіп Малбай, Әлихан, Сабалды, Марат төртеуі, өздерінің жасаған қылмыстарының нәтижесінде жәбірленуші Рязовқа 56 000 теңге мүліктік залал келтірген.

Сотталушылар ҚК-нің 191 бабы 2 бөлігінің 1,3 тармақтарымен кінәлі деп табылып, мүлкі тәркіленбей 3 (үш) жылға бас бостандығынан шектелген.

1. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтан, қандай сыбайлас қатысушылардың түрлерін байқадыңыздар?
2. Ұйымдастырушы дегеніміз кім?

№8 есеп

15.01.2021 жылы таңғы сағат 05:00 кезінде Алан, Алматы қаласы қаласы, Төле би мен Тілендиев көшелерінің қиылысында Наметовпен кездесіп, 12 калибрлі «Baikal» және 16 калибрлі ИЖ-12 қос ауызды ұңғылы шолақ қаруды сақтауға берген.

Наметов өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екендігін біле тұра, қасақана аталған 12 калибрлі «Baikal» және 16 калибрлі ИЖ-12 қос ауызды ұңғылы

шолақ қаруды заңсыз иемденіп, Алматы облысы, Іле ауданы, Жаңа құрылыс Жайнақ ауылына Бекболат есімді досына тығып қоюға берген.

Нәтижесінде, Алан адамдардың алдын ала сөз байласуымен ату мүмкіндігі бар атыс қаруларын заңсыз берген, сақтаған және тасыған.

Одан кейін Алан, 12 калибрлі «Baikal» және 16 калибрлі қос ауызды ұңғылы шолақ қаруды заңсыз, досы Сәрсенге сақтауға берген.

Сәрсен өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екендігін біле тұра, қасақана аталған 12 калибрлі «Baikal» және 16 калибрлі ИЖ-12 қос ауызды ұңғылы шолақ қаруды Алматы облысы, Іле ауданы, М.Түймебаев ауылында орналасқан «Тоған» шаруашылығында «Бент» көлінің маңындағы балық өсіретін цехтың артына апарып, сол жерде тұрған үлкен бөшкенің астына тығып сақтаған.

Одан кейін Сәрсен, 18.01.2021 жылы таңертең сағат 07:00 кезінде аталған қаруларды заңсыз, өзінің досы Әлімбайға сақтауға берген.

Нәтижесінде, Сәрсен адамдардың алдын ала сөз байласуымен ату мүмкіндігі бар атыс қаруларын заңсыз берген, сақтаған және тасымалдаған.

18.01.2021 жылы таңертең сағат 07:00 кезінде Сәрсен, Әлімбай берген «Baikal» және ИЖ-12 қос ауызды ұңғылы шолақ қаруды өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екендігін біле тұра, қасақана Алматы облысы, Іле ауданы, М.Түймебаев ауылы, Алматинская көшесі, 2-үйдің ауласында орналасқан тамға тығып сақтаған.

Содан соң, 12 калибрлі «Baikal» қаруын өзінің жұмыс орнында бірге жұмыс істейтін «Евгений» есімді азаматқа берген.

Нәтижесінде, Сәрсен адамдардың алдын ала сөз байласуымен ату мүмкіндігі бар атыс қаруларын заңсыз берген, тасыған, сақтаған.

1. Жоғарыда аталғандардың іс әрекеттерін қылмыстық құқық бұзушылыққа сыйбайлас қатысушылар деп атауға бола ма?

2. Айдап салушы дегеніміз кім?

№9 есеп

Сотталушы Ермек тағылған айып бойынша кінәсін толығымен мойындап, 28 қыркүйекте Жасылан екеуі қыдырып жүріп, Кенесары көшесіндегі бір үйдің подъезіне жылыну үшін кіріп, 3-ші қабатта тұрған велосипедті көріп, қаражаты болмағанына байланысты, велосипедтерді алып кетуді шешкендерін, сосын екеуі екі велосипедті сыртқа алып шыққанын, алайда бір велосипедтің желі болмағандықтан келесі аулада қалдырып кетіп, бір велосипедті базарда 15 000 теңгеге сатып жібергенін, қазіргі уақытта істеген ісіне өкініп, бұлай қайталанбайтына уәде беріп, бас бостандығынан айырмауды сұраған.

1. Екеуінің бірігіп қылмыстық құқық бұзушылық жасауын, сыбайлас қылмыстық құқық бұзушылық жасау деп атауға бола ма?

2. Көмектесуші дегеніміз кім?

№10 есеп

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім бойынша 2020 жылы ақпан айында тергеп тексерумен анықталмаған күні, Фаралиев танысы Алабаевтан оның басқаруындағы мемлекеттік белгісі ЖБ 41ММ 001 «Ниссан Блудерд» маркалы автокөлігін уақытша жүргізуге алған.

2020 жылы наурыз айының 08-і күні Фаралиевті полиция қызметкері Атырау қаласы «Атырау» мөлтек ауданынан аталған көлікті тоқтатып, бұл көлік Атырау облысы Полиция Департаментінде Тергеу Басқармасының өндірісіндегі ҚК-нің 190 бабы 4 бөлігі 2 тармағымен «Хоум Авто Инвест» ЖШС мекемесіне қатысты тіркелген сотқа дейінгі тергеп тексеру бірыңғай тізіліміне №0002023 санды қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдеме екенін ескертіп, жоғарыдағы аталған автокөлікті заңды түрде алу жүргізген.

Осыдан кейін алынған автокөлік Атырау қаласының мамандандырылған тергеу сотының санкциясымен тыйым салынып, Атырау қаласы, Солтүстік өндірістік аймақ №5 мекен-жайында орналасқан айыппұл тұрағына қойылған.

Содан соң, 2020 жылы мамыр айында тергеп тексерумен анықталмаған күні Фаралиев басқаруында болған көлікті айыппұл автотұрағынан жасырын жымқырып кетуді ойластырып, ол үшін өзіне көмектесуші іздеп, танысы Жановқа аталған көлікті жасырын жымқыруға көмектесуші болуды ұсынған.

Өз кезегінде Жанов, Фаралиевтің ұсынысына келісіп сол мезетте Фаралиевтің айтқан айыппұл автотұрағында танысы Әлтаровтың «ПЦН» ЖШС-нің бас күзетшісі болып жұмыс атқаратынын біліп Фаралиевтің ұсынысына келіскен.

Бұдан кейін Жанов, Әлтаровтың жұмыс орнына барып Фаралиевтің қылмыстық ойын соңғысына жеткізіп автотұрақта тұрған «Ниссан Блудерд» маркалы көлікті Фаралиевке жасырын жымқыруға көмектесуші болуды, ол үшін пайдасы болатынын айтып түсіндірген, Әлтаров болса Жановтың айтып тұрған ұсынысына бірден келісім беріп, ол көмегі үшін 200 000 теңге ақша қаражатын сұраған.

2020 жылы мамыр айының 25-і күні сағат 23:00 шамасында Атырау қаласы, Бірлік-2 ауылы Тұмарханым көшесі бойындағы монша алдында, Фаралиев, Жанов, және Әлтаров үшеуі кездескен.

Өз ара сөйлесіп Фаралиев, Жанов пен Әлтаровқа алдын ала ойластырған қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекетін ұйымдастырып соңғысының жұмыс орнындағы айыппұл тұрағында тұрған маркасы «Ниссан Блудерд» автокөлігін жасырын жымқыруға көмектесіп автокөлікті заңсыз шығарып берулеріне ұсыныс жасап, осы көмектері үшін оларға барлығы 250 000 теңге ақша қаражатын беретіндігін айтып сендірген.

Бұл кезде Әлтаров пен Жанов Фаралиевтің ойластырған ұрлық қылмысын орындап көмектесушілер болуға келісіп, соңғысынан автокөлікті айыппұл тұрағынан шығарып беруі үшін 250 000 теңге ақша қаражатын қолма қол алып, оның 50 000 теңгесін Жанов өз пайдасына иемденген. Сол жерде үшеуі адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде жасырын

жымқыруға бағытталған қылмыстық іс әрекеттерін жүзеге асыруды ұйымдастырып бұл әрекеттерін басқа күнге қалдырған.

2020 жылы мамыр айының 29-ы күні Әлтаров, Жанов және Фаралиевпен бірге алдын ала ойластырған қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекеттерін жүзеге асыруды сол күні ыңғайлы деп санап, көлікті айыппұл тұрағынан заңсыз шығаратын амалдарын ойластырған.

Осыдан кейін Әлтаров сағат 14:30 шамасында бұрын соңды таныс емес қала бойынша тіркеу белгісі «222 ЖНК01» Мерседес маркалы ауыр жүк тасымалдаушы манипулятор қызметімен айналысып жүрген Мотовпен ұялы телефон арқылы сөйлесіп, соңғысын Солтүстік өндірістік аймақ №5 мекен-жайында орналасқан айыппұл тұрағына шақыртқан.

Содан Әлтаров, Жанов және Фаралиевпен бірге ойластырған қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекеттерін яғни айыппұл тұрағында тұрған жәбірленуші Таевқа тиесілі құны 1 781 197 теңге тұратын «Ниссан Блуберд» маркалы автокөлігін жасырын жымқыру мақсатында, манипулятормен келген Мотовты айыппұл тұрағына кіргізген.

Одан әрі өзінің қылмысын Мотовтан және айыппұл тұрағындағы күзетші Абеновтен жасырып, көлікті алып кетуге болатын рұқсат анықтама қағаздары бар екенін жалған айтып, көлікті манипулятордың артқы жүк салғышына тиескен, алдын-ала адамдар тобы болып ойластырған қылмыстық ойының жүзеге асқанын көзін жеткізіп, манипулятор жүргізушісі Мотовқа, алдын ала келісім бойынша Жұмыскер мөлтек ауданы көпір тұсында күтіп тұрған Жановқа жол жүруді айтқан.

Бұдан кейін аталған маркасы «Ниссан Блуберд» автокөлігін Жанов Атырау қаласы «Жұмыскер» мөлтек ауданы көпір тұсынан күтіп алып, ол көлікті алдын ала келісім бойынша Еркін қала мөлтек ауданында күтіп тұрған Фаралиевке тапсырған.

Нәтижесінде Фаралиев, Жанов пен Әлтаровтың қылмыстық іс әрекеттерінің салдарынан жәбірленуші Таевқа, 1 781 197 теңге мөлшерінде мүліктік шығын келтірілген.

1. Фаралиев, Жанов, Әлтаровтың қылмыстық іс әрекеттерінің, қылмыстық құқық бұзушылықтың сыбайлас қатысушыларының қандай түрлеріне жататынын атаңыз.

2. Манипулятормен келген Мотовтың және айыппұл тұрағындағы күзетші Абеновтың іс әрекеттерінде, қылмыстық құқық бұзушылық бар ма, егерде бар болса, қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар қатарына жата ма?

3. Орындаушы дегеніміз кім?

№11 есеп

Середа мен Қомаров 2018 жылдың 5 маусымы күні түнгі 02.00 шамасында Шымкент қаласында ұрлық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бөтеннің мүлкін көлік құралына заңсыз кіру арқылы

жасырын жымқыру мақсатында, Ш.Қалдаяқов көшесі бойындағы № 29 тұрғын үйге қарама-қарсы орналасқан ғимараттың алдында тұрған Ранбекұлына тиесілі «ВАЗ 21014» маркалы мемлекеттік белгісі 189 MLB 13 автокөлігінің есігін терезесі арқылы ашып, ішіне заңсыз кіріп, құны 15000 теңгелік «Сони» автомагнитоласын, 15000 теңгелік аккумуляторын, 30000 теңгелік борткомпьютерін ұрлап алып, Түркістан қаласына апарып сатып, ақшасын өздерінің қажеттілігіне жаратқан.

Осыдан соң, Середа мен Қомаров 2018 жылдың 7 маусымы күні сағат 03.00 шамасында Шымкент қаласында тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында, Республика даңғылы бойындағы көп қабатты үйлердің арасымен кетіп бара жатқан Серіковтың мас халде екенін байқап, сотталушы Қомаров оның артынан барып қылқындырып жерге құлатып, ал сотталушы Середа жәбірленуші Серіковтің басына және денесіне бірнеше рет соққылар беріп, иығында асулы тұрған ішінде құжаттары, 74000 теңге ақшасы мен құны 5000 теңгелік «Вертекс» маркалы ұялы телефоны бар қол сумкасын ашық түрде тартып алып, оқиға болған жерден бой тасалап кетіп қалған.

Соңында Середа мен Қомаров 2018 жылдың 10 маусымы күні сағат 01.30 шамасында Шымкент қаласында тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бірнеше рет жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып бөтеннің мүлкін ашық жымқыру мақсатында, Республика даңғылын кесіп өтіп ағатын Қошқар ата өзені бойымен кетіп бара жатқан Жандосовтың артынан келіп, сотталушы Қомаров кеудесінен ұрып жерге құлатып, ал сотталушы Середа жәбірленуші Жандосовты ұрып-соғып, соңғының құны 60000 теңге тұратын «Самсунг Галакси А3» маркалы ұялы телефоны мен 30000 теңге ақшасын ашық түрде тартып алып, оқиға болған жерден бой тасалап кетіп қалған.

1. Середа мен Қомаровтың іс әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылық бар ма?

2. Середа мен Қомаровқа қандай жаза қолданылуы мүмкін деп ойлайсыз?

№12 есеп

22.06.2019 жылы сағат 02.30 шамасында Елусаев пен Светик Қарағанды қаласы, Волочаевская көшесінде ішімдік алу үшін Солнечный дүкенің алдында бола тұра, дүкенің алдында өтіп бара жатқан Туханды кездестірген. Осы уақытта Елусаев пен Светик алдын ала-сөз байланысып, Туханның өмірімен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы, жеке мүлкін ашық түрде жымқыруға қылмыстық ойы туындаған.

Өздерінің қылмыстық ойын ақырына дейін кедергісіз жеткізу мақсатында Елусаев және Светик бірге болмашы себептер тауып, Қарағанды қаласы «Орбита-1» ықшам ауданында №3а үйдін ортасында орналасқан

аркада Туханға қол тигізе бастаған. Елусаев оң қолымен Туханның тамақ тұсынан жұдырықпен бір соққы жасаған.

Аталған соққыдан, Тухан есенгіреп қалған. Алдын ала сөз байласқан Елусаев пен Светик қылмыстық ойын жалғастырып, Туханның дәрменсіз күйін пайдалана отырып, бірнеше рет қолымен соққылар жасаған. Осы уақытта Светик Туханның шалбарының оң жақ қалтасынан 5 000 теңге ақшалай қаражатын ашық түрде иемденіп алған, ал Елусаев Туханның қолында болған 50 000 теңге ақшалай қаражатты ашық түрде жымқырған.

Ақшалай қаражатты иемденіп алып Туханның қарсылық көрсете алмайтының байқаған Елусаев пен Светик бірнеше соққылар жасап 55 000 теңге ақшалай қаражатын иемденіп алып, қылмыстық жасаған орнынан қашып кетіп, жымқырған ақша қаражатын өзерінің қалауынша пайдаланып, нәтижесінде Туханға 55 000 теңге көлемінде материалдық шығын келтірген.

09.07.2019 жылғы №88/23.1/2138ж сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сай Туханда жараланған жара, сызаттар, қанталаған бар, басының шаш бөлігінде, қанталаған және бетінде сызат, екі артқы және үстіңгі ұштарында сызаттар, қатты заттардың әсерінен пайда болған, мүмкін мерзімінде (жараның үстімен және сызат, қанталаудың түстері сипатымен расталады) және мән-жай кезінде, қаулы мен куәландырулышының көрсетілген және денсаулығына жеңіл зиян келтірілген, үш аптадан жоғары емес мерзімнің қысқа мерзімді бұзылуға әкелген.

1. Мұнда сыбайлас қатысушылардың қандай түрлері бар?

2. Елусаев пен Светик ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің 1,3 – тармағы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сондықтан олардың қылмыстық жауаптылығы қалай шешіледі деп ойлайсыз?

№13 есеп

Жосай, Игунбаев, Беркінбек тонау, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы бөтеннің мүлкін жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен ашық жымқырып, Алматы қаласы, Медеу ауданының аумағында меншікке қарсы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты төмендегі жағдайда жасаған.

21 қазан 2020 жылы сағат шамамен 15:00-де жәбірленуші Фазаров интернет желісі «ОЛХ» арқылы өзіне тиесілі құны 200 000 теңгені құрайтын, маркасы «Iphone XS» қара түсті, ұялы телефонын сатылымға қойған.

Сол күні Фазаровқа сатылымға қойған ұялы телефоны туралы жарнамамен сотталушы Жосай хабарласқан.

Сол кезде Жосайда тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға байланысты қылмыстық ойы туындап, оны жүзеге асыру үшін жанындағы таныстары Игунбаев және Беркінбекпен қылмыстық ойымен бөліскен.

21 қазан 2020 жылы сағат шамамен 22:05-те Мақатаев пен Куратов көшесінің қиылысында орналасқан аялдамада жәбірленуші Фазаровпен сотталушы Жосай, Игунбаев кездескен.

Сотталушылар өздерінің адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қылмыстық іс-әрекеттеріне ешкімнің кедергі болмайтынына көздерін жеткізіп, жәбірленушіге ашық түрде тонау іс-әрекетін жүзеге асыру мақсатында, өзара келіскен рөлдері бойынша Жосай жәбірленуші Фазаровтан ұялы телефонды ашық түрде алып, оны сөзге айналдырып тұрған.

Осы уақытта өзара келіскен рөлдері бойынша сотталушы Игунбаев жәбірленушінің аяғынан шалып құлатқан, ал сотталушы Беркінбек жәбірленушінің артқы жағынан келіп соңғының денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, жақ сүйек тұсынан жұдырығымен соққы жасаған. Фазаров аталған соққының салдарынан жерге құлаған.

Осы сәтте Жосай, Игунбаев, Беркінбек жәбірленушінің өміріне және денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы аяқтарымен тепкілеп, кейін өздерінің қылмыстық ойларын аяғына дейін жеткізу мақсатында жәбірленушіге тиесілі ұялы телефонын ашық түрде жымқырып, оқиға болған жерден бой тасалаған.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде жәбірленушіге 200 000 теңге мүліктік шығын келтірілген.

Жосай, Игунбаев, Беркінбек ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің 1,3 – тармағы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сондықтан олардың қылмыстық жауаптылығы қалай шешіледі деп ойлайсыз?

№14 есеп

21.08.2017 жылы күндіз Әлиев жұмыста жүріп ұялы телефон арқылы «ВК» сайтымен Караевты кездесуге шақырған. Әлиев, 1-2 ай бұрын «Соня» деген белгісіз қыздың есімімен суретін қойып «ВК» сайтын ашып және сол бейтаныс қыздың есімінен Караевпен өтірік танысып, сөйлесіп жүрген.

Себебі, 2015 жылы Караев өзінің достарымен бірге Әлиевке жабылып ұрып-соғып кеткен, сол үшін оның Караевқа бас араздығы болып жүргендіктен өзінің кегін алуға өтірік алдап оны кездесуге шақырған.

Кейін Әлиев кешке жұмысынан келіп тағы Караевқа хабарлама жазған, кездесетін жер Қаратал ықшам ауданында орналасқан «Алибек» қонақ үйінің маңын айтқан. Кездесуге Әлиев өзінің жолдасы Максты алып, мән жайды айтып, Караевты ұрып кек алу керектігін айтқан.

Караев еш алаңсыз «Соня» деген бейтаныс қызбен кездесемін деген оймен, оның айтқан уақыты бойынша сағат 23-30 шамасында жоғарыда аталған жерге барған.

Сол кезде өзінің танысы Әлиев және оның досы Жулбеков тұрған. Содан күтпеген жерден Әлиевті көріп қалған соң онымен амандасқан және мән жайды

бірден түсініп өзіне қауіп төніп тұрғанын білген соң бас сауғалауға «Алибек» қонақ үйіне қарай қаша жөнелген.

Оның артынан Әлиев пен Макс қуалай жөнелген, Караев қашып барып, аталған қонақ үйдің ішіне кірмек болып қоршауға шыққанда, оның артынан Макс қуып жетіп аяғынан ұстап алған, бұл кезде Әлиев қуып жетіп және ол ары қарай бой тасалап өздерінен қашып құтылмау үшін жәбірлеушінің денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстық ойы пайда болған, өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру барысында, шалбарының қалтасында тұрған жүзінің ұзындығы шамамен 4-5 см, үшкір «бабочка» бәкісін алып Караевтың артынан сол жақ бүйірінен бір мәрте бәкіні сұғып алған, яғни денсаулықа қасақана ауыр зиян келтірген.

Басты сот талқылауы барысында сотталушы Әлиев өзіне тағылған айыпты толықтай мойындап, Макстің онда бәкінің бар екенін білмегенін айтқан.

1. Әлиевтің іс әрекетінде шектен шығушылық бар ма?
2. Макстің іс әрекетіне баға беріңіз.
3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушының шектен шығуы дегенімізді түсіндіріңіз?

ТОП ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ

№15 есеп

Нариманов пен Қадықов арнайы жарық беретін құралды, автокөлік құралын және зауыттық тәсілмен жасалған мылтықты пайдаланып 2018 жылдың қазан айының 12-күні сағат 23:30 шамасында Отырар ауданы, Бестораңғыл ауылының оңтүстік батыс жағында заңсыз аң аулап 2 (екі) бас қоянды атып алып, табиғатқа 24 050 теңге залал келтірген.

Сот отырысында Нариманов өзіне тағылған айыпты мойындап, өздері жалданып жылқы бағатынын, 12.10.2018 жылы Қадықовтың автокөлігімен жылқыларды қоруға шыққандарын, жол бойында арнайы жарық беретін құралды пайдаланып екі қоян атып алғандарын, сол кезде полиция қызметкерлеріне ұсталғандарын. Табиғатқа келтірілген залалды өз еріктерімен төлегендерін көрсетіп, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

Сотта Қадықов өзіне тағылған айыпты толық мойындап, өзі жалданып жылқы бағатынын, кейде жылқыларын ит-құс жеп кететінін, жылқыларын қору үшін атасынан қалған еш жерде тіркелмеген қаруды пайдаланатынын, 2.10.2018 жылы жиені Наримановпен өзінің көлігімен жылқы қоруға шыққандарын, жылқы қорып жүріп алдарынан кездескен екі қоянды атып алғандарын, сағат 22:30 шамасында полиция қызметкерлеріне ұсталғандарын,

табиғатқа келтірілген залалды өз еріктерімен төлегендерін көрсетіп, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

Олар заңсыз аң аулап 2 (екі) бас қоянды атып алып, табиғатқа 24 050 теңге залал келтірген. Сондықтан олардың әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 337-бабының 1-бөлімімен саралануға жатады деп сот табады.

Олардың осы топ болып жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін қандай жазаға тартылады деп ойлайсыз?

№16 есеп

Сотталушылар Әлиханов, Аманов және іс құжаттары жеке өндіріске бөлектенген Әнбаев, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, күш қолданып, бөтеннің мүлкін қорқытып алу ниеттерімен 2023 жылғы 28 сәуірде сағат 20.00 шамасында, алдын ала келісілген жоспарлары бойынша «Әділ» ұялы телефон арқылы «Вконтакте» интернет желісіне кіріп, өзінің жалған парақшасы арқылы жәбірленуші Жакбаевты тауып, жеке парақшасына тіркеліп, соңғыға танысу және кездесу мақсатында СМС хаттар жазып, көңілін аударып, қыз болып сөйлесіп, жыныстық қатынасқа түсуге келісіп, Әуезов ауданы, Ақсай-4 ықшам ауданы, №1 үй, 5 пәтерге шақырған.

Сөйтіп «Әділдің» сөздеріне сеніп Жакбаев көрсетілген мекен-жайға сағат 22.00 шамасында келгенде, оны «Әділдің» орнына Аманов пәтердің есігін ашып, күтіп алып, оған жуыну бөлмесіне кіріп шомылып алуды ұсынған.

Ештемеден күдіктенбеген Жакбаев жуыну бөлмесіне кіріп, жуынып, жуыну бөлмесінен киімсіз шыққан. Сол кезде келісілген қылмыстық рөлдеріне сай, Әлиханов оны өзінің ұялы телефонына бейне-жазбаға түсіре бастаған, ал «Әділ» артынан келіп, қолымен мойнынан қылқындырып ұстап, диванға отырғызған.

Содан соң Жакбаевқа ақша бермеген жағдайда оны масқаралайтын және мүддесіне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне елеулі зиян келтіретін бейнежазбаны интернет торабы арқылы тарату қатерін төндіріп, барлық сотталушылар бірігіп мәжбүрлі психологиялық ықпал ету ниетін білдіретін әрекеттер қолданып, жәбірленушінің денесіне соққы жасап, күш қолданып, қорқыту арқылы 500 000 теңге мүліктік талап қойған.

Жәбірленуші өзін масқаралайтын бейнежазбаны таратпау мақсатында сотталушылардың талабын орындап, өзінің ұялы телефоны арқылы несие рәсімдетіп №1 үйде орналасқан «Каспий банк» банкоматынан 500 000 теңге ақша қаражатын шешіп, соңғылардың қолына ұстатқан.

Сөйтіп, Әлиханов, Аманов және іс құжаттары жеке өндіріске бөлектенген Әнбаев тікелей қылмыстық құқық бұзушылығымен Жакбаевқа 500 000 теңге құрайтын мүліктік зиян келтірген.

1. Әнбаевтың іс құжаттары жеке өндіріске бөлектенуіне байланысты, Әлиханов пен Амановты адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма?

2. Егерде, оларды топ болып жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауаптылыққа тартқан болса, қандай жаза қолданады деп ойлайсыз?

ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС ПЕН АСА ҚАЖЕТТІЛІК

№17 есеп

Сот отырысында сотталушы Сандыбек кінәсін толығымен мойындап, 2018 жылы 05 мамыр айында түнгі сағат 22.00 шамасында ол Астана қаласы, Жирентаев көшесі, 117 үй мекен жайында орналасқан «Мадияр» дәмханасына демалуға барғанын, дәмханада басқа да демалушылардың болғанын, сол жерде дәмхананың күзетшісі Жаубекпен сөзге келіспей қалғанын, сол себептен оның бет тұсынан сол қолының жұдырығымен соққы жасағанын, жәбірленушінің күрес тәсілін қолданып өзін жерге құлатқанын, содан соң ол жәбірленушіден қорғану үшін, жәбірленушінің сол жақ сан тұсына және оң жақ жамбас тұсына пышақпен 3-4 рет соққы жасағанын, төбелес кезінде өзінің де аяқ тұсынан соққы алғанын, жолда кетіп бара жатқанда пышақты шұңқырға лақтырып жібергенін, іс- әрекетіне өкінетінін, жәбірленушіден кешірім сұрағанын, соңғымен медиациялық келісім жасасқанын көрсетіп, соттан қатаң жаза тағайындамауды сұраған.

Жәбірленуші Жаубек басты сот талқылауында жоғарыда аталған дәмханада сотталушымен сөзге келіспей қалғаннан соң, сотталушының өзіне пышақ секілді затпен бірнеше соққы жасағанын, нәтижесінде денсаулығына жеңіл дәрежелі жарақат алғанын, сосын жедел жәрдем көлігі келіп алып кеткенін, сотталушыға қояр моралдық және материалдық талап арызы жоқ екенін, онымен медиациялық келісім жасасқанын көрсетіп, сотталушыға қатаң жаза тағайындамауды сұраған.

1. Сандыбектің іс әрекетінде қажетті қорғаныс бар ма, сот қандай шешім қабылдады деп ойлайсыз?

2. Қажетті қорғаныс дегеніміз не?

№18 есеп

Қылмыстық қудалау органдарымен Байбердиев 12 қараша 2018 жылы кешкі сағат 18 шамасында Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман ықшамауданы, Проектируемая көшесі, 8/4 мекен-жайында орналасқан көлік тұрағынан Садықовқа тиесілі мемлекеттік нөмірі 827 ВВА 02 «Камаз 5511» маркалы автокөлігін ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленіп яғни айдап кетіп, Алматы қаласы, Шұғыла ықшамауданы, Тарғап көшесінің бойында жол апатына ұшыраған.

Нәтижесінде Байбердиев көлік иесі Садықовқа 150 000 теңгені құрайтын материалдық зиян келтірген деп айыпталған.

Басты сот талқылауының сот тергеуі кезеңінде жәбірленуші Садықов сотталушы Байбердиевпен татуласқанын айтып, өз еркімен қылмыстық істі қысқарту туралы өтінішхат білдірген. Келтірілген материалдық залалдың орны толтырылмағанын, бірақ толтыру туралы талаптан өз еркімен бас тартқанын айтқан.

Сотталушы Байбердиев кінәсін толық мойындап, шын жүректен өкінетіндігін және көлікті айдап кетуінің себебі ауыр халде жатқан әкесін көріп қалғысы келгенін айтқан. Сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды, жәбірленушінің талап-тілегін қанағаттандыруды сұраған.

1. Байбердиевтің іс әрекетінде аса қажеттілік бар ма?
2. Қандай жағдайда аса қажеттілік орын алуы мүмкін?
3. Сіз қандай шешім қабылдар едіңіз?

ЖАЗАНЫҢ ТҮСІНІГІ, МАҚСАТТАРЫ, ЖҮЙЕСІ МЕН ТҮРЛЕРІ

№19 есеп

08.06.2020 жылы сағат 17:30 шамасында Есетов 408 орам 18 үйдің 6 дәлізінде орналасқан орындығына отырып, қарама қарсы орындықта отырған, мойнында құна 500000 теңгелік алтын алқасы бар, Тинаны көреді.

Сол сәтте қолма қол ақшаға деген қажеттілікті сезініп, Есетовта пайдакүнемдік мақсатында біреудің мүлкін ашық түрде жымқыруға бағытталған қылмыстық пиғылы туады.

Өзінің қылмыстық пиғылын жүзеге асыру мақсатында ол Тинаның үйге кіргенін күтіп, соңғысы дәлізге кірген кезде, артынан аңдып, Тина сол дәліздің 2 қабатына көтерілген кезде Есетов қасақана өзінің физикалық үстемдігін пайдаланып Тинаның артынан келіп мойнындағы алтын алқаны жұлған кезде, Тина тартыстың қатты күшінен жерге құлап сол жақ қолымен және сол жақ аяғына дене жарақаттары түскен, сонымен қатар сол жақ бет аймағына сызаттар түскен.

Алтын алқаны ашық түрде жымқырған Есетов, қылмыс болған жерден қашып кеткен.

11.06.2020 жылы жасалған №104 сот-медициналық сараптаманың қорытындысына сәйкес Тинаның денесінде келесі дене жарақаттары анықталған: бетінің сол жағының, сол жақ қолы мен сол жақ аяғының сызаттары, сол жақ қолының қанталуы. Аталған дене жарақаттары үш аптадан (21 күннен) кем мерзімге бұзылу белгісі бойынша, денсаулығына келтірген зияны, ЖЕҢІЛ дәрежеге сәйкес келген.

Сотталушыны кешірмейтінін және оған қатаң жаза тағайындауды сұрайтынын көрсеткен.

Есетов, бұрын сотты болмаған, жетім бала, қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына өкініп, кінәсін толық мойындаған

1. Жаза нені білдіреді және оның мақсаттары қандай?
2. Есетовке жаза түрі мен мөлшерін тағайындау барысында, сот нені ескереді және қандай жаза қолданады деп ойлайсыз?

№20 есеп

Сотталушы Шерхан, 05.12.2022 жылы шамамен 19.00 сағатта Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылы Нұрмақов көшесі 25 үй 8 пәтерде тұратын жолдасы Кубековтың үйіне келген, осы үйде Кубековпен алкогольдік ішімдіктерін ішкен.

Содан оған Кубеков дүкеннен темекі алып келуді ұсынған. 05.12.2022 жылы шамамен 22.00 сағатта Қарақаралы ауданы Егіндібұлақ ауылы Ахметов көшесі бойында, өз автокөлігімен келе жатқанда, рульге ие бола алмай қарсы бағытта келе жатқан Райбектің басқаруындағы «Уаз» автокөлігіне соқтыққан.

Сотталушы Шерханның бұрын Қарқаралы аудандық сотының 21 мамыр 2022 жылғы қаулысымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабаның 1-бөлігімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылғаны анықталған.

Сотталушы Шерхан жәбірленуші Райбекке келген шығынды толық өтегенін, кешірім сұрап, жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

Шерханның, жасалған әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянның орнына қойылғанына байланысты, жәбірленуші оны кешіріп, бас бостандығынан айырмауды сұраған.

Мемлекеттік айыптаушы сотталушыға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау керек деген қортындыға келген.

1. Сот, қандай мән-жайларға баға бере келе, қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?
2. Жазаның қандай түрлері бар?

№21 есеп

Сотталушы Ә.Нұржанов жәбірленуші Майра Оралқызы Барқытованың пайдасына Жаңаөзен қалалық сотының 2019 жылғы 17 мамырдағы сот бұйрығының негізінде 2014 жылғы 5 желтоқсанда туған Айман Әлиқызы Алтайды, 2016 жылғы 4 маусымда туған Аман Әлиұлы Алтайды және 2018 жылғы 27 қыркүйекте туған Жазира Әлиқызы Алтайды күтіп-бағу үшін табысының және (немесе) өзге де кірісінің ½ бөлігі мөлшерінде алимент төлеуге міндетті бола тұра, алимент төлеу міндетін үш айдан астам

орындамаған, алимент бойынша берешекті өтеуге шаралар қолданбаған, 2022 жылғы 1 маусымға дейінгі алимент бойынша берешегі 1 450 082,50 теңгені құраған.

Басты сот талқылауында сотталушы Ә.Нұржанов тағылған айыпты мойындап, жұмыссыз болған себепті алиментті уақытылы төлей алмағанын, алимент бойынша берешекті мүмкіндігінше бөліп-бөліп төлейтінін айтып көрсетіп, қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жаза тағайындауды сұраған.

Сот отырысында жәбірленуші М.Барқытова сотталушы Ә.Нұржанов жұмыс жасаған кезде 2021 жылдың мамыр айына дейін алимент алғанын, 2021 жылдың мамыр, маусым, тамыз айларында алимент алмағанын, 2021 жылдың желтоқсан айында сотталушы 5 000 теңге ақша бергенін, содан кейін алимент төлемегенін, сотталушыға жаза тағайындау мәселесін соттың қарауына қалдыратынын айтып көрсеткен.

1. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып сотталушы Ә.Нұржановқа оның қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекетіне қарай, қандай әділ жаза қолданылуы мүмкін деп ойлайсыз?

2. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қандай негізгі жазалар қолданылуы мүмкін?

№22 есеп

23 қыркүйек 2020 жылы сағат 20.00 шамасында сотталушы Аменов Тараз қаласы, Достоевский көшесінің №3 үйдің жанында, яғни қоғамдық орында, марихуана есірткі затты шегу арқылы тұтынған.

Сол кезде сотталушыны полиция қызметкерлері ұстап, жеке басын анықтау барысында үстінен өткір иістің шығып тұрғанын сезгеннен кейін оны наркологиялық диспансерге жеткізген.

Медициналық куәландыру қорытындысының негізінде Аменов есірткі затты тұтынғаны анықталған.

Сотталушы Аменовтың қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті сотпен ҚК-нің 296 бабының 1 бөлігімен сараланған, өйткені ол қоғамдық орында есірткі затты медициналық емес тұтынған.

Аменов кінәсін толық мойындап шын ниетпен өкінген, қылмыстық жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Сотталушыға жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның жеке басы, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне ықпалы ескеріледі.

1. Аменовқа жазаның қандай түрі қолданылады деп ойлайсыз?

2. Айыппұл дегеніміз не?

№23 есеп

Бұрын сотты болмаған Селдиев, 2020 жылдың мамыр айында өзінің Талас ауданы, Қаратау қаласы, Теміржол көшесі №405-үйде орналасқан мекен-жайында, үйдің бақшасында өсіруге тиым салынған құрамында есірткі бар сора тектес өсімдігін өсіру мақсатында, оның тұқымдарын еккен.

Өсіп шыққан сора тектес өсімдіктерін жеке басына пайдалану мақсатында, оларды пісу сатысына жеткізу үшін, өскіндерді суарып, топырағын өңдеп, күтім жасаған.

20 тамыз 2020 жылы сағат 21:30 шамасында Талас ауданы полиция бөлімінің қызметкерлерімен сотталушы Селдиевтың тұрғылықты мекен-жайы бойынша Талас ауданы, Қаратау қаласы, Теміржол көшесі №405-үйде қарап-тексеру жүргізіліп, тінту нәтижесінде үйдің бақшасынан Селдиев егіп, күтім жасаған 6 дана түп, өткір иісі бар, сора тектес өсімдіктері алынған.

Сотталушы Селдиевтың іс-әрекеті ҚК-нің 300-бабының 1- бөлігімен сараланған, себебі ол өсіруге тыйым салынған сораның сұрыптарын егіп-өсірген.

1. Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін қандай мөлшерде белгіленеді?

2. Сотталушы Селдиевқа жаза тағайындау кезінде судья қандай мән-жайларды ескереді және қандай жаза тағайындайды деп ойлайсыз?

№24 есеп

15.12.2022ж. сағат 22:21 шамасында Ақтау қаласы 7 шағынауданы №12 үйге қарсы тас жол бойында тұрақты жұмысы жоқ сотталушы Әлекбаев орта дәрежедегі алкогольдік масаң күйде өзін дөрекі ұстап, полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, полиция қызметкері Әлибекті нарколологиялық орталық ішінде балағаттап, қызметтік міндеттерін атқару кезінде, оларды атқаруына байланысты қорлауға бағытталған әр түрлі балағат сөздерін айтып, қарсылық танытқан.

Сотталушы Әлекбаев басты сот талқылауында кінәсін толық мойындап, жасаған іс әрекетіне шын жүректен өкінетінін көрсетіп, сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде берген жауаптарын толығымен қуаттайтынын айтып, өзіне қатысты жеңіл жаза тағайындауын сұраған.

Сотталушы Әлекбаев өзінің қылмыстық теріс қылық іс-әрекетімен ҚР ҚК-нің 378-бабы 1-бөлігінде көрсетілген, яғни, билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде, оларды атқаруына байланысты қорлау қылмыстық теріс қылық жасаған.

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту дегеніміз не?

2. Әлекбаевқа жазаның қандай түрі қолданылады деп ойлайсыз?

№25 есеп

Сотталушы Сатыр, 01.02.2018 жылы сағат 19-30 шамасында, өзінің басқаруындағы Меңдібайға тиесілі «Opel Vestra» маркалы мемлекеттік белгісі «111 МММ 13» нөмірлі автокөлігімен Шымкент қаласы, Ынтымақ-2 мөлтек ауданының Орталық көшесімен Жаңақұрылыс көшесі бағытынан Түркістан тас жолы бағытына қарай кетіп бара жатып, осы көшеде орналасқан «Ерлан» дүкеніне жетпей көлік құралының жүргізушісі ретінде Қазақстан Республикасы «Жол жүрісі қағидаларының» 10 бөлімінің 1- тармағындағы көрсетілген: «Жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, мұндайда жүріс үдемелілігін, көлік құралы мен жүктің ерекшелігін және жай-күйін, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере отырып жүргізеді.

Жылдамдық жүргізушіге Қағидалардың талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына мүмкіндік беруін қамтамасыз етеді. Жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі және (немесе) қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе жол жүрісіне басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданады», - деген талаптарын бұзып, осы орталық көшені солдан оңға қарай жүріп бара жатқан Шымкент қаласы, Ынтымақ-2 м/а, Жаңақұрылыс көшесі, №92 үй тұрғыны 11.11.1979 ж.т. Бектемірді қағып, жол көлік оқиғасын жасаған.

Орын алған жол-көлік оқиғасының салдарынан, Бектемір дене жарақаттарымен ауруханаға түсіп, денсаулығына ОРТА дәрежелі зиян келтірілген.

Басты сот талқылауында сотталушы Сатыр кінәсін толық мойындап, 01.02.2018 жылы сағат 19-30 шамасында өзінің басқаруындағы «Opel Vestra» маркалы мемлекеттік белгісі «111 МММ 13» санды автокөлігімен Шымкент қаласы, Ынтымақ-2 мөлтек ауданының Орталық көшесімен Жаңақұрылыс көшесі бағытынан Түркістан тас жолы бағытына қарай 40-45 км/сағат жылдамдықпен кетіп бара жатқанын, көшеде жарық болмағанын, қарама-қарсы бағытта №88 санды жолаушылар тасымалдайтын «Форд» автокөлігі тоқтап, жолаушыларды түсіріп жатқан кезінде сол автокөліктің жарықтық шамы оның көзін шағылыстырып, сол көліктен түскен жолаушының жолды өтіп бара жатқанын көрмей байқаусызда қағып кеткенін, жәбірленуші капотқа құлап кейін жерге құлағанын, кейін жәбірленушіні ауруханаға апарғаны жөнінде айғақ беріп, қазіргі таңда қазіргі таңда жәбірленушіден кешірім сұрайтынын, келтірілген материалдық және моральдық залалды өтеуге жағдайы жоқ екенін айтып, соттан жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

1. Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін қанша сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді?

2. Сатырға жазаның қандай түрін қолдану керек деп ойлайсыз?

№26 есеп

Сот отырысында сотталушы Әлібеков өз кінәсін толық мойындап, 2019 жылғы 22 ақпанда, сағат 22.30-шамасында, өзіне өте қаражат қажет болып жолдасы Әснермен келісіп, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Бейбітшілік көшесінің бойында орналасқан «Куат компани» ЖШС-нің қоршаулы аумағында орналасқан қора ішінен, бір дана редукторын, бір дана доңғалақ дискіні, бір дана «сеелка» аппаратының егу құрылғысының тұқым сепкіш бөлігін, бір дана үш бұрышты темірін жасырын түрде ұрлағандары рас екенін, осы үшін кешірім сұрайтынын, істеген әрекетіне шын өкінетінін, жәбірленуші Аюповқа келтірілген залалды толық өтегенін, өзін қатаң жазаламауды сұраған.

Сот отырысында сотталушы Әснер сотталушы Әлібековтың жауабына тектес жауап беріп, жасаған қылмысы үшін кешірім сұрайтынын, істеген әрекетіне өкінетінін, жәбірленуші Аюповқа келтірілген залалды толық өтегенін, өзін қатаң жазаламауды сұраған.

Сотта жәбірленуші өкілі ретінде сұралған Аюпов, «Куат компани» ЖШС-нің орындаушы жетекшісі қызметін атқарып жүргенін, сотталушылар Әлібеков пен Әснер жалпы құны 62 500 теңге тұратын шаруашылық темірлерін ұрлап, сол сомаға материалдық залал келтіргендерін, олармен татуласпағандықтан заң талабына сай жаза тағайындауды сұраған.

1. Бас бостандығын шектеу неден тұрады?

2. Әлібеков пен Әснердің алдын ала келісіп қылмыстық құқық бұзушылық жасағандарына қарай, жазаның қандай түрін қолдану керек деп ойлайсыз?

№27 есеп

Сотталушылар Қабай, Әнбетов және Ебеков басқа адамдармен алдын ала сөз байласып, адамдар тобы болып, 12.11.2022ж. Ақтау қаласы 7 шағын аудан, №45/1 ғимаратында орналасқан «ВИП» ретро клубының (бұдан әрі - клуб) алдында жәбірленуші - клуб күзетшісі Саматпен арасында өзара келіспеушілік салдарынан туындаған жан-жалды себеп қылып, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеуі анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен, оны қолдану қатерін төндірумен, қоғамды анық құрметтемеуін көрсетіп, барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу мақсатында, сағат 02:28 шамасында сотталушы Әнбетов денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған шыны бөтелкені алып, клубтың кіре берісіне басып кіріп, жәбірленушілер Самат, Карбаевпен жаға ұстасып, Әнбетов өзімен бірге денсаулыққа зиян келтіру үшін алып келген арнайы лайықталған шыны бөтелкемен жәбірленуші Саматтың басынан бір рет соққы беріп, әрі қарай өзінің оң және сол қолдарының жұдырықтарымен денесінен бірнеше рет ұрып соққан.

Содан соң жәбірленуші Карбаевты өздерінің аяқ-қолдарымен денесінің әр-бір жерлерінен бірнеше рет ұрып-соғып, жерге құлатқан. Жәбірленуші

Карбаевқа дене жарақаттарын келтіру үшін шыны бөтелкесін оң қолымен жерден алып, бірнеше рет денесінен ұрып-соғып, қасына бірге келген таныстарымен бірге өздерінің бұзақылық қылмыстық іс-әрекеттерін жалғастыру мақсатында клуб сыртына шыққан.

Клуб алдында Қабай, Әнбетов және Ебеков басқа адамдармен алдын ала сөз байласып, адамдар тобы болып клубтың алдында жәбірленуші Саматтың клубқа кіріп бара жатқанын көріп, қылмыстық іс-әрекеттерін жалғастыру мақсатында оны ұстап алып, денесінен өзінің сол және оң қолдарының жұдырықтарымен бірнеше рет ұрып-соғып жерге құлатқан.

Сол кезде сотталушы Ебеков өзімен бірге дене жарақаттарын келтіру үшін арнайы лайықталған ағаш сабы бар басы бөлігі күректен жасалған ағашты алып келіп, адамға қасақана дене жарақатын салу мақсатында, жәбірленуші Саматтың басынан, денесінен бірнеше рет аяусыз, қатігездікпен ұрып-соғып құлатып, жерде жатқан Саматты сотталушы Әнбетов аяқтарымен бірнеше рет теуіп, жеңіл дене жарақаттарын келтірген.

Содан соң сотталушы Қабай өзінің қылмыстық іс-әрекетін жалғастыра отырып, клубтың алдында тұрған жәбірленуші Исабаевқа ешқандай себепсіз бұзақылық ниетпен барып, өзінің сол қолының алақанымен бетінен соққы берген, сол сәтте сотталушы Ебеков сыбайласының бұзақылық қылмыстық іс-әрекетін қолдап, оң қолының жұдырығымен жәбірленуші Исабаевтың оң жақ бетінен бір рет ұрып жерге құлатқан уақытта, сотталушы Қабай сотталушы Ебековтың қолында болған ағаш сабы бар басы бөлігі күректен жасалған ағашты алып, жерде жатқан жәбірленуші Саматты бірнеше рет басынан денесінен ұрып дене жарақаттарын келтірген.

Ал сотталушы Әнбетов басқа адамдармен бірігіп аяқтарымен жәбірленуші Исабаевтың басынан, денесінен бірнеше рет соққылар жасап, өздерінің бұзақылық әрекеттерімен жәбірленушілер Карбаев, Самат, Исабаевтың денсаулықтарына жеңіл дәрежедегі зиян келтірген.

Сот, сотталушылар Қабай, Әнбетов, Ебековтың қылмыстық іс-әрекеттерін ҚР ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен- бұзақылық, яғни адамдар тобының алдын-ала сөз байласу арқылы қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен, оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолданып жасалған бұзақылық – деген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған деп дәрежелейді.

1. Бас бостандығын шектеуді сотталған адам қайда өтейді.

2. Сот, сотталушылар Қабай, Әнбетов, Ебековқа қандай жаза қолдануы мүмкін деп ойлайсыз?

№28 есеп

Басты сот талқылауында сотталушы Нәсілов өзіне тағылған айып бойынша кінәсін толықтай мойындап, расында да «Көктал-2050» ЖШС-де мал бағушы болып жұмыс істегенін, келісім шарт бойынша айлық жалақысын алып

отырғанын, 23 тамыз 2019 жылы өзіне сеніп тапсырылған жұмыс берушісіне тиесілі әрқайсысы 30 000 теңгеге бағаланған 4 бас ешкі, құны 600 000 теңгеге бағаланған 1 бас жылқы малын, оның үстіндегі құны 25 000 теңгеге бағаланған ер-тұрман, 1500 теңгеге бағаланған бір дана ноқта, 14 000 теңгеге бағаланған 2 дана жүген, 14 000 теңгеге бағаланған үзеңгі, таралғы-тоқымымен иемденіп алып кеткенін, оларды сатып ақшасын өз қажеттілігіне жаратқанын айтты.

Қазіргі таңда жәбірленушіге келтірген залалдың 500 000 теңгесін қайтарып бергенін, жасаған қылмысы үшін қатты өкінетінін көрсетіп, жәбірленушіден кешіріп сұрап, жеңіл жаза тағайындауды өтінді.

1. Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі қандай жаза түрімен ауыстырылады?

2. Нәсіловке Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 189-бабының 2-бөлігінің 1) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін, қандай жаза қолданған дұрыс деп ойлайсыз?

№29 есеп

2008 жыл 08 наурыздағы №444 санды Жамбыл ауданы әкімінің қаулысы негізінде, ағайындылар Ильдар, Аман, Батыр Қайраңкөл ауылдық округі аумағында орналасқан 78 гектар жер учаскесін бірлесіп 33 жылға пайдалануға жалға алып, ағайындылар мал шаруашылығымен айналысумен келіскен.

Аталған жер учаскесінің құжаттары формальды түрде Батырдың атына тіркелгенімен, жерді алуға, құжаттауға байланысты жаратылған қаражат Ильдарға тиесілі болғандықтан, жердің құжаттары соңғының өзінде болған.

2011 жылы көктем айларында Ильдар жоғарыда көрсетілген 87 гектар жер учаскесінің ішінен 30 гектарын Батырдың жеке куәлігін пайдалана отырып, «Стандарт Цемент» ЖШС-не 120 000 АҚШ долларына сатқан және тағы 20 гектар жерді 10 000 000 теңгеге алдын-ала алып, сатпақшы болған.

Ильдар өзінің бауырлары Аман, Батырмен алғашқыда бірге мал шаруашылығымен айналысуға келісілген даулы ортақ жердің бір бөлігін 30 гектарды сатқанын, басқа бөлігін 20 гектарды сатамын деп алдын-ала алған ақша қаражаттың ішінен өздеріне тиесілі бөлігі берілмеді деп ренжісіп, Ильдар мен бас араздық, жыл бойына жалғасқан жер дауының салдарынан мүлктік жанжал пайда болған.

2021 жылы 30 мамырда сағат 06:30 шамасында Ильдар өзінің «Равон Р4» маркалы мемлекеттік белгісі 202 XXV17 санды автокөлігімен үйінен шығып, өзімен бірге құны 19 000 теңге тұратын әмиянында тұрған кассалық 3 000 000 теңгесін бірге алып, Жамбыл ауданы, Қайраңкөл ауылдық округі аумағында орналасқан даулы жерді босатуды талап етуге, шаруа қожалығы мәселесін ағайындылармен талқылауға келген.

Ильдар өз ағайындыларымен кездесіп болған соң, кассалық 3 000 000 теңгені Кентау қаласы «Айман» базарында сауда жасайтын жұбайы Сараға апарып бермекші болған.

Сол күні сағат 07:30 шамасында Ильдар Қайраңкөл ауылдық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығының жеріне келген кезде, ағасы Аманмен, інісі Батыр және Аманның баласы Болатпен жоғарыда көрсетілген жер дауы бойынша бас араздық салдарынан болған жанжал төбелеске айналған.

Атап айтқанда, Аман жәбірленуші Ильдардың бет-әлпетінен екі қолының жұдырығымен бірнеше рет ұрған сәтте Батырмен, Болат келіп, үшеуі жабылып, жәбірленуші Ильдарды жерге құлатып, ары қарай Аман Ильдардың көкірегіне отырып алып, оның тұруына мүмкіндік бермей, бет-әлпетінен екі қолының жұдырығымен бірнеше рет тағы да соққылар жасап ұрған.

Батыр мен Болат Ильдардың бет-әлпетінен аяғымен бернеше рет тепкілеген. Болат, жерден тергеу барысында анықталмаған тасты алып, сол таспен жерде жатқан Ильдардың бетінің сол жақ тұсынан екі рет, басының шүйде тұсынан екі рет соққы жасап ұрып Ильдардың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтірген.

Содан соң, Аман дауласып жатқан жердің сатылған үлесін алу үшін, жәбірленуші Ильдардың үстінен түспей, қол жұдырықтарымен соққылар жасап жатып, қорадан арқан алып келуді және қалталарын тексеруді айғайлап айтқан.

Болат қорадан тергеу барысында анықталмаған арқан жіпті алып келіп, жерде жатқан Ильдарды барлығы басынан аяғына дейін орап байлаған. Әрі қарай Аманның айтуымен, яғни алдын ала сөз байласумен, Батыр мен Болат арқанмен байлаудағы жәбірленуші Ильдардың спорттық шалбар қалталарын қарап, Болат құны 350 000 теңге тұратын «Айфон 11» ұялы телефоны мен автокөлігінің кілтін тауып алып, өзінше билік етіп алып қойып, Болат пен Батыр екеуі оқиға болған жерден шамамен 4-5 метр қашықтықта тұрған жәбірленушіге тиесілі ақ түсті «Равон Р4» маркалы мемлекеттік белгісі 101 ХХV17 санды автокөлігін ашып, автокөліктің салонын ақтарып, өзінше билік ету, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке қарамастан, Ильдар дауласып жатқан жердің сатылған үлесін алу үшін, өзінің болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асыру мақсатында автокөліктің салонында болған 19 000 теңге тұратын әмиянды және ішіндегі ақшалай 3 000 000 теңгені, автокөліктің панельдік қолғап бөлігінде тұрған 57 000 теңге ақшасын және көліктің бар құжаттарын (көлік құралының техникалық құжаты, сақтандыру полисі) жер сатқаны бойынша олармен бөліспеген ақшаның орнына алған.

Аман, Батыр және Болат байлаулы жатқан Ильдарды тастап, шамамен оқиға болған жерден 7-8 метр қашықтыққа барып тұрған кезде, Ильдар арқан жібін шешіп, оқиға болған жерден қашып кеткен.

1. Бас бостандығынан айыруды сотталған адам қайда өтейді?

2. Сотталушылар Аман, Батыр, Болат 2021 жылы 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңы негізінде жазаны өтеуден босатылуға жата ма?

№30 есеп

1-эпизод.

Ә.Жұмашұлы 2014 жылдың желтоқсан айының 18 күні Талдықорған қаласы, 10-ші шағын ауданы, №1 үй, №5 пәтерде Рая Сапаровна арқылы Габаевамен танысып, соңғының сеніміне кіріп, мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер кезегін жылжытып, пәтер алып беремін деп алдап, алаяқтық жолмен, бөтеннің мүлкін сеніміне қиянат жасау арқылы иемдену мақсатында, жоғарыда көрсетілген мекен-жайда Габаеваға тиесілі 13 000 АҚШ долларын иемденген.

Оған қоса, ол пайдақорлық ниетпен өзінің алаяқтық іс-әрекетін жалғастыру мақсатында Габаеваның сеніміне кіре отырып, дәл осы мақсатпен 2015 жылдың ақпан айының соңында тергеумен анықталмаған күні тағы 13 000 АҚШ долларын иемденген.

Бұнымен тоқтамай, ол өзінің қылмыстық ойын аяқтау мақсатында пәтер алып беремін деген жалған іс-әрекетімен Габаевадан қосымша тағы ақша алып алу мақсатымен 21 наурыз 2015 жылы 13 000 АҚШ долларын (21 наурыз 2015 жылы 1 АҚШ доллары – 185.05 теңгені құраған, яғни 2 405 650 теңгені құраған) алаяқтық жолмен иемденіп алып, Габаеваға жалпы 39 000 АҚШ долларына, яғни 7 173 400 теңгеге ірі мөлшерде материалдық залал келтірген.

2-эпизод.

Ә.Жұмашұлы, бұнымен тоқтамай, бірнеше рет қайталану белгісімен, өзінің іс-әрекетінің жалпы қауіпті екенін біле тұра, қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, 12 ақпан 2015 жылы Габаеваға пәтерлерін алып беремін деп уәде беріп, соңғының сеніміне кіруді жалғастырып, пәтер сатып алушы адамдарды іздеуді талап еткен.

Габаева өз кезегінде, Секеноваға шынайы түрде Ә.Жұмашұлы деген танысы арқылы мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер кезегін жылжытып, пәтер алып бере алатынын айтып, 13 000 АҚШ доллар ақшасын алып, Ә.Жұмашұлына апарып берген.

Соның салдарынан Секеноваға жалпы 13 000 АҚШ долларына (12 ақпан 2015 жылы 1 АҚШ доллары 185.05 теңгені құраған, яғни 2 405 650 теңгеге материалдық залал келтірген.

3-эпизод.

Ә.Жұмашұлы, бұнымен тоқтамай, бірнеше рет қайталану белгісімен, өзінің іс-әрекетінің жалпы қауіпті екенін біле тұра, қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында 15 наурыз 2015 жылы Габаеваға пәтерлерін алып беремін деп уәде беріп, соңғының сеніміне кіруді жалғастырып, пәтер сатып алушы адамдарды іздеуді талап еткен.

Габаева өз кезегінде, оған тәуелді болып қалғанын түсініп, соңғының айтқанын жасамаған жағдайында, өзінің оған пәтер үшін берген ақшасын немесе жоғарыда аталған пәтерлеріне қол жете алмай қалатындығын түсініп, Ә.Жұмашұлының заңсыз құрған ауызша схемасын жүзеге асыру мақсатында, Такироваға шынайы түрде, Ә.Жұмашұлы мемлекеттік бағдарлама бойынша

пәтер кезегін жылжытып, пәтер алып бере алатынын айтып, 13 000 АҚШ доллар ақшасын алып, Ә.Жұмашұлына апарып берген.

Соның салдарынан Такироваға (15 наурыз 2015 жылы 1 АҚШ доллары 185.35 теңгені құраған, яғни 2 409 550 теңгеге материалдық залал келтірген.

4-эпизод.

Ә.Жұмашұлы, бұнымен тоқтамай, бірнеше рет қайталану белгісімен, өзінің іс-әрекетінің жалпы қауіпті екенін біле тұра, қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, 2015 жылдың мамыр айының соңында тергеумен анықталмаған күні Габаеваға пәтерлерін алып беремін деп уәде беріп, соңғының сеніміне кіруді жалғастырып, пәтер сатып алушы адамдарды іздеуді талап еткен.

Габаева өз кезегінде, оған тәуелді болып қалғанын түсініп, соңғының айтқанын жасамаған жағдайында, өзінің оған пәтер үшін берген ақшасын немесе жоғарыда аталған пәтерлеріне қол жете алмай қалатындығын түсініп, Ә.Жұмашұлының заңсыз құрған ауызша схемасын жүзеге асыру мақсатында, Гараеваға шынайы түрде, Ә.Жұмашұлы деген танысы бар екенін және соңғының, мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер кезегін жылжытып, пәтер алып бере алатынын айтып, 2- бөлмелі және 1-бөлмелі пәтерлер үшін 22 000 АҚШ доллар ақшасын алып, Ә.Жұмашұлына апарып берген.

Соның салдарынан Гараеваға жалпы 22 000 АҚШ долларына 2015 жылы мамыр айында ең жоғарғы курс 1 АҚШ доллары 185.95 теңгені құраған, яғни 4 090 900 теңгеге материалдық залал келтірген.

5-эпизод.

Ә.Жұмашұлы, бұнымен тоқтамай, бірнеше рет қайталану белгісімен, өзінің іс-әрекетінің жалпы қауіпті екенін біле тұра, қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында 15 қазан 2015 жылы Габаеваның өзіне жаңа ауданнан 3-бөлмелі коммуналдық пәтер және жетім баласына 1- бөлмелі жалдамалы пәтер алып беремін деп алдап, аз уақыт аралығында, заңсыз табыс табу үшін, өзін жәбірленушілерге көрсетпей, заң алдында жауапсыз қалу мақсатында, Габаеваны қылмыс құралы немесе алдау тәсілі ретінде пайдалануды шешкен.

Сөйтіп, Габаева көз бояушылықта жүріп, Ә.Жұмашұлының заңсыз құрған ауызша схемасын жүзеге асыру мақсатында, З.Мағжанқызына шынайы түрде Ә.Жұмашұлы деген танысы бар екенін және Ә.Жұмашұлы оған мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер кезегін жылжытып, пәтер алып бере алатынын айтып, 14 000 АҚШ доллар ақшасын алып, Ә.Жұмашұлына апарып берген.

Соның салдарынан З.Мағжанқызына (15 қазан 2015 жылы 1 АҚШ доллар курсы теңгеге шаққан кезде - 275.99 теңгені құраған, яғни 3 863 860 теңгеге материалдық залал келтірген.

Жұмашұлы Әскерге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жаза тағайындалған.

1. Қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру қалай белгіленеді?

2. Жұмашұлы Әскерге қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін қандай жазаның түрін қолдану керек деп ойлайсыз?

№31 есеп

Сотталушы Ә.Садықов 2020 жылдың 27 желтоқсан күні өзінің басқаруындағы «Лада-2115» маркалы мемлекеттік белгісі А 102 ЕҮ 123 RUS автокөлігімен «Батыс Қытай-Батыс Европа» тас жолының Қызылорда қаласының айналмалы көпірінің жанында орналасқан әжетханаға тоқтап, сол жерден үш дана пакетке оралған заттарды көріп, ішінен есірткі заты екенін біліп, ол заттарды өткізу мақсатынсыз көлігінің жүк салғышына салып, тас жолдың бойындағы келесі аялдамаға тоқтап, бөгде адамдардың көріп қалмауын жасыру мақсатында тауып алған есірткі заттарын жеті дана пакетке бөліп салып, скоч орамымен орап, жүк сөмкелеріне салып, арасынан жолда шегіп, қолдану мақсатында автокөлік ішіндегі темір құтыға, пакетке, қыстық куртқасының оң жақ қалтасына салып алып Атырау бағытына қарай жолға шыққан.

Содан 28 желтоқсан күні сағат 14:12 шамасында Қармақшы ауданы «Батыс Қытай-Батыс Европа» тас жолының 101/102 бекеттерінің орта тұсында жылдамдықты асыра жүргізгені үшін жол патрульдік полиция қызметкерлерімен тоқтатылып, оларға күдік тудырғандықтан, автокөлікті тексеру мақсатында жедел тергеу тобы шақыртылған.

Нәтижесінде, автокөлікке қарап-тексеру жүргізілу барысында аса ірі мөлшерде кептірілген марихуана есірткі заттары табылып, өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтап, тасымалдағаны анықталған.

Сотта сотталушы Ә.Садықов айыпты толық мойындап, жасаған әрекетіне шын жүректен өкініп, іс бойынша дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берілетіндігіне дауласпайтынын және сот отырысында зерттеуді талап етпейтінін көрсеткен.

Сотталушы Ә.Садықовтың қылмыстық әрекеті ҚК-нің 296-бабының 4-бөлігімен сараланған, өйткені ол аса ірі мөлшердегі есірткі затын өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтап, тасымалдауды жасаған.

1. Өмір бойына бас бостандығынан айыру, қандай қылмыстар жасағаны үшін белгіленуі мүмкін?

2. Сот, сотталушы Ә.Садықовтың жеке басын, жоғарыда көрсетілген жауаптылығы мен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығымен тағы қандай жағдайларды ескере отырып жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№32 есеп

2020 жылғы 10 қаңтарда А.Әсетов пен Н.Рамазанов Семей қаласында кездесіп, Семей қаласы маңындағы ауылдардың тұрғындарының қораларында қой малдары қамауда болатынын алдын ала біле тұра, бөтеннің малдарын

жасырын ұрлап, оңай жолмен ақша табуды жоспарлап, алдын-ала сөз байласып топ құрған.

Өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, А.Әсетов пен Н.Рамазанов 2020 жылғы 10 қаңтарда Е.Болысбековтың басқаруындағы «Volkswagen Passat» маркалы, мемлекеттік нөмірі 666 МОР 16 автокөлікпен Семей қаласынан Гранитный ауылына қарай шығып, аталған ауылға 2020 жылғы 11 қаңтарда 00:30 сағат шамасында келген.

Өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, А.Әсетов пен Н.Рамазанов алдын-ала сөз байласқан топ болып, қасақана, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсаттарымен, Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Мраморный ауылы №132 үйдің қасына келген.

Осы жерде А.Әсетов пен Н.Рамазанов үйдің ауласында орналасқан қораның ішіне құлыпқа бекітілмеген есігі арқылы заңсыз еніп, ішінен З.Богдановқа тиесілі жалпы ақшалай құны 160 000 теңге тұратын 4 бас қойдың сирақтарын өздерімен алдын-ала дайындап алып келген жіптермен байлап, оларды жасырын жымқырып алып шыққан.

Бұдан соң, олар жасырын жымқырылған қойларды автокөлікке тиіп алып, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға бағытталған қылмыстық ойларын соңына дейін жеткізген.

Содан, 2020 жылғы 11 қаңтарда А.Әсетов пен Н.Рамазанов Семей қаласында кездесіп, Семей қаласы бөтеннің малдарын бірнеше рет жасырын ұрлап, оңай жолмен ақша табуды жоспарлап, алдын-ала сөз байласып топ құрған.

Өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, Е.Болысбеков пен Н.Рамазанов 2020 жылғы 11 қаңтарда Е.Болысбековтың басқаруындағы «Volkswagen Passat» автокөлікпен Семей қаласынан Чабан ауылына қарай шығып, аталған ауылға 2020 жылғы 11 қаңтарда 23:00 сағат шамасында келген.

Өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, Е.Болысбеков пен Н.Рамазанов Киров көшесі №122 үй №11 пәтердің қасына келген.

Осы жерде Е.Болысбеков пен Н.Рамазанов үйдің ауласында орналасқан қораның ішіне құлыпқа бекітілмеген есігі арқылы заңсыз еніп, ішінен Б.Барановқа тиесілі жалпы ақшалай құны 200 000 теңге тұратын 5 бас қойдың сирақтарын өздерімен алдын-ала дайындап алып келген жіптермен байлап, оларды жасырын жымқырып алып шыққан.

Бұдан соң, олар жасырын жымқырылған қойларды автокөлікке тиіп алып, бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын жымқыруға бағытталған қылмыстық ойларын соңына дейін жеткізген.

2020 жылғы 12 қаңтарда Е.Болысбековтың басқаруындағы «Volkswagen Passat» маркалы автокөлікпен Семей қаласынан Чабан ауылына қарай шығып, аталған ауылға 2020 жылғы 12 қаңтарда 03:00 сағат шамасында келген.

Өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында, Е.Болысбеков пен Н.Рамазанов алдын-ала сөз байласқан топ болып, қасақана, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсаттарымен, Семей қаласы Чабан ауылы Киров көшесі №62 үй №13 пәтердің қасына келген.

Осы жерде Е.Болысбеков пен Н.Рамазанов үйдің ауласында орналасқан қораның ішіне құлыпқа бекітілмеген есігі арқылы заңсыз еніп, ішінен Е.Кабаевқа тиесілі жалпы ақшалай құны 200 000 теңге тұратын 5 бас қойдың сирақтарын өздерімен алдын-ала дайындап алып келген жіптермен байлап, оларды жасырын жымқырып алып шыққан.

Бұдан соң, олар жасырын жымқырылған қойларды автокөлікке тиіп алып, бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын жымқыруға бағытталған қылмыстық ойларын соңына дейін жеткізген.

Осылайша А.Әсетов пен Н.Рамазанов ҚК-нің 188-1-бабының 3- бөлігінің 1, 2 тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық, мал ұрлау, яғни алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, мал қораға кірумен, бірнеше рет жасалған бөтеннің малын жасырын жымқыру іс-әрекеттерін жасаған.

Жалпы 9 жәбірленушінің ұсақ малын ұрлаған.

Сот талқылауында сотталушы А.Әсетов, өзіне тағылған айып бойынша кінәсін мойындайтынын 9 жәбірленушінің ұсақ малын «Volkswagen Passat» маркалы автокөлігімен ұрлағандарын.

Автокөлік досының атында тіркеуде екенін, бірақ өзі одан сатып алғанын. Ұрлық жасауға себеп болғаны оңай жолмен ақша табу және оқуын төлеу керек болғаны. Істеген іс-әрекетіне өкініш білдіретінін, кінәсін толықтай мойындайтынын, жәбірленушілерге келтірілген шығынды толық төлеп бергендерін, кешірім сұрайтынын айтып, бірінші рет қылмыс жасағанын ескеруді, бас бостандығынан айырмауды сұраған.

1. Өмір бойына бас бостандығынан айыру кімдерге тағайындалмайды?

2. Е.Болысбеков, А.Әсетов, Н.Рамазановқа қандай жазаның түрін қолдану әділетті деп ойлайсыз?

ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

№33 есеп

Басты сот талқылауында сотталушы А.Амандосов 2017 жылдың 15-мамыр күні сағат 22.30 шамасында Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз вахташылар қалашығындағы «Шаңырақ» қалашығындағы автотұрағында тұрған автокөлігіне керек заттарын алуға барғанын, көлігінің жанында жерден ақ түсті оралған қағаз тауып алғанын, ішін ашып қараған кезде жасыл түсті шөп болғанын, оны есірткі заты деп ойлап қызығып адамдарға көрсетпек болғанын, содан өзі қағазды қайта орап үстіндегі көк түсті шортыйының сол жақ қалтасына салып алғанын, сол жерде жүрген кезінде полиция қызметкерлері тоқтатып, өзінен жеке басын куәландыратын құжаттарын сұрағанын, өзі құжаттарының жоқ екенін айтқанын, сол кезде олар өзінен күдіктеніп, өзіне екі айғақтың қатысуымен жеке басына тінту жүргізгенін, сол жерде үстіне киген көк түсті шортыйының сол жақ қалтасына салып қойған ақ түсті қағазға

оралған жасыл түсті өзіне тән иісі бар шөп затын хаттама жасақтап алғанын, бұндай әрекетті алдағы уақытта қайталамайтынын, жасаған әрекетіне кешірім сұрайтынын, өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұрайтынын, өзінің айыппұл төлуге мүмкіндігі барын көрсетіп, айғақ берген.

Одан алынған есірткі затының салмағы 0,5379 грамм «кептірілген марихуана» іс бойынша заттай дәлелдеме ретінде танылған.

Сот, сотталушы А.Амандосовқа жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде өз айыбын толық мойындайтынын, жасаған әрекетіне өкініш білдіретінін, бұрын сотты болмағанын, кәмелетке толмаған баласының барын, отбасын жалғыз асыраушысы екенін ескереді, ал оның жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар жоқ деп табады.

1. Сот, сотталушыға жаза тағайындағанда, қандай мән жайларды ескере отырып жаз тағайындайды?

2. Сот, сотталушы А.Амандосовқа қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№34 есеп

Сотталушы Б. Саянов сарайға заңсыз кіріп, бөтеннің мүлкін төмендегі мән-жайда жасырын жымқырған.

2020 жылғы 29 қазан сағат 19:00 шамасында, Нартай ауылы, Достық көшесінде орналасқан «М и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі-«М и К» ЖШС) ауласында орналасқан сарайдың сыртқы есігінің құлпын сындырып, ішіне кіріп өзімен бірге алып келген кілтпен араны пайдаланып су айдайтын насосы жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалап, жәбірленуші С.Сапаровқа 80000 теңге мүліктік зиян келтірген.

Сотталушы Б. Саянов процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдіріп, келтірілген айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған.

Осыған орай, Сырдария ауданының прокуроры мен сотталушының арасында 2020 жылы 4 желтоқсанда процестік келісім жасалған, сотталушы 2 жылға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындауға, осы мерзімге пробациялық бақылау белгілеуге, жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тарту жазасын белгілеуге келіскен.

Сондықтан, сотталушыға кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге сәйкес жаза тағайындауға жатады.

ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі 3) тармағында көзделген қылмыстық әрекет осы Кодекстің 11-бабы 4-бөлігіне сай ауыр қылмыстар қатарына жатады.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, қандай жаза тағайындалады?

2. Жаза тағайындаудың жалпы негіздеріне не жатады, сот, сотталушы Б. Саяновқа қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№35 есеп

Н.Наливаев 2023 жылғы 18 маусымда түнгі уақытта Шымкент қаласы, Клара Цеткин көшесінің бойында орналасқан жәбірленуші Хасановқа тиесілі «А и К» азық түлік дүкеніне заңсыз кіріп, жәбірленуші Хасановқа тиесілі құны 600 000 теңге қаражат, жалпы құны 250 000 теңге болатын темекі бұйымдарын, 1 дана құны 25 000 теңге тұратын бейнежазба блогымен оның жанында тұрған «Kaspi bank» АҚ-на тиесілі терминалын болгарка арқылы бұзып, ішінде болған ірі мөлшердегі 2 596 000 теңге қаражатты жасырын түрде жымқырып, оқиға орнынан бой тасалаған.

Нәтижесінде сотталушы Н.Наливаев жәбірленуші Хасановқа жалпы құны 875 000 теңге және «Kaspi bank» АҚ-на 2 596 000 теңгеге материалды шығын келтірген.

Басты сот талқылауында сотталушы Н.Наливаев өзіне тағылған айыпты толық мойындайтынын көрсетіп, жәбірленуші Хасановқа және «Kaspi Bank» АҚ-мен татуласқанын, келтірген материалдық залалды толық қайтарғанын айтып, соттан өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

1. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса, қандай жаза түрі тағайындалады?

2. Сот, сотталушы Н.Наливаевқа қандай негіздерге сүйеніп жаза тағайындады деп ойлайсыз?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН МӘН-ЖАЙЛАР

№36 есеп

Сотталушы С.Абаев келесі жағдайларда жеке адамға қарсы ауыр санаттағы қылмыс жасаған.

Атап айтқанда, С.Абаев 25.09.2018 жылы сағат 23.00 шамасында Қожабек ауылында өзінің басқаруындағы, «Honda CRV» маркалы авто көлігімен Сүйінбай көшесінің бойында орналасқан «Тамаша» шағын маркетінің жанына келіп тоқтаған.

Осы кезде «Тамаша» шағын маркетінің алдында жәбірленуші Д.Жаманбаев өзінің жолдастарымен бірге сыра ішіп тұрған. Осы жігіттерді көрген С.Абаев оларға келіп амандасқан. Амандасу барысында С.Абаев пен Д.Жаманбаев бұрын араларында орын алған бас арыздықтың салдарынан сол жерде сөзге келіспей, қайта ерегісіп қалған.

Осы кезде, сотталушы С.Абаев бұрын болған бас араздықты есіне алып, өзінің автокөлігінен тергеп-тексеру барысында анықталмаған бәкі пышағын қолына алып, Д.Жаманбаевтың денсаулығына қасақана дене жарақатын салу мақсатында, оның жанына келіп, киімінен ұстап өзіне қарай тартқылап, іш қуысынан бір рет пышақ сұғып алып, оған дене жарақатын салған.

31.10.2018 жылғы №3101 санды сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, жәбірленуші Жаманбаевқа салынған дене жарақаты өмірге қауіптілігі бойынша ауыр дене жарақаты болып сараланады.

Сөйтіп, сотталушы С.Абаев жәбірленуші Д.Жаманбаевтың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіріп, ҚР Қылмыстық кодексінің 106 бабының 1 бөлігінде көрсетілген қылмысты жасаған.

Сотталушы С.Абаев жасаған іс-әрекетіне шын өкініп, жәбірленушіге келтірілген шығынды толық өтеп, одан кешірім алған.

1. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп нелер танылады?

2. Сот, сотталушыға қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№37 есеп

Сотталушы Ж.Санақов масаң күйде 04 мамыр 2021 жылы сағат 01.39 шамасында Жаңаөзен қаласы «Мұнайлы» шағын ауданы №125 көше №22 үйінде полиция аға лейтенанты Б.Нановтың және полиция лейтенанты Д.Алиевтың заңды талаптарына бағынбай, қарсылық көрсетіп боқтап балағаттап ар-намысына тиетін балағат сөздер айтып, қорлаған.

Басты сот талқылауында сотталушы Ж.Санақов кінәсін толық мойындап, полиция қызметкерлеріне балағат сөздер айтқанын, іс әрекетіне өкінетінін, кешірім сұрайтынын, жұмыс орны бар екенін айтып айғақ берген.

Жәбірленушілер Б.Нанов және Д.Алиев өздерінің арызында алдын ала тергеу барысында берген жауаптарын қуаттайтындарын, сотталушымен татуласпағандарын, кешірім бермейтіндерін айтып, заң талабына сай жаза тағайындауды және сот отырысын өздерінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот, сотталушы мен жәбірленушінің жауаптарын тыңдап, оларды сот тергеуінде зерттелген өзге де, яғни дәлелді заттарды тану, оқиға болған жерде қарау жүргізу хаттамасымен, беттестіру хаттамасымен және де басқа дәлелдермен салыстырып, жиналған дәлелдемелерге олардың жиынтығында істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, сотталушының үкімнің сипаттама бөлігінде айтылған қылмыс бойынша кінәсі жан-жақты, толық және объективті түрде дәлелденген деген қорытындыға келеді.

Басты сот талқылауында зерттелген дәлелдемелерге баға бергенде, сот Ж.Санақовтың әрекетін ҚК-нің 378-бабының 1-бөлігімен саралайды, себебі ол жәбірленушілер Б.Нанов және Д.Алиев өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде оларды атқаруына байланысты қорлау деген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған.

Соттың пікірінше, бұл дәрежеліеу басты сот талқылауында өзінің дәлелін тапты және бұл дәрежеліеу талас тудырмайды.

1. Сот, Ж.Санақовқа жаза тағайындағанда қандай мән-жайларды ескереді деп ойлайсыз?

2.Сіз, Ж.Санақовқа қандай жаза тағайындар едіңіз?

№38 есеп

20.09.2020 жылы сағат 01 шамасында Х.Райбек, Ж.Еметов бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында алдын ала сөз байласып, адамдар тобын құрып, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қожаев және С.Исаев көшелерінің қиылысында ешкімнің жоқ екендігін пайдаланып, «Фирма ЭЭУ» ЖШС-не тиесілі 26 500 теңге тұратын темір құбыр қақпасын (люк) жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалаған.

Сонымен қатар, 23.09.2020 сағат 01 шамасында Еметов және Райбек, бірнеше рет, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында, алдын-ала сөз байласып, адамдар тобын құрып, Алматы қаласы Әуезов ауданы, Таугүл-3 ықшам ауданы, Н.Дайкенов және С.Исаев көшелерінің қиылысында ешкімнің жоқ екендігін пайдаланып, «Алматы су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның тиесілі әрқасысы 26 494 теңге тұратын 2 дана темір құбыр қақпасын (люк) жасырын жымқырып, оқиға болған жерден бой тасалаған, жәбірленушіне 52 988 теңге материалдық шығын келтірген.

Сонымен қатар, 26.09.2020 жылы сағат 02 шамасында Райбек пен Еметов бірнеше рет, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мақсатында, алдын ала сөз байласып, адамдар тобын құрып, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл ықшам ауданы, Н.Шайкенов көшесі, бұрын жалға тұрған 59-үйге келіп, өздеріндегі ауланың қақпасының кілтін пайдаланып, үйдің иелерінің ұйықтап жатқандығын пайдаланып, үйдің артқы жағында тұрған тапшанның астында жатқан Жяроваға тиесілі жалпы бағасы 80 000 теңге тұратын 4 дана «Hankook», 205/65R15 өлшемді, бағасы 50 000 теңге 1 дана қосалқы дөңгелек запаска, таблетка) Bridgestone, 155/70R17» өлшемді автокөлік дөңгелектерін жасырын жымқырып, барлығы Жяроваға 130 000 теңге материалдық шығын келтіріп, оқиға орнынан бой тасалаған.

Сотта сотталушылар өздеріне тағылған айыпты толық мойындап, істеген істеріне өкінетіндерін, бас бостандығынан айырмауды сұрайтынын көрсеткен.

1. Жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы, жеңілдететін мән жайға жата ма?

2. Х.Райбек пен Ж.Еметовқа қандай жаза қолданар едіңіз?

АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫС ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

№39 есеп

Сотталушылар Айбеков, Ерболат, Раисов, Мигулов және Қараев барлығы 25 қаңтар 2022-жылы 17:30 сағат шамасында жолығып, Айбековтың иелігіндегі мемлекеттік белгісі 888 MCF 11 санды «УАЗ 37411» маркалы автокөлігімен барлығы бірге Аманкелді ауылында жүрген.

Содан соң, барлығы өзара әңгімелесу барысында қылмыстық жолмен ақша табуды, қоймаға заңсыз кіру арқылы бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру қылмыстық жоспар құрып, Тасбөгет кенті, ПМК-29 саяжайына қарай келген.

Осыдан кейін, сағат 18:30 шамасында ПМК-29 саяжайында ұрлық қылмысын жасауға ыңғайлы, тұрғын үйлерді қарап жүріп, жәбірленуші Гавриловке тиесілі реттік саны жоқ үй жанына барып, өздерінің алдын ала жоспарлаған қылмыстарын ақырына дейін жеткізу мақсатында «УАЗ-37411» маркалы автокөлігін үйдің маңайына қойып, соңғылар аталған мекен-жай ауласында ешкімнің жоқ екеніне толықтай көз жеткізіп, Ерболат пен Айбеков екеуі бірге үйдің ауласына кіретін темір торлы қақпасын бекітіліп тұрған орнынан күштеп босатып жатқан кезде, бірге барған сыбайласы Қараев үй ауласына жақын орналасқан құнды темір материалдарын іздеп жүрген сәтте, қалған сыбайластары Раисов пен Мигулов үй ауласының қоршауы арқылы секіріп кіріп, аулада орналасқан сәкі жанында тұрған құны 100 000 теңге тұратын 1 дана темір пешті және әрқайсысының құны 5000 теңге тұратын 3 дана темір құбырларды алып үй ауласынан шығарып жатқан уақытта көше бойынан белгісіз адамның жарық шамын түсіргенін, көріп қылмыстарының әшкере болатынын біліп, ұрлап жатқан темір заттарын сол жерге тастап, қылмысқа тікелей бағытталған іс-әрекетін өздеріне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізе алмай, барлығы бірге оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

1. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындауда қандай мән-жайлар ескеріледі?

2. Сотталушылар Айбеков, Ерболат, Раисов, Мигулов және Қараевқа Қазақстан Республикасының ҚК-нің 24-бабы 3-бөлігі, ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің 3)-тармағында көзделген қылмысты жасағаны үшін қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№40 есеп

Ж.Алтынбеков Мыңарал ауылында орналасқан «Жамбыл цемент» зауытында келісім шарт арқылы жұмыс жасайтын «САС Қазақстан» ЖШС-нің жұмысшысы атқарып жүріп, осы мекемеге тиесілі мүлікті өзінің пайдасы үшін жымқырып, басқа жерге сатып олжалы болу қылмыстық құқықбұзушылық ойы туындаған.

02.07.2018 жылы кешкі мезгілде «Жамбыл цемент» ЖШС-нің зауытында орналасқан ет өнімдері тұратын тоңазытқыш ішінен азық- түлік заттарын зауыт асқанасына тасып жүріп, қораптарға салынған ет өнімдерін жасырын жымқырып алып шығып, Мыңарал ауылындағы дүкендердің біріне сатпақшы болған.

Осы күні Ж.Алтынбеков кешкі сағат 23.00 кезінде асхана ғимаратының жанында орналасқан тоңазытқышты өзіне тапсырылған кілтпен жұмыстан тыс уақытта ашып кіріп, ішінде тұрған «Жамбыл цемент» ЖШС-і зауытына тиесілі 4-дана қорапқа салынған сиыр етін, 3-дана қорапқа салынған тауық етін жасырын алып шығып, «Жамбыл цемент» ЖШС-і зауытының нысаны қоршауының қоқыстар жатқан жағына қол арбамен тасымалдап, зауыт дуалынан асырып, сыртқа шығарған.

Содан Ж.Алтынбеков ұрлаған ет өнімдерін дуал сыртына шығарып қойып, алып кетуге оқталып, өзіне өзге тұлғалардан кедергілердің болмайтын кезді күтіп, ұрлап алып шыққан заттарды дайындап қойған жерінен нысан аумағындағы күзетшілер Ж.Алтынбековтың заңсыз іс әрекетін байқап қалып, оның қылмыстық пиғылын ақырына дейін жеткізуіне жол бермей ұстап алған.

Сотталушы Ж.Алтынбеков өзінің қылмыстық іс-әрекеттерімен жәбірленуші «САС Қазақстан» ЖШС-не 120 534 (бір жүз жиырма мың бес жүз отыз төрт) теңге мүліктік залал келтірген.

Сонымен, Ж.Алтынбеков ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға оқталып, ҚР ҚК-нің 24 бабы 3-бөлігі, ҚР ҚК-нің 188 бабы 1-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Іс бойынша Ж.Алтынбековтың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға оның бұрын сотты болмағанын, тұрғылықты мекен-жайы барын, істеген қылмысына шын өкінетіндігін, жағымды мінездемесін, келтірілген материалдық залалдың орнын толтырғанын жатқызады.

Сотталушының жауаптылығын ауырлататын Қазақстан Республикасы ҚК-тің 54 бабында көрсетілген мән-жайларды сот жоқ деп табады.

1. Егер, Ж.Алтынбеков қылмыстық ойын аяғына дейін жеткізген болса оның жауаптылығы қандай болар еді?

2. Жоғарыдағыларды ескере отырып сот Ж.Алтынбековке қандай жаза қолдануы мүмкін?

СЫБАЙЛАС ҚАТЫСЫП ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

№41 есеп

05 қараша 2017 жылы ақшаға мұқтаж сотталушы Сабан, бұрын Балқаш мыс қорыту зауытының (БМКЗ) аумағында кара жұмысшы болып жұмыс

істеген уақытта «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-ге тиесілі мысты электролиздеу цехында (МЭЦ) анодтық бүрмелерді көргені есіне түседі.

Осы уақытта сотталушы Сабанда ақша табу үшін, темір-терсек қабылдайтын орынға мысты өткізу мақсатымен, өндірістік аумаққа заңсыз кірумен, топ болып алдын ала қылмыстық сөз байласып, аталған анодтық бүрмелерді жасырын ұрлауға бағытталған қылмыстық пиғыл туындаған.

Өзінің қылмыстық пиғылын іске асыру мақсатында, сотталушы Сабан өзінің таныстары сотталушы Ерембек пен Гаринге, БМҚЗ МЭЦ аумағынан анодтық бүрмелерді ұрлауға көмектесуге және келесіде оларды темір-терсек қабылдау пунктіне өткізіп, табыс табуды ұсынады. Аталған ұсынысқа сотталушылар Ерембек пен Гарин келіседі.

Содан соң сотталушы Сабан оларға БМҚЗ-ның аумағына білдірмей өтіп кетіп және жалпы жұмысшылар арасынан көзге түспеу үшін өздерімен бірге жұмыс киімін алуды тапсырады, ал сотталушылар Ерембек пен Гарин айтқанын орындайды.

БМҚЗ-ның аумағына кіріп және ол жерден ұрланған затты алып шығу үшін сотталушы Сабан, БМҚЗ-ның аумағына 3 -адамды кедергісіз өткізіп, шығару үшін 30 000 теңге сомаға қызығушылық танытқан, «Мыс Орда» ЖШС-нің №1 қарауыл бастығының көмекшісі Рудановпен қылмыстық сөз байласады, ол ұсынысқа сотталушы Руданов келіседі.

Өз кезегінде, сотталушы Руданов көрсетілген қылмыстан өз пайдасын табу мақсатында, «Мыс Орда» ЖШС-ның күзетшісі сотталушы Боқоваға БМҚЗ-ның МЭЦ-ның аумағынан ұрлық жасайтын үш адамды өткізіп жібергені үшін ақша ретінде материалдық пайда табуды ұсынған, оған сотталушы Боқова келіскен.

Содан, 05.11.2017 ж. сағат 11.20 шамасында сотталушылар Сабан, Ерембек және Гарин, өз қылмыстық пиғылдарын іске асыру мақсатында, БМҚЗ -ның №1 жұмысшылар өтетін бекеті арқылы БМҚЗ-ның 3 аумағындағы МЭЦ-нің өндіріс үй-жайына сотталушылар Рудановпен Боқованың тексеруінсіз заңсыз кіріп, ол жерде аталған сотталушылар мыс анодтық бүрмелерді жасырын жинап, оларды жұмыс киімдерінің ішіне жасырған.

Алайда олардың қылмыстық әрекеттері соңына дейін жетпеген, себебі сотталушы Сабан МЭЦ-нің күзететін «Қорғау Қызметі» ЖШС-ның күзетшілерімен ұсталған.

Бұны көрген сотталушылар Ерембек пен Гарин ұрланған анодтық бүрмелерді лақтырып жіберіп, келген жолдарымен БМҚЗ-ның аумағынан қайта шығып кеткен.

Ал, сотталушы Боқова өз жұмыс орны № 1 бекетте орналасқан Күзет қызметінің қызметкерлерінің жұмысын тексеріп отыратын бейне таспаға өзінің қылмысқа қатысты екенін байқатпау үшін көз бояушылық жасап, бекеттен өткен өзінің қылмыс тобының мүшелерін тексерген болып, сотталушылар Ерембек пен Гаринді, металл іздегіш құралмен үстіртін тексеріп, көзбояушылық жасап жәрдемдесіп, оларды бекеттен заңсыз өткізіп жіберіп қылмыстарын жасырған.

Сотталушы Сабан қылмыс барысында ұстаған кезде одан, жалпы құны 38 833 теңге 17 тиын тұратын «Kazakmys Smelting» ЖШС-не тиесілі, жалпы салмағы 35 кг құрайтын, 8 анодтық мыс бүрмесі анықталып, алынған.

Сонымен, сотталушылар Сабан, Ерембек және Гарин қылмысқа оқталу әрекетін - адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен өндірістік аумаққа заңсыз кіріп, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға оқталған, яғни ҚР ҚК-нің 24 бабының 3 бөлігімен, 188 баптың 2 бөлігінің 1 және 3 тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Сотталушылар Руданов пен Боқова ұрлыққа оқталу әрекетін - адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен өндірістік аумаққа заңсыз кіргізіп, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға оқталғандарға жәрдемдескен, яғни ҚР ҚК-нің 24 бабының 3 бөлігімен, 28 бабының 5 бөлігінде, 188 баптың 2 бөлігінің 1 және 3 тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

1. Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау кезінде нелер ескеріледі?

2. Сотталушылар Сабан, Ерембек, Гарин, Руданов пен Боқоваға қандай жаза тағайындайды деп ойлайсыз, олардың жазалары әр түрлі болуы мүмкін бе?

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

№42 есеп

2 қаңтар 2022 жылы Қазақстан Республикасында сұйытылған табиғи газдың кенеттен қымбаттауына байланысты Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының тұрғындары газдың бағасын төмендетуді талап етіп, олардың тарапынан наразылық шаралары басталған.

Алғашқыда Жаңаөзен қаласында бастау алған бейбіт шеруді Қазақстан Республикасының бірқатар қалаларының тұрғындары қолдап, көшелерге шығып, экономикалық талаптармен қоса саяси өзгерістерді талап ете бастаған.

Бұл наразылық шаралары 4 қаңтар 2022 жылы Жамбыл облысының Тараз қаласында жалғасын тауып, бір топ адамдар Төле би даңғылында орналасқан «Н.Назарбаев» орталық алаңына, кейіннен Абай даңғылында орналасқан Жамбыл облысы әкімдігі ғимаратының алдына жиналып, жергілікті атқарушы билік өкілдеріне өздерін мазалаған әлеуметтік мәселелерді көтерген.

Өз кезегінде жергілікті атқарушы билік өкілдері халықты тыныштық сақтауға, қоғамдық тәртіпті бұзбауға және заңға қайшы әрекеттерге бармауға шақырып, олардың наразылықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

2022 жылғы 5 қаңтарға қараған түні бейбіт түрде басталған наразылық шаралары тергеумен анықталмаған тұлғалардың арандатуының нәтижесінде халықтың билік өкілдеріне қарсы күш қолданумен, Жамбыл облысы әкімдігі

ғимаратын және полицияның қызметтік автокөліктерін қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүліктерді жоюмен ұласқан жаппай тәртіпсіздікке әкеп соққан.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №735 Жарлығымен азаматтардың маңызды және тікелей қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында 5 қаңтар 2022 жылы сағат 20:30-бен 19 қаңтар 2022 жылы сағат 00:00 аралығында Жамбыл облысының аумағында төтенше жағдай енгізіліп, сағат 23:00-ден сағат 07:00-ге дейін коменданттық сағат енгізілген.

Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлық бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ азаматтардың ұялы телефондарына хабарлама жөнелту арқылы жарияланған.

Алайда, сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков, Қ.Базаров және Ә.Жолбек төтенше жағдай енгізілгеніне қарамастан, шектеулерді елемей, 5 қаңтар 2022 жылы сағат 19:00 шамасында өздерінің тұрғылықты мекенжайларынан шығып Тараз қаласы, Қ.Сатпаев көшесі, №15 «а» үйде орналасқан «Doners Mix Burger» жылдам дайындалатын тағамдар орталығының алдында кездескен.

Осыдан кейін сотталушы И.Жарымжанов өзіне тиесілі «Volkswagen Golf 3» маркалы автокөлігінің мемлекеттік тіркеу номерін шешіп тастап, сотталушы С.Тасбеков екеуі аталған автокөлікпен Тараз қаласы, Абай мен Сүлейменов көшелерінің қиылысына барып, автокөлікті сол жерге қалдырып, өздері жаяу Жамбыл облысы әкімдігінің алдына барған.

Сол уақытта олар митингке шыққан адамдар тобымен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында қақтығыс болып жатқанын көріп, «Doners Mix Burger» жылдам дайындалатын тағамдар орталығының алдына қайтып келіп, орталықта болып жатқан жаппай тәртіпсіздіктер туралы сотталушылар Қ.Базаров пен Ә.Жолбекке айтқан.

Сөйтіп төртеуі сағат 20.00 шамасында сотталушы И.Жарымжановтың басқаруындағы «Volkswagen Golf 3» маркалы автокөлігімен қала аумағында болып жатқан жаппай тәртіпсіздікті сырттай бақылап жүрген.

Сөйтіп 6 қаңтар 2022 жылы сағат 03:40 шамасында Төле би даңғылы мен Желтоқсан көшесінің қиылысында орналасқан «Pixel» кинотеатрдың алдына келіп тұрған, сол кезде олардың жанына атыс қаруларын асынған сотқа берілмеген тұлға келіп, өзін орталық мешітке дейін жеткізуін сұранған. Сотталушы И.Жарымжанов оның өтінішіне өз келісімін берген соң, оның басқаруындағы автокөлікпен сотқа берілмеген тұлғаны төртеуі орталық мешіттің маңына апарып тастаған, сол кезде сотқа берілмеген тұлға өзімен алып жүрген атыс қаруларын Жамбыл облысы полиция Департаментінің (бұдан әрі - ПД) қару-жарақ сақтау қоймасынан алғанын және қойманың есігі ашық екенін, адамдар сол жерден атыс қаруларын жымқырып жатқаны туралы айтқан.

Бұдан кейін олар атыс қарулары мен оқ-дәрілерді жымқыруға бағытталған қылмыстық ойлары туындап, адамдар тобының алдын-ала сөз

байласуымен, тез арада қайтадан «Pixel» кинотеатрдың алдына барып, автокөлекті сол жерге қалдырып, барлығы ПД-нің алдына жаяу барған.

Содан сағат 04.00 шамасында сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков, Қ.Базаров және Ә. Жолбек төртеуі өздерінің атыс қарулары мен оқ-дәрілерді жымқыруға бағытталған қылмыстық пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында, орын алып жатқан жаппай тәртіпсіздікті пайдаланып, барлығы бірге ПД-нің ғимаратының ішіне заңсыз кіріп, жертөлеге түсіп, сотқа берілмеген тұлғалардың қару-жарақ сақтау қоймасының қабырғасын бұзу арқылы тесілген тесік арқылы, ішінен атыс қаруларын таратып жатқанын көріп, барлығы сол жерден атыс қаруларын жымқыруға кіріскен, атап айтқанда, сотталушы И.Жарымжанов «Маке» ЖШС-не тиесілі 1 дана «САЙГА-М3» моделді, 7,62 мм калибрлі, белгісі №Н132059, ойық ұңғылы атыс қаруын және ПД-не тиесілі 1 дана 9 мм калибрлі, белгісі «EV- 1173459» «EKOL Special 99» модельді жарақаттайтын тапаншасын, 1 дана 9мм калибрлі, белгісі «ДН СН8148», «Беркут газ» модельді жарақаттайтын тапаншасын, 1 дана 5,45мм калибрлі «Калашников» конструкциясындағы «АК-74» автоматының оқжатарын, 70 дана 7,62x39мм калибрлі патрондарын, сотталушы С.Тасбеков ПД-не тиесілі 1 дана 7,62 мм калибрлі, «СКС» модельды, белгісі «ЛР2131», ойық ұңғылы аңшы карабинін, 1 дана 7,62 мм калибрлі, «Калашников» конструкциясындағы «АКС-74» модельді, белгісі «АО6482», ойық ұңғылы автоматын, 1 дана 9 мм калибрлі, «БЕРКУТ» модельді, белгісі «ДНХУ 2025» травматикалық тапаншасын, сотталушы Қ.Базаров «Маке» ЖШС-не тиесілі 1 дана 5.6 мм калибрлі, «Marlin модель 60» модельді, белгісі «ММ40177G» жартылай автоматты, ойық ұңғылы, аңшы карабинін, сотталушы Ә. Жолбек ПД-не тиесілі 2 дана белгілері «ДНПР 6322» және «ДНРВ 2624», «БЕРКУТ» модельді травматикалық тапаншаларын және 38 дана 7.62 мм калибрлі автомат патрондарын адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жымқырып, облыстық ПД-нің алдына шыққан.

Осы кезде сотталушы С.Сапаров таныстары М.Қисықов және Р.Жанбаев үшеуі төтенше жағдай енгізілгеніне қарамастан, шектеулерді елемей, Р.Жанбаевтың басқаруындағы «MercedesBenz 140» маркалы автокөлігімен қаланы аралап жүріп, 6 қаңтар 2022 жылы сағат 04.30 шамасында Төлеби даңғылының бойымен ПД-нің жанына өтіп бара жатып, сотталушы И.Жарымжановтың иелігіндегі «Volkswagen Golf 3» маркалы автокөлігінің «Pixel» кинотеатрдың алдында тұрғанын көріп, автокөлікті тоқтатып сол жерде түсіп қалып ПД-нің алдына қарай барған.

Сол жерде ол сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков, Қ.Базаров және Ә.Жолбекті кездестірген және олардың ПД-нің жертөлесінен атыс қарулары мен оқ-дәрілерді жымқырғандарын көріп, оның да атыс қарулары мен оқ-дәрілерді жымқыруға деген ойы туып, өзінің қылмыстық пиғылын жеке жүзеге асыру мақсатында, жалғыз өзі ПД-нің ғимаратына заңсыз кіріп, ғимараттың астында орналасқан жертөлеге түсіп, қару-жарақ қоймасынан ПД-не тиесілі 1 дана 7,62 мм калибрлі, «АКС-74» модельді, белгісі «430307», ойық ұңғылы автоматын, 1 дана 9 мм калибрлі, «БЕРКУТ» модельді, белгісі «ДН АС 8793» жарақаттайтын тапаншасын және 6 дана 7,62x39мм калибрлі патрондарын жымқырып ПД-нің алдына шыққан.

Содан кейін сотталушылар С.Сапаров, И.Жарымжанов, С.Тасбеков, Қ.Базаров және Ә. Жолбек бесеуі қосылып, өздері жымқырған атыс қарулары мен оқ-дәрілерді атып тексеру мақсатында адамдар тобы болып заңсыз тасымалдауға өзара келісіп, қылмыстық пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында сотталушылар С.Тасбеков, С.Сапаров, Ә.Жолбек және И.Жарымжанов атыс қарулары мен оқ-дәрілерді сотталушы И.Жарымжановқа тиесілі «Volkswagen Golf 3» маркалы автокөлігіне жүктеген.

Ал соңғылармен адамдар тобы болып атыс қаруы мен оқ-дәрілерді заңсыз тасымалдауға сөз байласқан сотталушы Қ.Базаров жымқырған атыс қаруын олардың қылмыстық ойларымен қамтылмаған Р.Жанбаевтың «Mercedes Benz 140» маркалы автокөлігіне салып, сотталушылар С.Сапаров, И.Жарымжанов, С.Тасбеков, Қ.Базаров және Ә. Жолбек атыс қарулары мен оқ-дәрілерді аталған екі автокөлікпен заңсыз тасымалдау арқылы Тараз қаласы, Бостандық көшесі №103 үйдің қасында орналасқан гараждарға барған.

Сол жерде сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков және С.Сапаров жымқырған атыс қаруларының жарамдығын тексеру мақсатында 4 рет оқ атып, тексеріп көрген, ал сотталушылар Қ.Базаров пен Ә.Жолбек өздері жымқырған атыс қаруларын олардың қылмыстық ойларымен қамтылмаған Р.Жанбаевтың «Mercedes Benz 140» автокөлігіне салып, өздерінің тұрғылықты мекенжайларына қайтып кеткен.

Атыс қаруларын тексеріп болған соң сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков және С.Сапаров жымқырған атыс қарулары мен оқ-дәрілерін бөлісіп, әр-қайсысы өзіне тиесілі атыс қаруларын алып кеткен.

Сөйтіп сотталушы И.Жарымжанов жымқырған 1 дана «САЙГА-М3» моделді, 7,62 мм калибрлі, белгісі №Н132059, ойық ұңғылы атыс қаруын және 1 дана 9 мм калибрлі, белгісі «EV-1173459» «EKOL Special 99» модельді жарақаттайтын тапаншасын, 1 дана 9 мм калибрлі, белгісі «ДН СН8148», «Беркут газ» модельді жарақаттайтын тапаншасын, 1 дана 5,45 мм калибрлі «Калашников» конструкциясындағы «АК-74» автоматының оқжатарын, қалған 64 дана 7,62x39мм калибрлі патрондарын өзінің тұрып жатқан Тараз қаласы, Асқаров көшесі, №1/25 үйіне жеткізіп, қонақ күтетін бөлмедегі сөрениң (шкаф) үстіне жасырып, заңсыз сақтаған.

Сотталушы С.Тасбеков жымқырған 1 дана 7,62 мм калибрлі, «СКС» модельды, белгісі «ЛР2131», ойық ұңғылы аңшы карабинін, 1 дана 7,62 мм калибрлі, «Калашников» конструкциясындағы «АКС-74» модельді, белгісі «АО6482», ойық ұңғылы автоматын, 1 дана 9 мм калибрлі, «БЕРКУТ» модельді, белгісі «ДНХУ 2025» травматикалық атыс қаруын өзінің тұрып жатқан Тараз қаласы, 2-ші Сеңкібай көшесі, №452 үйіндегі екінші қабатына жасырып, заңсыз сақтаған.

Сотталушы С.Сапаров жымқырған 1 дана 7,62 мм калибрлі, «АКС-74» модельді, белгісі «430307», ойық ұңғылы автоматын, 5 дана автоматтың оқжатарын, 6 дана 7,62x39 мм калибрлі патрондарын және 1 дана 9 мм калибрлі, «БЕРКУТ» модельді, белгісі «ДН АС 8793» жарақаттайтын тапаншасын өзінің тұрып жатқан Тараз қаласы, Жылысбаев көшесі, №502 үй маңындағы қораға жасырып, заңсыз сақтаған және 9 қаңтар 2022 жылы

Жылысбаева көшесінің аяғында орналасқан өзеннің жағасына 1 дана автоматты, 5 дана автоматтың оқжатарын және 6 дана патрондарын лақтырып жіберген.

Сотталушы Қ.Базаров жымқырған 1 дана 5.6 мм калибрлі, «Marlin модель 60» модельді, белгісі «ММ40177G» жартылай автоматты, ойық ұнғылы, аншы карабинін өзінің тұрып жатқан Тараз қаласы, Бостандық көшесі, №605 үй, №82 пәтердің жанындағы қораға жасырып, заңсыз сақтаған.

Сотталушы Ә. Жолбек жымқырған 2 дана белгілері «ДНПР 6322» және «ДНРВ 2624», «БЕРКУТ» модельді травматикалық тапаншаларын және 38 дана 7.62 мм калибрлі автомат патрондарын өзінің тұрып жатқан Тараз қаласы, Сатпаев көшесі №123 үй, №13 пәтердің қонақ бөлмесіне жасырып, заңсыз сақтаған.

Бұдан кейін, сол күні сағат 16:00 шамасында сотталушылар И.Жарымжанов, С.Тасбеков және С.Сапаров қызық көру мақсатында жымқырған атыс қаруларынан оқ атып көруге келіскен.

Содан олар атыс қаруларын және оқ-дәрілерді заңсыз тасымалдауға бағытталған қылмыстық әрекеттерін жалғастыра отырып, соңғының басқаруындағы «ВАЗ 21099» маркалы мемлекеттік тіркеу белгісі kz036ACV/08 автокөлігімен адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен И.Жарымжановтың заңсыз сақтауындағы 1 дана «САЙГА-М3» моделді, 7,62 мм калибрлі ойық ұнғылы атыс қаруын және қалған 64 дана 7,62x39 мм калибрлі патрондарын заңсыз тасымалдау арқылы Тараз қаласының маңында орналасқан «Аю тропик» демалыс орталығының тұсына келіп, ашық алқапта аталған қарумен үшеуі кезектесіп шамамен 20-ға жуық оқ атып көрген.

Ақырында сотталушылар С.Тасбеков, С.Сапаров және И.Жарымжанов аталған атыс қаруын және қалған 45 дана оқ-дәрілерді сол автокөлікпен заңсыз тасымалдау арқылы сотталушы И.Жарымжанов өзінің үйіне жеткізіп, атыс қаруын және қалған 45 дана оқ-дәрілерді алғашқы сақтаған орынға жасырып, заңсыз сақтаған.

Жүргізілген жедел-ізвестіру шараларының нәтижесінде полиция қызметкерлерімен сотталушылардан атыс қарулары, оның бөлшектері және оқ-дәрілер алынған.

Сотталушылар И.Жарымжанов, Ә. Жолбек, С.Тасбеков, Қ.Базаров, және С.Сапаровтың қылмыстық әрекеттерінің салдарынан ПД-не жалпы 453 087 теңге көлемінде, ал «Маке» ЖШС-не 355 800 теңге материалдық залал келтірілген.

И.Жарымжанов, , Ә. Жолбек, С.Тасбеков және Қ.Базаров ҚК-нің 291-бабының 3-бөлігінің 4) тармағында және 287-бабының 2, 3, 4 бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағандары үшін кінәлі деп танылып:

И.Жарымжановқа, С.Тасбековке, және Қ.Базаровқа ҚК-нің 291-бабының 3-бөлігінің 4) тармағымен ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігі қолданылып, әрқайсына 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 2-бөлігімен 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 4-бөлігімен 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

Ә.Жолбекке ҚК-нің 291-бабының 3-бөлігінің 4) тармағымен ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігі қолданылып, 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 2-бөлігімен 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 4-бөлігімен 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

С.Сапаров ҚК-нің 291-бабының 1-бөлігінде және 287- бабының 2, 3, 4-бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін кінәлі деп танылып және оған:

ҚК-нің 291-бабының 1-бөлігімен ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігі қолданылып, 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 2-бөлігімен 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен 1 (бір) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы;

ҚК-нің 287-бабының 4-бөлігімен ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігі қолданылып, 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот түпкілікті жазаны қалай айқындайды?

2. И.Жарымжановқа, С.Тасбековке, Қ.Базаровқа, Ә.Жолбекке және С.Сапаровқа түпкілікті қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ, ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАУІПТІ ҚАЙТАЛАНУЫ КЕЗІНДЕ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

№43 есеп

Сотталушы А.Мұқанов қаражат табу мақсатында алдау арқылы, 3 наурыз 2020 жылы сағат 13.00 шамасында Алматы қаласы Сайын даңғылы мен Рысқұлов көшелерінің қиылысында орналасқан «Еуразиялық инновация экономика және басқару академиясында» бола тұра, танысы Долмаевқа өзінің қылмыстық ойын айтпай, оған жалған ақпарат хабарлап, сол арқылы А.Құсаиновтың жеке сәйкестендіру нөмерін алып, соңғының атынан «Sofі Finance» және «Creditium» микроқаржы ұйымдары» ЖШС- нен онлайн несие

алуға өтініш жіберіп, сұранысқа «Sofi Finance» ұйымы 125 000 теңге, ал «Creditium» ұйымы 90 000 теңге ақшалай қаражат беретінін қолдап, жәбірленушінің банктік картасына ақша түсіреді.

Өз кезегінде сотталушы А.Мұқанов танысы Долмаев арқылы 215 000 теңгені жымқырған.

Сотталушы А.Мұқанов бірнеше рет, алдау жолымен, 17 наурыз 2020 жылы сағат 14.00 шамасында Алматы қаласы Сайын даңғылы мен Рысқұлов көшелерінің қиылысында орналасқан «Еуразиялық инновация экономика және басқару академиясында» бола тұра, танысы Долмаевқа өзінің қылмыстық ойын айтпай, оған жалған ақпарат хабарлап, сол арқылы Носованың жеке сәйкестендіру нөмерін алып, соңғының атынан «Sofi Finance» және «Creditium» микроқаржы ұйымдары» ЖШС-нен онлайн несие алуға өтініш жіберіп, сұранысқа «Sofi Finance» ұйымы 130 000 теңге, ал «Creditium» ұйымы 125 000 теңге ақшалай қаражат беретінін қолдап, жәбірленушінің банктік картасына түсіреді.

Өз кезегінде сотталушы А.Мұқанов танысы Долмаев арқылы 255 000 теңгені алаяқтық жолмен иемденіп кеткен.

Сотта сотталушы А.Мұқанов кінәсін толық мойындап, жасаған қылмысына өкініп, кешірім сұрап, қазіргі кезде зиянды қалпына келтіргенін айтып, жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

1. Сотталушы А.Мұқановтың іс әрекетінде қылмыстардың қайталануы бар ма?
2. Қандай жағдайда қылмыстардың қайталануы орын алады?
3. Сотталушы А.Мұқановқа қандай жаза қолдану керек деп ойлайсыз?

№44 есеп

Сотталушы Жазира Манарбекова 28.02.2016 жылғы №02 бұйрықпен Байкенже ауылдық округі әкімі аппаратының «Байкенже» ауылдық клуб үйі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (әрі қарай - Кәсіпорын) есепшісі қызметін атқарып жүріп, өзінің қызмет бабын теріс пайдалана отырып, өзіне сеніп тапсырылған мекеменің қаржысын иемденіп алу арқылы жымқыру ниеті туындап, өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынып, қоғамға қауіпті зардаптардың туындауын алдын ала болжап, осы зардаптардың болуын қасақана тілеп, қылмыстық ниетін жүзеге асырудың нәтижесімен өзіне пайда алу мақсатында, 2016-2017 жылдар аралығында бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық күқық бұзушылықты құрайтын, күқыққа қарсы жасалған бірқатар бірдей іс-әрекеттерімен жалпы 2 562 066 теңге мемлекет қаржысын иемденіп алу арқылы жымқырған.

Атап айтқанда, Жазира Манарбекова өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жымқыру ниетімен, өзінің атынан ашылған жеке есеп шотына: 2016 жылдың сәуір айынан 2017 жылдың соңына дейін жалпы 2 562 066 теңге мемлекет қаржысын аударып, өзі қолма-қол шешіп алып, иемденіп алу арқылы жымқырған.

Нәтижесінде, Жазира Манарбекованың қылмыстық әрекеттерінің салдарынан мемлекетке жалпы 2 562 066 теңгеге ірі мөлшерде залал келтіріп, ҚР ҚК-нің 189-бабының 3-бөлігінің 1-тармағында көзделген қылмысты жасаған.

Бұдан бөлек, 05.03.2018 жылы №11 бұйрықпен «Аружан- 2014» бөбекжай бала бақшасы» ЖШС-нің есепшісі болып жұмысқа қабылданып, қызметтік міндеттілігіне балабақшаның қаржы шаруашылық жұмыстарын жүргізуге міндетті болған Жазира Манарбекова меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарын әрі қарай жалғастырып, өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті қызмет бабын пайдалана отырып, иемденіп алу арқылы бірнеше рет жымқырған.

Атап айтқанда, Жазира Манарбекова өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті өзінің қызмет бабын пайдалана отырып бірнеше рет жымқыру ниетімен, Кәсіпорын атынан ашылған есеп шотына 30.03.2018 жылы №8 төлем тапсырмасымен 60 000 теңге, 04.05.2018 жылы №26 төлем тапсырмасымен 150 000 теңге, 25.05.2018 жылы №32 төлем құжатымен 250 000 теңге, 28.06.2018 жылы №37 төлем құжатымен 160 000 теңге аударған.

Әрі қарай, өзінің қылмыстық пиғылын ақырына дейін жеткізу ниетімен аталған ақша қаражаттарын Кәсіпорынмен келісім шартқа отырған «Дидар» жеке кәсіпкерінің атынан ашылған есеп шотына аударып, соңғының банкомат картасы арқылы өзі қолма-қол шешіп алып, иемденіп алу арқылы жымқырған.

Нәтижесінде, Жазира Манарбекованың қылмыстық әрекеттерінің салдарынан «Аружан-2014» бөбекжай жеке балабақшасы» ЖШС-не 620 000 теңге мүліктік залал келтіріп, ҚР ҚК-нің 189-бабының 2-бөлігінің 2,3-тармақтарында көзделген қылмысты жасаған.

Жалпы, сотталушы Жазира Манарбекова ҚР ҚК-нің 189-бабының 3-бөлігінің 1)-тармағында көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Сотталушы Жазира Манарбековаға 2 (екі) жыл 6 (алты) айға бас бостандығынан шектеу мерзіміне пробациялық бақылау белгіленген.

1. Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде нелер ескеріледі?

2. Сотталушы Жазира Манарбекованың қылмыстық іс әрекеттерінде, қылмыстардың қауіпті қайталануы бар ма?

ҮКІМДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

№45 есеп

Х.Жабаев, бұрын 2023 жылы 28 наурызда Қазығұрт аудандық сотының үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-

тармағымен 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасына сотты бола тұра, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған.

Басты сот талқылауында сотталушы Х.Жабаев өзіне тағылған айыптарды толығымен мойындап, айыптау актісінде көрсетілген эпизодтар бойынша Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылында орналасқан тұрғын үйлерге кіріп, ұрлық жасағанын, ұрлаған заттарды жәбірленушілерге қайтарғанын айтқан. Өзінің жасаған әрекеттеріне шын ниетпен өкінетінін айтып, өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

Сотталушы Жабаевтың кінәсі, өзінің айыбын толық мойындауымен бірге, төмендегілермен де дәлелденеді.

Жәбірленуші Э.Басенов, 2023 жылғы 15 ақпан күні сағат 11:00 шамасында өзінің танысы Жабаевпен өзінің Қазығұрт ауылындағы тұрғын үйіне келіп сол жерде спирттік ішімдік ішкендерін.

Содан сағат 21:00 шамасында екеуі мас хәлге түскен соң Жабаев өз үйіне кеткенін, ал өзі үйіне кіріп жатып қалғанын. Содан ертесіне өзінің қорасынан құны 25 000 теңгелік 1 дана бензоара (бензопила), құны 40 000 теңгелік 1 дана «Crown» маркалы бұрғылағыш (префараторын) жасырын ұрлап алып кеткендерін, жалпы 65 000 теңге залал келтіргендерін, ұрланғаны жөнінде полицияға хабарлағанын, қазіргі таңда өзіне келген материалдық шығынның орны толтырылғанын, сотталушы Жабаевтың өзінен кешірім сұрағанын, өзі оны кешіргенін, жеңіл жаза тағайындауды сұрайтынын айтқан.

Жәбірленуші Ю.Дадаев, 2023 жылғы 04 сәуір күні өзінің Қазығұрт ауылындағы тұрғын үйінің қорасының жанында тұрған қызыл түсті велосипедін жасырын ұрлап алып кеткенін, жалпы 11 000 теңге залал келтіргендерін, ұрланғаны жөнінде полицияға хабарлағанын, қазіргі таңда өзіне келген материалдық шығынның орны толтырылғанын, сотталушы Жабаев өзінен кешірім сұрағанын, өзі оны кешіргенін, жеңіл жаза тағайындауды сұрайтынын айтқан.

2023 жылғы 24 ақпандағы №1112/33 санды сот сараптама қорытындысынан, Жабаев наркоманиямен ауырмайды, созылмалы алкогольизмнің 2 сатысымен ауыратыны, емдеуді қажет ететіні анықталған.

Сот, іс бойынша жинақталған және басты сот талқылауында зерттелген дәлелдемелерге баға бере келе, сотталушының жасаған қылмысы толығымен анықталып, дәлелденді деп санайды.

Сотталушы Жабаевтың қылмыстық іс-әрекеті ҚР ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 2-3-тармағымен сараланады және сотталушыға осы баппен жаза тағайындауға жатады, себебі ол ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін қызметтік үй-жайға заңсыз кіру арқылы жасырын түрде жымқырған.

Сотталушы Жабаевтың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға ҚК-нің-53 бабына сай айыбын толық мойындап өкінуін, келген материалдық залалдың қайтқанын ескереді.

Іс бойынша ҚК-нің 54-бабына сай, сотталушының жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар: алкогольден, масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

Сотталған Ж.Олжабайды алкоголизімнің 2 сатысы бойынша ауруына байланысты дәрігер-наркологтың емдеуіне есептегенке алынуға жатады.

Ж.Олжабай Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 2-3-тармағымен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша жеке мүлкін тәркілеусіз 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

1. Үкімдердің жиынтығы бойынша қалай жаза тағайындалады?

2. Сот, сотталушы Ж.Олжабайға үкімдердің жиынтығы бойынша қандай жаза тағайындады деп ойлайсыз?

№46 есеп

Сотталушы Бекенов 6 мамыр 2019 жылғы Жетісу ауданының №2 аудандық сотының үкімімен ҚР 190 бабы 2-бөлігі 2 тармағымен, 58 бабы 6 бөлігімен 3 жыл 3 айға бас бостандығын айыру жазасына сотталған, 9 қыркүйек 2020 жылы Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының қаулысымен 1 жыл 1 ай 22 күнге жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемесіне ауыстырылған.

Сотталушы Бекенов бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүріп, қасақана қылмыс жасаған.

Алматы облысы қылмыстық-атқару жүйесі ЕС-164/4 мекемесінің анықтамасына сәйкес А.Бекеновтың жаза өтеу мерзімінің аяқталуы 31 қаңтар 2022 жыл деп белгіленген.

Сот мәжілісінде сотталушы А.Бекенов өз кінәсін толық мойындап, өзі қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде жазасын өтеп жатқанын, жанұясына тамақ алу үшін қаражат керек болған соң, мекемеден бір күнге сұранып шығып, жәбірленушілердің ұялы телефондарын навигатор орнату керек деген сылтаумен алдап алып, ол ұялы телефондарды орталық базарда белгісіз тұлғаларға сатып жібергенін, жасаған ісіне өкінетінін айтып көрсеткен.

Сотталушы кінәсін толық мойындап жауап беріп отырғанымен қатар, сотталушының қылмыстық кінәсі төменде аталған дәлелдемелермен бекітіледі.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Дулат 2020 жылдың қазан айының 27 жұлдызында сағат 18.00 шамасында өзінің «Фольксваген Гольф» маркалы автокөлігімен жалдамалы көлік ретінде адамдар тасымалдап жүргенде, сағат 18.30 шамасында оның көлігін сотталушы тоқтатып, Төле би Сейфуллин көшесіне дейін апаруды сұрағанын, ол жол жөнекей Талғар ауданындағы Қызыл Қайрат ауылына жиһаз жеткізуді ұсынғанын және ол үшін тағы бір көлік керек деп айтқанын.

Сол кезде ол танысы Ермекті шақыртып, Алматы қаласы «Глобус» сауда орталығына келгендерін. Содан сотталушы көлікті есіктің жанына жақындатып қоюды сұрап, оның жеке куәлігін және «LG Q6» маркалы қара түсті құны 40000 тенге тұратын ұялы телефонын сұрап алып, өзі жиһазды апаратын жерге бара алмайтындығын айтып, оның телефонына жолды көрсететін навигатор орнатып беремін деп, ұялы телефонын алып «Глобус» сауда орталығына кіріп кеткенін,

содан сотталушы ол жерден шықпаған соң, алданып қалғанын түсініп, полицияға арызданғанын айтып көрсетті.

Оның ұялы телефонының құны 40000 тенге тұратынын, сондықтан сол шығынды сотталушыдан өндіруді соттан сұраған.

Сотқа дейінгі тергеу органдарымен А.Бекеновтың қылмыстық әрекеттері ҚР ҚК-нің 190 бабы 3 бөлігі 4 тармағымен дұрыс дәрежеленген, себебі ол бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жымқырып, бірнеше рет алаяқтық жасаған.

Сонымен Бекеновке Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 – бабы 3 бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, оған осы баппен 4 /төрт/ жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған,

1. Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны, егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаған жағдайда, нелерден асыруға болмайды?

2. Сот үкімдердің жиынтығы бойынша сотталушы А.Бекеновтың жауаптылығын қалай шешеді деп ойлайсыз?

№47 есеп

1-эпизод:

Сотталушы М.Соловьев 2019 жылғы 14 маусымда сағат 19.00 шамасында Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы бойында орналасқан «Хан-Шатыр» ОСО-ның жанында бола тұра, жәбірленуші Н.Мамедовтан, соңғыға тиесілі Мерседес Бенц Е280 маркалы көлігін сот орындаушылардан салынған тыймды алып берем деп сеніміне кіріп, алаяқтық жолмен, 86000 теңге ақшалай қаражатты алдап алған.

Онымен тоқтамай, бір ниетпен, сотталушы 2019 жылғы 16 маусымда сағат 17.00 шамасында «Хан-Шатыр» ОСО-ның жанында Каспи Банктегі жәбірленушіге тиесілі несиені жауып берем деп, алаяқтық жолмен, 87000 теңге ақшалай қаражатты алдап алған.

Онымен тоқтамай, бір ниетпен, сотталушы 2019 жылғы 18 маусымда сағат 17.00 шамасында «Азия Парк» ОСО-ның жәбірленушіге тиесілі Мерседес Бенц Е280 маркалы көлігінің құжаттарын дұрыстап берем деп, алаяқтық жолмен, 34 000 теңге ақшалай қаражатты алдап алған, жымқырып алған ақшалай қаражатты өз пайдасына жаратқан.

Нәтижесінде, алаяқтық жолмен, жәбірленуші Н.Мамедовқа жалпы 207 000 теңге залал келтірілген.

2-эпизод:

Сотталушы, осы қылмыстық құқық бұзушылық іс- әрекетімен шектелмей, бөтеннің мүлігін бірнеше рет алаяқтық жолмен заңсыз иелену мақсатында, бір ниетпен, жәбірленуші К.Нұралиевтың сеніміне кіріп, өзінің «Евразиялық банкіде таныстары бар екендігін және солар арқылы жәбірленушіге тиесілі нисіесін жауып беретіндігін, салынған тыймдары алып тастап, жанадан 25 000

000 теңгеге несие алып берем деп, алаяқтық жолмен, Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылғы 27 маусымда сағат 17.00 шамасында 50 000 теңге, 2019 жылғы 1 шілдеде сағат 15.00 шамасында 80 000 теңге және 2019 жылғы 2 шілдеде сағат 11.00 шамасында 80 000 теңге ақшалай қаражатты алдап алып, жымқырып алған ақшалай қаражатты өз пайдасына жаратқан.

Нәтижесінде, алаяқтық жолмен, жәбірленуші К.Нұралиевке жалпы 210 000 теңге залал келтірілген.

3-эпизод:

Сотталушы, осы қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетімен шектелмей, бөтеннің мүлігін бірнеше рет алаяқтық жолмен заңсыз иелену мақсатында, бір ниетпен, жәбірленуші Е.Жахановтың сеніміне кіріп, өзінің «Евразиялық банкіде таныстары бар екендігін және солар арқылы жәбірленушіге 7 000 000 теңгеге несие алып берем деп, онымен қатар, бір ниетпен, жәбірленушіге жалдауға арзан пәтер тауып беремін деп, алаяқтық жолмен, Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылғы 9 шілдеде сағат 10.30 шамасында 25 000 теңге және 2019 жылғы 11 шілдеде сағат 15.00 шамасында 50 000 теңге ақшалай қаражатты алдап алып, жымқырып алған ақшалай қаражатты өз пайдасына жаратқан.

Нәтижесінде, алаяқтық жолмен, жәбірленуші Е.Жахановқа жалпы 75 000 теңге залал келтірілген.

Сотталушы М.Соловьев кінәсін толықтай мойындап, 2019 жылғы 14 маусымдан бастап жәбірленушілермен танысып, оларға өзінің мол мүмкіндігі және лауазымды таныстары барын туралы өтірік айтып, сенімдеріне кіріп, алаяқтық жол ақшалай қаражаттарын жымқырғаны туралы айғақ берген. Шын жүректен өкініп, кешірім сұрап, залады өтейтіндігі туралы айтып, оған бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындауын соттан сұраған.

Бұл жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін М.Соловьев ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағы бойынша 3 (үш) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

1. Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза жаңадан жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалған жазадан да, соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс пе, әлде тең болуға тиіс пе?

2.Сотталушы 2018 жылғы 21 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотының үкімімен ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған ҚК-тің 58-бабы 6-бөлігі негізінде 2017 жылғы 21 шілдедегі Ақмола облысы Кокшетау қаласы сотының үкімімен тағайындалған жазаны сіндіру арқылы, түпкілікті 4 жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Осыған орай оған үкімдердің жиынтығы бойынша қандай жаза қолданылады деп ойлайсыз?

ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАУ

№48 есеп

Сотталушылар Баулов пен Ихсанов 19 желтоқсан 2018 жылы сағат 05.50 шамасында 28 «А» шағын ауданындағы «Нұртас» көлік жуу орталығының екінші қабатында орналасқан «Дан Групп» ЖШС букмекерлік кеңсесіне қарақшылық жасап ақша жымқыру мақсатында алдын-ала сөз байласып, адамдар тобы болып, «Дан Групп» ЖШС-нің букмекерлік кеңсесіне келіп, қасақана, бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуылға ұшыраған адамның өміріне және денсаулығына күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл жасау мақсатында, бет- әлпеттерін жасыру үшін беттеріне тергеу барысында анықталмаған медициналық бетперделерді киіп, қолдарына тергеу барысында анықталмаған пышақпен қаруланып, кеңсе ішіне шабуыл жасап кіріп, сотталушы Баулов кеңсе ішіне бөгде адам келіп қалмауын бақылап тұрып, сотталушы Ихсанов кеңсенің ішінде күзетші ретінде отырған жәбірленуші Аверияновты қолында тергеу барысында анықталмаған пышақпен қорқытып, касса орналасқан бөлікке барып, қолында тергеу барысында анықталмаған пышақпен жәбірленуші Аетованы қорқытып, касса ішінде болған 121 000 теңге ақшаны қарақшылық жабуыл жасау арқылы тонап, букмекерлік кеңседен қашып шығып, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Нәтижесінде сотталушылар Баулов пен Ихсанов адамдар тобы болып алдын-ала қылмыстық сөз байласып, қасақана пайдақорлық ниетпен, бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында, шабуылға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану қатерін төндірумен ұштасқан әрекеттерімен «ЖШС «Дан Групп» букмекерлік кеңсесіне кенеттен шабуыл жасап заңсыз кіріп 121 000 теңге ақшаны жымқырып материалдық шығын келтірген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 53 бабына сай, сотталушылар Баулов пен Ихсановтың қылмыстық жауаптылықтары мен жазаларын жеңілдететін мән-жайға, олардың өздерінің кінәларын толықтай мойындап, шын ниетпен өкініп отырғандарын, әрекеттерінде ауыр зардаптардың жоқтығын, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмағандарын, жағымды мінездемелерін, жәбірленушіге келтірілген материалдық залал толығымен қайтарылғандығын, жәбірленушінің сотталушыларға қоятын ешқандай талаптарының жоқтығын, кешірім беріп отырғандарын жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде таниды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54 бабына сәйкес, сотталушылар Баулов пен Ихсановтың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Жәбірленушіге келген материалдық-моральдық залал толықтай қалпына келтірілген және жәбірленуші соттан сотталушыларды бас бостандықтарынан айырмайтын жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

Баулов пен Ихсанов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192 бабы 2 бөлігі 1 тармағымен көзделген қылмысты жасауда кінәлі деп танылып отыр, бұл ауыр қылымыстардың қатарына жатады.

1. Қандай жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, сот тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады?

2. Сотталушылар Баулов пен Ихсановқа сот қандай жаза қолданады деп ойлайсыз?

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ ТАЛАПТАРЫ ОРЫНДАЛҒАН КЕЗДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ

№49 есеп

Алматы облысы, Балқаш аудандық прокуратурасының аға прокуроры, 2-сыныпты заңгер Қабаев, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабы 3-бөлігімен 12.06.2018 ж. №111 тіркелінген қылмыстық іс бойынша процесстік прокуроры, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 193 бабы 1 бөлігі 19 тармағын, 612 бабы 1 бөлігі 1 тармағын 616 бабын, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 12.02.2018 жылғы «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» №19 Бұйрығының 8-бөлігімен, айқындалған процессуалдық құжаттарды қарау, қол қою және бекіту схемасымен бекітілген уәкілеттілікті басшылыққа алып, К.Сәкеновтың өзінің қатысуымен, оның Алматы облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Евсеевтің қатысуымен, келесідей кінәні мойындау туралы мәміле нысандағы процесстік келісім жасалған.

Жасалынған қылмыстың сипаты:

К.Сәкенов Балқаш ауданы Жиделі ауылынан шығысқа қарай шамамен 30 шақырым жерде орналасқан «Золотая Бухта» туристік базасында гид болып жұмыс істеп, күнделікті сол жерге қонып, үздіксіз жұмыс істеп жүрген.

Сол жерде В.Камиловпен бір бөлмеде тұрып келген. Оқиғаға дейін араларында ешқандай жан-жал болмаған.

11.06.2018 жылы сағат 09.00 К.Сәкенов ұйқысынан тұрып, демалыс аймағының басқарушысы Урониннің тапсырмасы бойынша шаруашылық жұмыстарын істеген. Бұл кезде В.Камилов арақты тоқтамай ішіп жүргеніне 5-6 күн болған.

Сол күні кешкі сағат 17.00 шамасында К.Сәкенов асханада теледидар көріп отырған кезінде В.Камилов келіп, арақтан ауырып, жағдайы болмай тұрғанын айтқан. Содан басқарушыдан жарты құмыра арақ сұрап алып келген.

Сөйтіп К.Сәкенов пен В.Камилов екеуі өз бөлмелеріне барып, арақ ішкен.

Әңгіме барысында К.Сәкенов арақ ішуді доғару керек екенін және ішкі тәртіпті сақтау керектігін айтқан. Алайда В.Камилов оған құлақ аспай арақ ішуді доғармайтынын айтқан, осы кезде К.Сәкенов оған ашуланып, құмырадағы арағын төгіп тастаған. Оның бұл іс әрекетіне В.Камилов ашуланып, бөлмеден шығып кеткен.

Содан сағат 20.30 шамасында К.Сәкенов бөлмені жинастырып, төсегінде жатқан кезінде, В.Камилов бөлмеге кіріп келіп, еш себепсіз оны қылқындырып, тиіскен.

Тағайындалған сот-дәрігерлік сараптамасының 15.06.2018 жылғы №20-09/1 қорытындысына сай, К.Сәкеновты қарау кезінде қандайда бір дене жарақаттары анықталмаған.

Осы кезде К.Сәкенов орнынан тұрып, төбелесті болдырмай сол жерден кетіп қалуға толық мүмкіншілігі бола тұра, В.Камиловтың «АУЫР» дәрежедегі мастығын пайдаланып, оған шамасы келетінін сезініп, оған қасақана ауыр дене жарақатын келтіру мақсатында, төсектің жанында тұрған «HEAVEN» арағының бос құмырасын қолына алып, оның өмірі мен денсаулығына маңызды органы - басынан бір рет соққы жасаған.

Тағайындалған сот-дәрігерлік сараптамасының 04.07.2018 жылғы қорытындысына сай, қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа АУЫР зиян келтірген.

Бұл соққыдан құмыра жарылып, сынып кеткен, ал В.Камиловтың сол қабағының жоғары жағы жыртылып, төсегіне қарай құлап, жатып қалған.

Содан В.Камилов қайтадан тұрып, К.Сәкеновтың жағасынан алған, алайда К.Сәкенов өзінің екі қолының жұдырықтарымен оның бетінен, оң және сол қабырғасының тұсынан бірнеше рет реткіліксіз соққылар жасаған.

Бұл соққылардан, В.Камиловтың мәйітіне тағайындалған сот-дәрігерлік сараптамасының қорытындысына сай, қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа ОРТАША зиян келтірген.

Осы кезде В.Камилов басылып, төсегіне отырып қалған. Шамалы уақыттан кейін В.Камилов далаға шығып, су жағасына жуынуға кетіп қалған.

Оның артынша К.Сәкенов айғақты затты жойып, құрту мақсатында бөлмені реттестіріп, еденге аққан қанды және сынған құмыра қалдығын жинап, ағып жатқан өзенге лақтырып жіберген.

Біраз уақыттан кейін В.Камилов кешіккен соң, К.Сәкенов жағалауға барып, В.Камиловтың ес-түссіз жатқанын анықтап, басқарушы Уронинмен оның көмекшісі Ронтейге хабарлап, үшеуі В.Камиловты бөлмеге кіргізіп, жедел жәрдем шақыртқан.

Алайда шамалы уақыттан кейін В.Камиловтың демсіз жатқанын анықтап, оның қаза болғанын түсініп, полицияға хабарланған.

Тағайындалған сот-дәрігерлік сараптамасының 04.07.2018 жылғы қорытындысына сай, зертханалық зерттеу әдістерінің деректерін, істің мән-жәйін және шешілуге қойылған сұрақтарды ескере отырып, Камиловтың мәйітін соттық-медициналық зерттеу деректерінің негізінде келесідей қорытындылар жасалған:

1. Соттық-медициналық сараптаған кезде азамат Камиловта мынадай дене жарақаттары табылды:

- бас сүйек миының жабық зақымы, бас миы қабығы мен затына қан құйылған.

- екі жақ қабырғасының көптеген сынуы.

- сол жақ маңдай бөлігінде соғылған жара, басы, беті, денесі, іші, сол жақ жамбасы тұсындағы жаралар мен қанталау.

2. Бас миы қабығы мен затына қан құйылған бас сүйек миының жабық зақымы түріндегі дене жарақаттары өмір үшін қауіптілік белгісі бойынша денсаулыққа АУЫР зиян келтіру деп жіктеледі.

Екі жақ қабырғасының көптеген сынуы түріндегі дене жарақаттары тірі адамдарда әдетте 3 аптадан асатын мерзімде денсаулықты бұзу ұзақтық белгісі бойынша денсаулыққа ОРТАША зиян келтіру деп жіктеледі.

Басы, беті, денесі, іші, жамбасы тұсындағы жарақат, жара мен қанталау түріндегі дене жарақаттары 3 аптадан аспайтын мерзімде денсаулықты қысқа мерзімде бұзу белгісі бойынша денсаулыққа ЖЕҢІЛ зиян келтіру деп жіктеледі.

Жоғарыда сипатталған дене жарақаттары оның тірі кезінде дөкір (өтпейтін) қатты затпен бірнеше рет әсер ету нәтижесінде бірнеше минуттан бастап бәлкім, бірнеше сағатқа дейін саналатын қайтыс болудың алдында ғана пайда болған.

3. Дене жарақаттарының көптігі мен олардың әр жерде болуынан жарақат келтірудің кезектілігі туралы айту мүмкін болмай тұр.

4. Жоғарыда сипатталған дене жарақаттарын алғаннан кейін азамат Камилов бірнеше минуттан бастап, бәлкім, бірнеше сағатқа дейін есептегентелетін қатысты түрде қысқа уақыт өмір сүре алатын еді және оның қайсыбір мақсатты бағытталған іс-әрекет жасауы, мысалға, сөйлесу, қысқа қашықтыққа және қатысты түрде қысқа уақыт аралығында жылжуы жоққа шығарылмайды.

5. Кейбір биіктіктен құлаған кезде жоғарыда сипатталған дене жарақаттарының пайда болуы жоққа шығарылады.

6. Жарақат келтірудің кезектілігі жөнінде дене жарақаттарының көптігі мен олардың әр жерде болуынан айту мүмкін болмай тұр.

7. Камилов оның мәйітін зерттегенге дейін шамамен 1-1,5 тәулік бұрын, алынған бас-ми зақымының нәтижесінде бас миы қабығына қан кетуден қайтыс болған.

8. Химиялық-токсикологиялық сараптаған кезде мәйіттен алынған қанда - 3,58% промилле концентрациясында этил спирті анықталды, бұл тірі адамдардың АУЫР дәрежедегі мастануына жатады.

Тағайындалған сот-биологиялық сараптамасының 02.07.2018 жылғы қорытындысына сай Камиловтың қаны анти-А және анти-В изогемагглютининдері бар О(І) тобына жатады.

К.Сәкеновтың қаны анти-А және анти-В изогемагглютининдері бар О(І) тобына жатады.

Камиловтың заттарында: жейдесі (3-об.) мен шалбарында (4, 5- об.) адам қаны табылған және зерттеген кезде Н антигені анықталған, бұл О(І) қан тобына сәйкес келеді. Осы қан Камиловтың өзінен шығуы мүмкін.

К.Сәкеновтың заттарында: күртешесі (8,9-об.) және джинсиында (10-об.) адам қаны табылған және зерттеген кезде Н антигені анықталған, бұл О(І) қан тобына сәйкес келеді.

Іс бойынша өтетін адамдардың топтық сипаттамасын ескере отырып, осы қан Камиловтың өзінен, сондай-ақ сыртқа қан кетуге алып келген С.Кептердің жарақат алуы болғанда оның өзінен де шығуы мүмкін.

Оқиға болған жерден алынған футболкада (11-15-об.), төсек жаймасында (16-19-об.) және матрас қабының бөлігінде (20, 21-об.) адам қаны табылған және зерттеген кезде Н антигені анықталған, бұл О(І) қан тобына сәйкес келеді.

Іс бойынша өтетін адамдардың топтық сипаттамасын ескере отырып, осы қан Камиловтың өзінен, сондай-ақ қанының сыртқа ағуына алып келген К.Сәкенов жарақат алғанда оның өзінен де шығуы мүмкін.

Оқиға болған жерден алынған металл тұрбада (22, 23-об.) және екі бөтелкеде (24, 25-об.) зерттеген кезде қан табылмаған.

К.Сәкенов, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған кезде, физиологиялық аффект (қызбалық) күйінде болмаған.

Қылмыстық оқиғаның нәтижесінде қаза болған Камилов бұрын сотты болған.

К.Сәкенов адам денсаулығына қасақана ауыр жарақат келтіріп, соның салдарынан абайсызда қаза келтіріп, өзінің іс әрекетімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасаған.

Процестік келісім бойынша тараптар К.Сәкенов адам денсаулығына қасақана ауыр жарақат келтіріп, соның салдарынан абайсызда қаза келтіріп, өзінің іс әрекетімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 106-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағанына толықтай келіседі және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпайды.

Басты сот отырысында қатысушы прокурор процестік келісімді толығымен қолдап көрсетілген жазанын түрімен мерзімімен келіскен.

Сотталушы К.Сәкенов және оның қорғаушысы сот отырысында процестік келісіммен толығымен келіскен.

ҚР КПК нің 613 бабынын негізінде кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасуға арналған мынадай шарттар болған:

1) күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген;

2) күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған;

3) процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Қылмыстық іс бойынша сотталушы К.Сәкенов процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпайды.

Процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен.

1. Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін бе?

2. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып сот К.Сәкеновке қандай жаза қолданады деп ойлайсыз?

№50 есеп

Кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімге сай Кубеков, Шакалов, Ғараев келесі жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы ауыр санаттағы қылмысты жасаған.

16 сәуір 2019 жылы Кубековтың қоғамдық тәртіпті бұзуды қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып, атыс қаруын қолданумен жасауға бағытталған қылмыстық ойы пайда болып, Кубеков тергеу органымен анықталмаған «ОСА» маркалы травматикалық қаруын алып, өзінің таныстары болып табылатын Шакаловқа және Ғараевқа қоңырау шалып, алдында болған жанжалды шешу мақсатында Еренбаевпен кездесетіндігін айтып, оларды «Космонавт» елді мекенінде орналасқан «Бүркітті» өзенінің бойына шақырған.

Сол кезде Шакалов пен, Ғараевта қоғамдық тәртіпті бұзуды қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып, атыс қаруын қолданумен жасауға бағытталған қылмыстық ойлары пайда болып, Шакалов 16 калибрлі „ИЖ-58“ маркалы аңшы мылтығымен, ал Ғараев 20 калибрлі „ИЖ-27 ЕМ-1С“ маркалы аңшы мылтығымен қаруланған.

Аталған күні сағат 22.00 шамасында Шакалов өзімен бірге 16 калибрлі «ИЖ-58» маркалы аңшы мылтығын алып және Ғараев өзімен бірге 20 калибрлі «ИЖ-27 ЕМ-1С» маркалы аңшы мылтығын алып, «Космонавт» елді мекенінде орналасқан «Бүркітті» өзенінің бойында өздерінің танысы Кубековпен кездескен.

Кездесу барысында Кубеков тергеу органымен анықталмаған „ОСА“ маркалы травматикалық қаруын өзімен бірге алып келген.

Сол жерде тұрып Кубеков таныстары Шакалов пен Ғараевқа өздерімен бірге алып келген аңшы мылтықтарымен қараңғы жерде тығылып тұруын және төбелес болған жағдайда аңшы мылтықтарын қолдануға өтініш жасап, яғни Шакалов пен Ғараев оның өтішіне келісіп үшеуі алдын ала сөз байласып адамдар тобын құрған.

Сосын төбелес болған жағдайда Кубековқа көмектесу мақсатында, Шакалов пен Ғараев өздерінде болған аңшы мылтықтарымен қараңғы жерлерге тығылған.

Аталған күні сағат 22.30 шамасында «Ауди-80» маркалы және «Тойота Карина» маркалы автокөліктермен Елюбаев, Олеңбаев, Ермеков, Жокер, Найкулов бесеуі Жаңатас қаласы „Космонавт“ елді мекенінде орналасқан „Бүркітті“ өзенінің маңына келген.

Сосын олармен кездесуге Кубеков жалғыз өзі шығып, Кубеков пен Елюбаев арасында қайта жанжал туындап Елюбаев бірінші болып Кубековты ұрып соққан және де араларында төбелес басталып, Кубеков өзінде болған тергеу органымен анықталмаған «ОСА» маркалы травматикалық қарумен бірнеше рет оқ атқан.

Сол кезде Шакалов пен Ғараев екеуі Кубековтың қоғамдық тәртіпті бұзуды қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып, атыс қаруын қолданумен жасауға бағытталған қылмыстық ойын қуаттап, яғни алдын ала сөз байласқан адамдар тобы болып, алдын ала келісілген ойда әрекет жасап, яғни Шакалов өзінде болған 16 калибрлі «ИЖ-58» маркалы аңшы мылтығымен және Ғараев өзінде болған 20 калибрлі «ИЖ-27 ЕМ-1С» маркалы аңшы мылтығымен Елюбаевқа, Олеңбаевқа, Ермековқа, Жокер, Найкуловқа қарсы оқ жаудырып, Елюбаевқа және Олеңбаевқа оқ тигізген.

Сол кезде, яғни оқ жаудыру барысында Жаңатас қаласы Көк-су көшесінің бойымен өзінің үйіне жаяу кетіп бара жатқан жасы кәмелетке толмаған 19.09.2001 жылы туылған Ержан Райымбековке абайсызда оқ тиген.

Нәтижесінде Елюбаев пен Олеңбаев және жасы кәмелетке толмаған Е.Райымбеков үшеуі әр түрлі дене жарақаттарымен Сарысу аудандық орталық ауруханасына түскен.

22.05.2019 жылғы №71 санды сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес, 1989 жылы туылған Олеңбаев медициналық көмек алғанға дейін, атыс қаруынан оқ (дроб) атылуы әсерінен денесінің сол жақ үстіңгі және оң жақ астыңғы бөлігіне жарақат алып, денсаулығына 3 аптадан аспайтын бұзулармен жеңіл түрде залал келтірілген.

22.05.2019 жылғы №72 санды сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес, 1989 жылы туылған Елюбаев медициналық көмек алғанға дейін, денесіне енбейтін атыс қаруынан оқ (дроб) атылуы әсерінен жарақат алған. Екі жақ иығы және сол жақ жанбасына жарақат алып, денсаулығына 3 аптадан аспайтын бұзулармен жеңіл түрде залал келтірілген.

22.05.2019 жылғы №73 санды сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес, жасы кәмелетке толмаған 2001 жылы туылған Е.Райымбеков медициналық көмек алғанға дейін, сол жақ жанбасы және сол жақ венасының бетінде атыс қаруынан оқ (дроб) атылуы әсерінен жарақат алған және денсаулығына 3 аптадан аспайтын бұзулармен жеңіл түрде залал келтірілген.

Сонымен, Кубеков, Шакалов, Ғараев Қазақстан Республикасының ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты бұзақылық - яғни, қоғамдық тәртіпті бұзуды қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып, атыс қаруын қолданумен жасаған.

Іс материалдарын және мән-жайларын зерттеп, тараптарды тыңдап, бұл қылмыстық іс бойынша Кубековтың, Шакаловтың, Ғараевтың кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімінің негізінде жаза тағайындау қажет деп санайды.

Іс материалдарын және мән-жайларын зерттеп, тараптарды тыңдап, бұл қылмыстық іс бойынша Кубековтың, Шакаловтың, Ғараевтың кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімінің негізінде жаза тағайындау қажет деп санайды.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 626-бабы 1-бөлігі 5)-тармақшасында сот процестік келісімге сәйкес сотталушыға жаза тағайындап, азаматтық талап қою және басқа да өндіріп алулар жөнінде шешімі бар айыптау үкімін шығарады деп атап көрсеткен.

Сотталушылар Кубеков, Шакалов, Ғараев келтірілген күдікке, айыптауға және жасалған қылмыс туралы істегі бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпайтынын көрсетіп, кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімге өз еріктерімен келгендіктерін және де қуаттайтындықтарын айтып, оны қанағаттандыруды сұраған.

Мемлекеттік айыптаушы - Сарысу аудандық прокуратурасының прокуроры сотталушылармен кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімге келгендіктерін қуаттап оны қанағаттандыруды сұраған.

Әрекеттерді дәрежеліу туралы шешімді және іс бойынша жиналған дәлелдемелерді тараптар дауламаған.

1. Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін, бірақ, бұл қандай жағдайда қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды?

2. Сотталушылар жасаған қылмыс ауыр қылмыстар санатына жатады, сондықтан сот, процессуалдық келісімді ескере отырып қандай жаза қолданады деп ойлайсыз?

ТАТУЛАСУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ

№51 есеп

2020 жылдың маусым айында, Бақанов Алматы қаласында бола тұра, алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау жолымен жымқыру қылмыстық ойы туған.

Қылмыстық ойын жүзеге асыра отырып, 2020 жылдың 3 маусымында, күндізгі уақытта, өзінің танысы Дәлеловтың жеке куәлігі мен оның Caspi Gold банктік картасының ақпараттарын пайдаланып, интернет желісі арқылы, «Tengo.kz» онлайн несиелік қаржы ұйымына Дәлеловтың атынан 130 000 теңге несиелік алу үшін онлайн арыз беріп, кейіннен оның атынан несиелік рәсімдеген.

Ары қарай, осы күні, тура осындай жолмен «Koke.kz» онлайн несие қаржы ұйымына Дәлеловтың атынан 15 000 теңге несие алу үшін онлайн арыз беріп, кейіннен оның атынан несиені рәсімдеген.

Несие сомалары - 145 000 теңге Дәлеловтың Caspi Gold банктік картасына түскен соң, соңғыны алдап, «банктік картаға ақша салып жіберді, соны маған аударып жіберші» деп, аталған ақша қаражатын Бақановтың банктік картасына аудартып, ақшаны заңсыз иемденіп, аталған сомаға материалдық залал келтіріп, оны өз қажеттілігіне жұмсаған.

Бақановқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 бабының 2 бөлігі 4) тармағы бойынша айып тағылып сотқа жіберілген.

Басты сот талқылауында сотталушы Бақанов жәбірленуші Дәлеловқа келтірген материалдық зиянды толық өтегенін, жәбірленушімен татуласқанын, ол кешірім бергенін көрсетіп, қылмыстық жауаптылықтан босатуды сұрады.

Жәбірленуші Дәлелов сотталушы Бақановпен татуласқаны, сотталушыға қояр қандай да бір наразылығы жоқтығы, оны кешіргендігі, осыған байланысты сотталушыны қылмыстық жауапкершіліктен босатуды сұраған арызы сотқа келіп түскен.

1. Қандай жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады?

2. Сот, іс материалдарымен және істің мән-жайларын зерттеп, тараптардың пікірлерін тыңдап, қандай тұжырымға келді деп ойлайсыз?

№52 есеп

17.12.2017 жылы сағат 22.00 шамасында Алматы қаласы Сәтбаев көшесі мен Байтұрсынов көшелері қиылысында Ә.Әміре өзінің таныстары Дазаев пен Гармаш үшеуі такси тоқтатып тұрған. Аталған азаматтардың такси тоқтатып қол бұлғап тұрғанына Ш.Рогожин өзінің «Лада Гранта» маркалы ақ түсті көлігімен келіп тоқтап, Сәтбаев көшесі мен Әуезов көшелері қиылысына жеткізіп тастауға келіскен.

Содан аталған келісім бойынша Ш. Рогожин Сәтбаев көшесі №47 үйдің шығыс бетіне тоқтаған. Сол кезде Гармаш жол ақысын сол жақын маңдағы өзінің танысынан алып келу үшін көліктен шығып кеткен.

Осы сәтте автокөліктің алдыңғы орындығында отырған, Ә.Әміре бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға бағытталған, қылмыстық ой-пиғылы пайда болып, аталған қылмыстық ойымен жанындағы тұлғаларымен бөліспей, өз бетінше қылмыстық жоспар құрған. Өзінде пайда болған бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға бағытталған қылмыстық ой-пиғылының объектісі ретінде Ш.Рогожиннің автокөлігінің алдыңғы панеліне бекітіліп тұрған, құны 70.000 теңгені құрайтын «Samsung Galaxy J5» маркалы смартфонын таңдаған.

Содан соң, ол өзінің іс-әрекетіне Ш. Рогожиннің бақылап тұрғанын біле тұра, жоғарыда көрсетілген Ш.Рогожинге тиесілі құны 70 000 теңгені құрайтын,

«Samsung Galaxy J5» маркалы смартфонын ашық түрде жымқырып, көліктен шығып солтүстік бағытқа қарай бой тасалаған.

Осылайша Ә.Әміре өзінде пайда болған бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға бағытталған қылмыстық ой- пиғылын аяғына дейін жеткізген.

Өзінің қылмыстық іс-әрекетімен Ә.Әміре жәбірленуші Ш. Рогожинға 70 000 теңгеге материалдық залал келтірген.

Сот мәжілісінде сотталушы Ә.Әміре тағылған айып бойынша кінәсін толық мойындап, қаулының сипатамалы бөлігінде көрсетілген мән- жайларда жауап берген. Қылмыспен келтірген материалдық шығынды өтегенін, жәбірленушімен татуласқанын ескеріп, тағылған айыпты толығымен мойындап шын жүректен өкініп, қылмыстық істі жәбірленушімен бітім келелісімге келгендіктен қысқартуын сұраған.

1. Қылмыскердің жәбірленушімен, арыз берушімен татуласуы, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуы және келтірілген зиянды қалпына келтіруі, қандай қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды?

2. Әміренің жасаған қылмысы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 191-бабы 1-бөлігімен сараланған, яғни бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыру. Мұндай жағдайда арыз берушімен татуласуына байланысты Әміре қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жата ма?

№53 есеп

Қылмыстық қудалау органымен М.Саналиев жәбірленуші Фархаттың алаяқтық жолмен 28.04.2018 жылы, оның сеніміне қиянат жасай отырып алдап 25 525 теңге мөлшерінде ақшасын жымқырып кеткен деп айыпталып сотқа берілген, оның іс-әрекеттері ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен сараланған.

Одан басқа қылмыстық қудалау органымен М.Саналиев жәбірленуші Е.Кучербаевтың алаяқты жолмен 12.09.2018 жылы, оның сеніміне қиянат жасай отырып, алдап 170 000 теңге мөлшерінде ақшасын жымқырып кетіп, 140 000 теңге мөлшерінде зиян келтірді деп айыпталып сотқа берілген, оның іс-әрекеттері ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігінің 2-тармағымен сараланған.

Жәбірленушілер басты сот талқылау барысында сотталушы М.Саналиевке қатысты қылмыстық істі татуласуларына байланысты тоқтатуды сұраған.

Сотталушы М.Саналиев қылмыстық істі жәбірленушімен татуласуларына байланысты қысқартуға қарсылық білдірмеген.

Сот отырысында жәбірленушілер сотталушы М.Саналиевпен медиация арқылы татуласқандары туралы кәсіби медиатор куәландырған.

Мемлекеттік айыптаушы және қорғаушы - адвокат қылмыстық істі сотталушының жәбірленушілермен татуласуына байланысты қысқартуға болады деген пікірлерін білдірген.

1. Ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен

татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін бе?

2. Сот, іске қатысушылардың пікірін тыңдап, іс материалдарын зерттеп қандай тұжырымға келді деп ойлайсыз?

№54 есеп

02.06.2017 жылы сағат 10.00 шамасында Саржал ауылындағы ескі мектеп ғимаратына, осы ауыл тұрғыны А.Ергарин «Газель» автокөлігімен барып, мектептің ішіне кіріп кеткен.

Осы уақытта үйіне қарай кетіп бара жатқан Ә.Қожанов мектеп қасында тұрған «Газель» автокөлігінің бортының үстінен ұялы телефонның қоңырау шылдырын естіп, атокөлік бортының үстінде жатқан қара түсті «LG» ұялы телефонын көрген.

Осы кезде ұрлық жасау туралы қылмыстық ой туып, осы ойын жүзеге асыру мақсатында, маңайында ешкімнің жоқ екеніне көз жеткізіп, «Газель» автокөлігінің бортының үстінде жатқан қара түсті Бекен деген азаматқа тиесілі «LG-K430ds» модельді ұялы телефонын еркін қол жетімділікпен жасырын түрде ұрлап алып, оқиға орнынан кетіп қалған.

Ә.Қожанов өзінің іс-әрекетімен жәбірленуші Бекенге 50.400 (елу мың төрт жүз) теңгеге материалдық зиян келтірген.

Сотталушы Ә.Қожанов сот отырысында, айыптау актісіндегі өзіне тағылған айыпты толықтай мойындап, жәбірленуші Бекенмен араларында жасалған медиациялық келісім шартты ұсынып, қылмыстық істі қысқартуды сұраған.

Жәбірленуші Бекен сот отырысында сотталушы Ә.Қожановқа кешірім бергенін, келген зиян толықтай қайтарылғанын, өзара медиациялық шартқа келулеріне байланысты қылмыстық істі қысқартуды сұраған.

Басты сот талқылауында, сот тергеуіне дейін тараптар, яғни жәбірленуші Бекен мен сотталушы Ә.Қожановтың өздерінің бір бірімен ымыраласуларына байланысты кәсіби емес медиатор Нартайдың араласуымен медиациялық шарт жасасып, осы медиациялық келісім шартты бекіту үшін сотқа ұсынған.

Мемлекеттік айыптаушы өз қорытындысында медиациялық келісім шарт бекітіліп, тараптардың ымыраласуларына байланысты, іс медиация заңына сәйкес қысқартылуға жататындығын айтып, медиация тараптарының өтінішін қолдаған.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін бе?

2. Ә.Қожановтың жәбірленушімен кәсіби емес медиатордың қатысумен татуласуына және келтірілген зиянды қалпына келтіруіне байланысты, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады ма?

№55 есеп

26.12.2018 жылы сағат 15:00 шамасында А.Семенов Алматы қаласы, Наурызбай батыр мен Қазыбек би көшелерінің қиылысында болып, тұратын мекен-жайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Красный восток кенті, Новостройка көшесі, 250 үйге жететін қаражаты болмағандықтан, оның бөтеннің автокөлігін құқыққа сыйымсыз айдап кету туралы қылмыстық ойы туындаған.

Қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында А.Семенов Наурызбай батыр көшесі мен Қазыбек би көшесінің қиылысында жекеменшік тасымалдаумен айналысатын тұлғаларды тоқтата бастаған.

Сол сәтте А.Семеновтың қолын созып жекеменшік тасымалдаумен айналысатын автокөлігін тоқтатып тұрғанын байқап, С.Титов мемлекеттік тіркеу нөмірі А 333 MWT «Toyota Carina E» маркалы қара-жасыл түсті автокөлігімен қасына келіп тоқтаған.

Өз кезегінде А.Семенов алдын ала ойластырған қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін С.Титовқа Алматы қаласы, Рысқұлов пен Жангельдин көшелерінің қиылысында орналасқан «Магнум» сауда орталығына одан әрі Папанин көшесі, 220 үй мекен-жайында орналасқан №4 ауруханаға апарып тастауын және жол ақысы ретінде 3 000 теңге төлейтінін айтқан. С.Титов А.Семеновтың қылмыстық ойын күмәнданбай, айтқан бағасына келісіп, А.Семеновты жолаушы ретінде автокөлікке отырғызып алып, айтқан мекен-жайларға барған. А.Семенов алдын ала ойластырған қылмыстық ойын соңына дейін жеткізу мақсатында С.Титовқа, Алматы қаласы, Пушкин мен Жібек-Жолы көшелерінің қиылысында орналасқан «Мегатау» сауда орталығына апаруын сұрап, яғни «Мегатау» сауда орталығының ішінде 5 қабатта отыратын «Дамир» есімді жігіттен 20 000 теңгені алып шығыуын айтқан.

Өз кезегінде С.Титов А.Семеновтың айтқан сөзіне күмәнданбай, А.Семеновпен бірге шығып, автокөлігінің есігін жауып, сауда орталығына кіріп кеткенде, А.Семенов, С.Титовтың жоқтығын пайдаланып, С.Титовқа тиесілі автокөліктің жүргізуші орнына отырып, кетіп қалған, яғни автомобильді жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп, айдап кеткен.

Сот мәжілісінде сотталушы А.Семенов өзінің кінәсін толық мойындап, істеген іс-әрекетіне өкінетіндігін көрсетті, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде берілген жауабын толық растаған, келтірген материалдық залалды толығымен өндірілгендігін көрсетіп, жәбірленуші С.Титовпен медиация тәртібімен татуласқанын айта отырып, өзіне қатысты қылмыстық істі қысқартуды сұраған.

Сот мәжілісінде жәбірленуші С.Титов сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде берілген жауабын толық растап, қазіргі кезде сотталушы А.Семеновпен медиация тәртібімен татуласқандығын, кешірім бергенін, өзіне келтірілген материалдық залалды толығымен қайтарылғандығын айтып, қылмыстық істі Қазақстан Республикасы ҚК-нің 68-бабына сай қысқартуды және А.Семеновты қылмыстық жауаптылықтан босатуын сұрап, арызданған.

Сотталушы А.Семеновтың қылмыстық іс әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 200-бабының 1-бөлігімен сараланған.

1. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс жасаған адамдарға қолданыла ма?

2. Семеновтың қылмыстық іс әрекеті Қазақстан Республикасы ҚК-нің 68-бабына сай қысқартуға жата ма?

РАҚЫМШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ КЕШІРІМ ЖАСАУ АКТІСІ НЕГІЗІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ЖӘНЕ ЖАЗАДАН БОСАТУ

№56 есеп

2015 жылдың қараша айында, З.Шилова алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында Ш.Бондиеваның пәтер алғысы келіп жүргенін біліп алып, мүмкіндігі жоқ бола тұра 900000 теңге берсе 2 бөлмелі пәтер, ал 1100000 теңге берсе 3 бөлмелі пәтер алып бере алатынын айтып, 2015 жылғы 25 қарашада Ақтөбе қаласының Орталық базары сауда орталығында 900000 теңгесін алдап алып, Ш.Бондиеваға 900000 теңге мүліктік залал келтірген.

2015 жылдың қараша айында, З.Шилова бірнеше рет алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында Р.Асанованың, Г.Асанованың, Ә.Ғалымовтың пәтер алғысы келіп жүргендерін біліп алып, мүмкіндігі жоқ бола тұра 400000 теңге берсе 1 бөлмелі пәтер, ал 800000 теңге берсе 2 бөлмелі пәтер алып бере алатынын айтып, 2015 жылғы 1 желтоқсанда Ақтөбе қаласының Қонаев көшесі бойында орналасқан «Халық банкі» АҚ-ның ғимаратында Р.Асанованың 300000 теңгесін, Г.Асанованың 800000 теңгесін, Ә.Ғалымовтың 800000 теңгесін алдап алып, сол сомаға оларға мүліктік залал келтірген.

Сотталушы З.Шилованың кінәсі өзінің мойындауымен қатар, жәбірленушілер мен куәның айғақтарымен, қылмыстық істегі басқа да дәлелдермен толық расталады.

З.Шилова ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2-тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

1. Рақымшылық жасау туралы актіні кімдерге қатысты шығарады?

2. З.Шилова «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы №27-VI ҚР Заңы бойынша тағайындалған жазадан босатылуға жата ма?

ЕСЕПТЕРДІҢ ЖАУАБЫ

№6. Сотталушы Қалелдің жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатын, қоғамға қауіптілігін, жеке басы мәліметтерін ескере отырып, оған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау қажет деп санайды, себебі оның түзелуі тек қоғамнан толық оқшаулау жағдайында мүмкін, жазаның осы түрі оның жасаған іс әрекетіне сай және әділ болып табылады.

Қалел Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 217-бабының 3-бөлімінің 2-тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, оған 7 (жеті) жыл мерзімге коммерциялық ұйымдарда басшылық лауазымды атқару құқығынан айыра отырып, 6 (алты) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Қалелге жазаны өтеу орны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемесі тағайындалған.

№9. Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулының 8 бөлігіне сәйкес, кінәлі адамдардың әрекеттерін топ болып алдын ала сөз байласып жасау белгілері бойынша саралау кезінде екі және одан да көп адамның кез келген түрдегі уағдаластығының, тікелей бөтеннің мүлкін заңсыз иемденуге бағытталған, яғни ең болмаса орындаушылардың бірі қылмыстық құқықтық бұзушылық құрамының объективті жағын орындағанға дейін сөз байласудың болғанын анықтау қажет.

Сот мәжілісінде жәбірленушілердің мүлкін заңсыз иемдену үшін, сотталушылар тұрғын үйдің кіреберісіне бірге кіріп, жәбірленушілердің мүлкін алуға алдын ала сөз байласып, екеуі екі велосипедті алып шығып, кейін алынған мүліктерге бірігіп иелік еткені анықталды, сондықтан сотталушылардың әрекеттері «топ болып алдын ала сөз байласып» жасалу белгісі бойынша саралануы тиіс.

№11. Серета Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 2-бөлігі 1, 3-тармақтарымен, 191-бабы 2-бөлігі 1, 2, 3-тармақтарымен кінәлі деп танылып.

Оған ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігі 1, 3-тармақтарымен 1 /бір/ жылға бас бостандығынан айыру, 191-бабы 2-бөлігі 1, 2, 3-тармақтарымен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 58-бабы 3- бөлігі негізінде, қатандығы жеңілрек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан айыру, жазаны қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуі белгіленген.

Қомаров Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 2-бөлігі 1, 3-тармақтарымен, 191-бабы 2-бөлігі 1, 2, 3- тармақтарымен кінәлі деп танылған.

Оған, ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігі 1, 3-тармақтарымен 1 /бір/ жылға бас бостандығынан айыру, 191-бабы 2-бөлігі 1, 2, 3-тармақтарымен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 58-бабы 3- бөлігі негізінде, қатандығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен 3 /үш/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан айыру, жазаны қылмыстық атқару жүйесiнiң орташа қауiпсiз мекемелерiнде өтеуi белгiленген.

№12. Елусаев пен Светик Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191 бабының 2 бөлігінің 1,3 тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға кінәлі деп танып, ол бойынша 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындауға, 3 жыл 6 ай мерзімге пробация бақылауын орнатумен, жазасын өтеудің барлық мерзімінде жыл сайын 100 (жүз) сағат міндетті еңбекке тартылған.

Оларға төмендегі міндеттерді орындау жүктелген:

-жұмыстан, оқудан тыс бос уақыттарында тұрғылықты мекен-жайынан ешқайда шықпауға;

-жазаны өтеу барысында ешқандай спирттік ішімдікті, есірткі заттар мен өзге де уытқұмарлық заттарды пайдаланбауға;

-ойын-сауық мекемелерге (түнгі клубтарға, мейрамханаларға, кафеге, караоке барларға, ойын мекелемелерге) бармауға;

-сотталғандарға бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарының рұқсатынсыз басқа мекен жерлерге шықпауға;

-құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеттерді жасаумаға үкімнің заңды күшіне енген соң 10 тәулік мерзімінде пробация қызметіне есепке тұруды міндеттеген.

№13. Жосай, Игунбаев, Беркінбек, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабы 2-бөлігі 1), 3)-тармақтарымен кінәлі деп танылып, оларға осы бап бойынша – 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалған.

№14. Әлиев Қазақстан Республикасы ҚК-нің 106 бабы 1 бөлігімен көрсетілген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 106 бабы 1 бөлігі бойынша 3 жыл 6 айға шектеу жазасы тағайындалған.

Оған пробациялық бақылау қойылып: оның мінез- құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын ауыстырмау, уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз спирттік ішімдік ішуге рұқсат етілетін кафе, ресторан және басқа да ойын-сауық орындарына бармау, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттері, жылына 240 сағатқа мәжбүрлі еңбекке тарту жүктелген

№15. Сот, сотталушы Нариманов пен Қадықовқа жаза тағайындағанда олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде жағымды мінездемелерін, жасаған қылмысын мойындап, шын жүректен өкінулерін,

келтірілген залалды өз еркімен төлеулерін жатқызады, ал жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай іс бойынша жоқ деп санайды.

Сотталушылардың жеке бас деректерін, жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын ескеріп, сот сотталушыларға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 337-бабының 1-бөлімімен кінәлі деп танып, аң аулаумен байланысты қызмет түрімен айналысу құқығынан 1 (бір) жыл мерзімге айыра отырып, 80 (сексен) сағат қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тағайындалған.

№16. Әлиханов пен Амановқа ҚР ҚК-тің 194-бабы 2-бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оларға осы баппен 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

№17. Сандыбек ҚР ҚК-тің 293-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, 3 (үш) жыл 6 (алты) ай бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

№18. Сот, қылмыстық істегі дәлелдемелер жиынтығымен сотталушының тағылған айып бойынша жасаған қылмысын толық дәлелденген деп санайды.

Сот, сотталушы Байбердиевтің әрекеті ҚР-ның ҚК-нің 200-бабы 1-бөлігімен автомобильді жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (айдап кету) деп дұрыс сараланған деп есептейді.

Бұл қылмыс ҚР-ның ҚК-нің 11-бабының 2-бөлігіне сәйкес онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады.

Көрсетілген жағдайда сотталушы Байбердиев жәбірленуші Садықовпен татуласуларына байланысты ҚР-ның ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы тиіс.

Сот барлық мән-жайларды, сотталушылардың жәбірленушімен татуласқандарын ескеріп, қылмыстық іс қысқартылуы тиіс деген қорытындыға келеді.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Жоғарғы Соттың №4 21.06.2001 жылғы нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, жәбірленушінің зиянның есесін толтыру туралы қылмыс жасаған адамға қойған талабынан ерікті түрде бас тартуы қылмыс жасаған адамның осы зиянның есесін толтыру міндетін орындамауы болып бағалануға тиіс емес және тараптардың өз бетімен татуласуы үшін кедергі бола алмайды.

Жәбірленушіге ҚК-нің 68-бабы бойынша іс қысқартылғаннан кейін қылмысты жасаған адамға қатысты осы айып бойынша қылмыстық қудалауды жаңғырту туралы мәселе қоя алмайтыны түсіндірілген.

ҚР ҚПК-нің 36-бабы, 327-баптарын, ҚР ҚК-нің 68-бабын басшылыққа алып, сот ҚР ҚК-нің 200-бабы 1-бөлігімен айыпталушы Байбердиев жәбірленуші Садықовпен татуласуларына байланысты Қазақстан Республикасы

Қылмыстық Кодексінің 68-бабы 1- бөлігі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатқан.

№19. Есетовке жаза түрі мен мөлшерін тағайындау барысында, сот жасалған қылмыстың санаты мен сипатын, сотталушының жеке басын, яғни бұрын сотты болмағанын, жасын, оның отбасылық жағдайын, жетім бала, және басқа мән-жайларды, нақты айтқанда, сотталушы қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына өкінгені, кінәсін толық мойындағаны, Есетов өзіне тиісті қорытынды жасағаны, мазмұндалғанның жиынтығы оның түзелу жолына түсетін ынтасы бар екенін куәландырады, сондықтан сот сотталушы Есетов қоғамнан оқшаулаусыз түзеледі деген тұжырымға келеді, яғни оған ҚК-нің 44-бабында көзделген міндеттерді орындауды жүктеп, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның төмен мерзімін тағайындауға негіздер жеткілікті деп есептейді, нақты айтқанда: сотталғанның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; ішімдік сату және ішімдік ішуге арналған қоғамдық көңіл көтеру орындарына бармау; жұмыс және оқудан бос уақытта уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге бармау.

Есетов ешқайда жұмыс істемейтіндіктен, ҚР ҚК-нің 44-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындарда жыл сайын 100 сағат мәжбүрлі еңбекке тартылған.

№20. Сот, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сотталушының жеке басының, қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға және қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайларға баға бере келе сотталушы Шерханға ҚР ҚК-нің 346-бабы 2-бөлігінде көрсетілген жаза шегінде бас бостандығынан айыруды тағайындау қажет деп табады, себебі Қарқаралы аудандық сотының 21 мамыр 2022 жылғы қаулысымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабаның 1-бөлігімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ол 7 жыл мерзімге көлік құралынан басқару құқығынан айырылған және өзіне нәтиже шығармаған, түзелу жолына түспегенін ескеріп, ҚК-нің 11-бабының талаптарына сай, ҚК-нің 346-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық ауыр санаттағы қылмыстар қатарына жатады.

Сол себепті, сотталушы Шерхан түзелу жолына түсуін қамтамасыз ету үшін бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау қажет деп сот санайды.

ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 2-тармақшасының талабына сай, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде тағайындалады.

Жоғарыда аталып өткендей ҚК-нің 346-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық ауыр санаттағы қылмыстар қатарына жататындығын ескеріп, ҚК-нің 92-2-бабының негізінде Қазақстан Республикасының „Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы“ Заңнамасына

сай, сотталушыдан жиырма айлық есептік көрсеткіш мәжбүрлі төлем сомасы өндірілуге жатады деп шешкен.

Сонымен сотталушы Шерханға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 346-бабының 2-бөлігінде кінәлі деп танылып, оған осы баппен белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан, яғни өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыра отырып, 4 (төрт) жыл мерзімге бас бостандығын айыру түрінде жаза тағайындалған.

Сотталған Шерхан сот залынан қамауға алынып, оған бұлтартпау шарасы ретінде «күзетпен ұстау» қолданылған.

№21. Ә.Нұржанов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 139-бабымен кінәлі деп танылып, осы баппен оған 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Оған 1 (бір) жыл мерзімге келесідей пробациялық бақылау орнатылған: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырмау, ойын-сауық орындарына бармау, сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін тұрғылықты жерінен шықпау, уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай өзі тұратын ауданнан басқа жерлерге бармау, кәмелетке толмаған балаларын материалдық қолдауды жүзеге асыру, алимент өндіру туралы сот актісін орындауға және алимент бойынша берешегін өтеуге шаралар қабылдау міндеттері жүктелген.

Ә.Нұржановқа қоғамдық орындарда жазаны өтеу мерзімі ішінде 100 (бір жүз) сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылған.

Жаза пробациялық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның қадағалауымен, Ә.Нұржановтың тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтелетін болған.

Ә.Нұржанов үкім заңды күшіне енген күннен бастап он күн ішінде Жаңаөзен қалалық пробация қызметіне есепке тұру үшін баруға міндеттелген.

Ә.Нұржановқа ҚК-тің 44-бабының 3-бөлігіне сай бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылатыны түсіндірілген.

№22. ҚК-нің 53 бабының талабына сай кінәсін толық мойындап шын ниетпен өкіну сотталушының қылмыстық жауаптылық пен жазасын жеңілдететін мән-жайлар деп танылады.

ҚК-нің 54 бабына сай сотталушының қылмыстық жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

ҚК-нің 55 бабының 3 бөлігінің талабына сәйкес айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың негізінде сот сотталушының түзелуіне ықпал ететін жаза ретінде айлық есептік көрсеткіштің он екі мөлшерінде айыппұлды тағайындағаны дұрыс деген тұжырымға келеді.

Аменов ҚК-нің 296 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып және оған 12 (он екі) айлық есептік көрсеткіш, яғни 33 336 (отыз үш мың үш жүз отыз алты) теңге мөлшерде айыппұл түріндегі жазасы тағайындалған.

Айыппұлды ерікті түрде төлеу үшін Аменовке үкім заңды күшіне енген күннен бастап бір ай көлемінде уақыт белгіленген.

Аменовке айыппұлды ерікті түрде белгіленген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда сот үкімі мәжбүрлеп орындауға жататыны, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шаралар қабылдайтыны түсіндірілген

№23. Сотталушы Селдиевқа жаза тағайындау кезінде судья, оның айыбын толық мойындауын, бұрын сотты болмағанын жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескереді.

Сотталушы Селдиевтың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар іс бойынша анықталмаған.

Судья, сотталушының жеке басына берілген мәліметтерге баға бере келе, қылмыстық істің бұйрықтық іс жүргізу тәртібі бойынша қаралуына байланысты, ҚК-тің 300-бабының 1-бөлігінің санкциясы шегінде сотталушы Селдиевқа айыппұл салу жазасын тағайындау қажет деп санайды.

№24 Сот, қылмыстық теріс қылық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сотталушы Әлекбаевқа жаза түрі мен мөлшерін тағайындау барысында, сотталушының жеке басын жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды, жасаған қылмыстық құқық бұзушылық іс әрекетін толығымен мойындауын, істеген әрекетіне шын жүректен өкініп отырғанын және жұмыста жоқ екендігін ескеріп, оған ҚР ҚК-нің 378- бабының 1-бөлігінің санкциясында көзделген баламалы жазалардың қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын тағайындауды дұрыс деп табады.

Сот Әлекбаевқа ҚК-нің 378-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 40 (қырық) сағат қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған.

№25. Сот, істің нақты мән-жайларын, сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығы бойынша жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және сотталушының жеке басын ескере отырып, қоғамнан оқшауламастан түзелуі мен қайта тәрбиеленуіне негіз бола алады деп есептеп, Сатырды Қазақстан Республикасы ҚК-нің 345- бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танып, оған осы баппен 2 (екі) жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 100 (жүз) сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын тағайындаған.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 398-бабының 1-бөлігінің 4) тармағына сәйкес, Сатырға үкім заңды күшіне енгеннен кейін он тәулік ішінде пробация қызметіне есепке қою үшін келуі міндеттеледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде және сот тергеуі аяқталғанға дейін жәбірленуші Бектемірге қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды өндіру туралы азаматтық талап қоймаған.

Осыған байланысты, сот жәбірленуші Бектемірге аталған талаппен азаматтық іс жүргізу тәртібімен сотқа беруге құқылы екенін түсіндіреді.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 178-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сотталушыдан мемлекет кірісіне процестік шығындар өндірілуге жатады.

Сатыр Қазақстан Республикасы ҚК-нің 345- бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 2 (екі) жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 100 (жүз) сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған.

№26. ҚК-нің 11-бабының 3-бөлігіне сәйкес, сотталушылардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары орташа қылмыстар санатына жатады.

ҚК-нің 53-бабына сәйкес, сотталушылар Әлібеков пен Эснердің қылмыстық құқық бұзушылықтар іс-әрекеттерінің жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларға өз айыбын толық мойындауы, келген залалды толық өтеулері, жасаған әрекетіне шын жүректен өкінуін жатқызып, осы Кодекстің 54-бабына сәйкес, ауырлататын мән-жайлары жоқ деп табады.

Әлібеков пен Эснерді Қазақстан Республикасы ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігінің 1,3)-тармақтарымен кінәлі деп танылып, оларға осы баптың осы бөлігімен 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, нақ сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленген.

№27. Сот, сотталушылар Қабай, Әнбетов, Ебековтың қылмыстық іс-әрекеттерін ҚР ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен саралап, оларға осы бап бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған.

ҚР ҚК-нің 44-бабының 2-бөлігіне сай, пробациялық бақылау белгіленіп және келесі міндеттерді орындау: жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орнын өзгертпеу, көңіл көтеретін орындарға, кафе-барларға бармау, жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу міндеттерін орындау жүктелген.

Жүктелген міндеттерді тиісінше орындамаған жағдайда ҚР ҚК-нің 44-бабының 3-бөлігінде көзделген жауапкершіліктері түсіндірілген.

№28. Нәсілов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 189-бабының 2-бөлігінің 1) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған екі жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

№29. Аман ҚК-нің 389-бабының 4-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 (үш) жыл б (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сот, сотталған Аман, Батыр, Болатқа 2021 жыл 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР Заңы негізінде жаза өтеу мерзімін, көрсетілген

Рақымшылық заңының 3-бабы 4-бөлігі 1-тармақшасына сай, бестен бір бөлігіне қысқартып, оларға түпкілікті 2 (екі) жыл 9 (тоғыз) ай 18 (он сегіз) күн мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

ҚК-нің 63-бабы қолданылып тағайындалған жаза шартты деп есептелген.

ҚК-нің 62 бабы 3 бөлігің 2 тармағына сай шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайда сотталушылардың 23 желтоқсан 2021 жылдан бастап 25 желтоқсан 2021 жылға дейін күзетпен ұстау уақыты орташа қауіпсіз мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылған.

Сотталған Аман, Батыр, Болатқа ҚК-нің 44-бабы 2-бөлігінің қағидалары бойынша бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзімі ішінде пробацялық бақылау белгіленген.

№30. Жұмашұлы Әскерге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы баппен 4 (төрт) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленген.

Ә.Жұмашұлына қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылған.

№31. Сот, сотталушы Ә.Садықовтың жеке басын, жауаптылығы мен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығын және оның жасаған қылмысы ҚК-нің 11-бабының 4-бөлігіне сәйкес ауыр қылмыстар санатына жататынын, жасаған қылмысының халық денсаулығына, қоғамға қауіпті екенін ескере келе, оған қатысты ҚК-нің 63- бабын қолдануға негіздер жоқ екеніне көз жеткізіп, жасаған әрекеті бойынша оны түзелу жолына салу мақсатында, тек қоғамнан оқшаулау түріндегі жаза тағайындау қажет деп есептеген.

Ә.Садықовқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 296-бабының 4-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сотталғанға бас бостандығынан айыруды өтеу қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде тағайындалған.

Сотталған Ә.Садықовтың жазасын өтеу мерзімі 2020 жылдың 29 желтоқсаннан бастап есептегентелген.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2)-тармағына сәйкес Ә.Садықтың 2020 жылдың 29 желтоқсаннан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған уақыты бір күні бір жарым күні есебімен есептелуге жатқызылған.

№32 Е.Болысбеков, А.Әсетов, Н.Рамазанов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1-бабының 3-бөлігінің 1, 2 тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылып, олардың әр қайсысына 6 (алты) жылдан бас бостандығынан айыру жазасы

тағайындалған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу тағайындалған.

Е.Болысбековке тиесілі қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы Б.Капановтың атына тіркелген «Volkswagen Passat» маркалы автокөлік мемлекеттің меншігіне айналдырылған.

№33. Сот, сотталушыға жаза тағайындағанда, оның жеке басын, оның қылмыстық теріс қылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар жиынтығын, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне ықпалын, оның жасаған қылмыстық теріс қылығының қоғамдық қауіптілік дәрежесін, оның айыппұл төлеуге мүмкіндігінің барын ескере отырып, оған айыппұл түріндегі жазаны тағайындауды жөн көреді.

А.Амандосов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 296-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылған, оған 25 (жиырма бес) айлық есептегілік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 56725 (елу алты мың жеті жүз жиырма бес) теңге айыппұл салынған.

№34. Б.Саяновқа Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі 3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған, осы мерзімге пробациялық бақылау белгіленген.

Сотталушы Б.Саяновқа жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 (бір жүз) сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тартылған.

№35. Сот, сотталушыға жаза тағайындағанда ҚК-нің 55-бабы 2-бөлігі 2)-тармағының талаптарын сақтау қажет деп есептейді.

ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігінің 2)-тармағына сай, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен асыруға болмайды.

Сондықтан Н.Наливаевқа жазасын тағайындаған кезде 4 жыл 8 айдан асыруға болмайды.

Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының 6 тармағының талабына сай, егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн, деп көрсетілген.

ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің санкциясында бас бостандығынан айырудан басқа, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның баламалы түрі көзделген.

Сот, сотталушыға жаза тағайындауда, ол өз айыбын толығымен мойындауын, шын жүректен өкініш білдіруін, келтірілген залалды толық өтегенін, жәбірленушілер оған кешірім бергенін, тұрғылықты мекен-жайының болуын ескереді.

Осыған орай, сотталушыға бас бостандығынан шектеу жазасын тағайындауды жөн деп есептейді.

ҚК-нің 44-бабының 2-бөлігіне сай, Н.Наливаевқа тағайындалған жаза мерзіміне пробациялық бақылау белгіленіп: оған уәкілеттік берілген мемлекеттік мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырмау және бір ай ішінде жұмысқа орналасу міндеттеледі.

ҚК-нің 44-бабының 3-бөлігіне сай, Н.Наливаевқа бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын қасақана орындамаған жағдайда, оның өтелмеген мерзімінің бір күні бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімінің бір күніне ауыстырылатыны түсіндіріледі.

ҚПК-нің 398-бабының 1-бөлігінің 4)-тармағына сай, сотталушы үкім заңды күшіне енгеннен кейін он тәулік ішінде тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне есепке қою үшін келуі міндеттеледі.

Басты сот талқылауында анықталғандай, яғни сотталушы тұрақты жұмыс орны болмағандықтан, оған бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын 100 (бір жүз) сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылу жазасын тағайындау қажет деп есептегендейді.

Н.Наливаевқа ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігі 1),3)-тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған 2 (екі) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

ҚК-нің 44-бабының 2-бөлігіне сай, Н.Наливаевқа тағайындалған жаза мерзіміне пробациялық бақылау белгіленіп: оған уәкілеттік берілген мемлекеттік мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырмау және бір ай ішінде жұмысқа орналасу міндеттелген.

Жазаны өтеу барысында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жылына 100 /жүз/ сағат мәжбүрлі еңбекке тартылған.

№36. ҚР ҚК-нің 52 бабы 2 және 3 бөлімінің талаптарына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс.

Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-

ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Сот, сотталушы С.Абаев жасаған іс-әрекеттеріне шын өкінуін, жәбірленушіге келтірілген шығынды толық өтеп, одан кешірім алғанын оның жазасы мен жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде таниды.

Сонымен қатар, сот сотталушының жазасы мен жауапкершілігін ауырлататын мән-жайлары анықталмағанын ескереді.

Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, сот, сотталушыға оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар бар екенін және де қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар жоқ екенін ескере отырып, қылмыспен келтірілген материалдық және моральдық залалдың толық өтелгенін, жәбірленушінің соттан сотталушыға байланысты жеңіл жаза беруді сұраған жауабын ескеріп, оның түзелуі үшін және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындалуы жеткілікті деп санайды.

С.Абаевқа ҚР ҚК-нің 106-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып және оған осы баппен 4 (төрт) жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

№37. ҚК-нің 53-бабына сай сотталушы Ж.Санақовтың қылмыстық жауапкершілігі мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға кінәсін шын көңілден мойындап, өкінетінін таниды.

ҚК-нің 54-бабына сәйкес, сотталушының қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайларға ішкілікті масаң күйде қылмыстық теріс қылық жасағанын таниды.

Жаза түрі мен мөлшерін анықтау кезінде сот, ҚК-тің 52-бабының негізінде жасалған жаза тағайындау кезінде істің нақты мән-жайларын, сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығы бойынша жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және сотталушының жеке басын ескере отырып, сот Ж.Санақовтың ҚК-нің 378-бабы 1-бөлігінің санкциясымен көзделген айыппұл жазасын тағайындауды мүмкін деп санайды, сондай-ақ сотталушының жұмыс жасайтынын ескеріп, бұл жазаны сотталушы үшін қажетті және жеткілікті деп есептейді.

Ж.Санақовтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 378-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 58 340 теңге айыппұл салу жазасы тағайындалған.

Сотталушы Ж.Санақовтың үкім заңды күшіне енген соң айыппұлды бір ай ішінде төлеу үшін мерзім белгіленген және айыппұлды белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда сот үкімі мәжбүрлеп орындауға жататындығы ескертілген

№38. Х.Райбек пен Ж.Еметов, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188 бабының 3 бөлігінің 2 тармағымен кінәлі деп танылып, осы

баппен мүлкін тәркілеусіз 2 (екі) жылға бас бостандығынан шектелген, жылына 100 (бір жүз) сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылған.

39. Оларға, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 24-бабы 3- бөлігі арқылы 188-бабы 3-бөлігінің 3-тармағымен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жыл 6 (алты) ай бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 44-бабы 1- бөлігінің тәртібімен барлық мерзімге пробациялық бақылау белгіленген және жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жылына бір жүз сағаттан жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық орындарда мәжбүрлі еңбекке тартылған.

№40. Істің мән-жайларын, сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды, жеке басының деректерін және іс бойынша барлық мән-жайларды ескере отырып, сот Ж.Алтынбековке Қазақстан Республикасы ҚК-нің 24 бабы 3 бөлігі, ҚК-нің 188 бабы 1 бөлігі санкциясы мөлшерінде мүлкін тәркілеусіз, бас бостандығын шектеу жазасын тағайындауды, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының ҚК-нің 44 бабының 1 бөлігіне сай жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда 100 (бір жүз) сағат мәжбүрлі еңбекке тарту түріндегі жазасын тағайындауды қажет деп санайды.

№41. Сотталушы Сабан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 24 бабының 3 бөлігі, 188 бабының 2 -ші бөлігінің 1 және 3 тармағы бойынша кінәлі деп танып, осы бап бойынша оған 2 /екі/ жыл 6 /алты/ айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сотталушылар Ерембек және Гаринге ҚР ҚК нің 24 бабының 3 бөлігімен, 188 бабының 2 бөлігінің 1 және тармақтары бойынша кінәлі деп танып, осы бап бойынша әрқайсысына 2 екі/ жыл 6 /алты/ айдан бас бостандықтарынан шектеу жазасы тағайындалып, сол 2 жыл 6 айға пробациялық бақылау белгіленген.

Руданов пен Боқова Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 28 бабының 5 бөлігі, 24 бабының 3 бөлігі, 188 бабының 2 -ші бөлігінің 1 және 3 тармағы бойынша кінәлі деп анықтап, осы бап бойынша әрқайсысына 2 /екі/ жыл бас бостандықтарынан шектеу жазасы тағайындалып, сол 2 жылға пробациялық бақылау белгіленген.

№42. И.Жарымжановқа, С.Тасбековке, және Қ.Базаровқа, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен әрқайсысына түпкілікті 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Ә.Жолбекке, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен түпкілікті 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

С.Сапаровқа, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен түпкілікті 2 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

№43. А.Мұқанов Қазақстан Республикасының ҚК-нің 190 бабы 3 бөлігі 4 тармағымен көзделген қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған 3 (үш) жыл бас бостындығын шектеу жазасы тағайындалған.

№44. Сот, сотталушы Жазира Манарбекованың «Аружан-2014» бөбекжай жеке балабақшасы» ЖШС-не қатысты жасаған ҚР ҚК-нің 189-бабының 2-бөлігінің 2,3-тармақтарында көзделген біртекті әрекеттері өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті бірнеше рет өзінің қызмет бабын пайдалана отырып және ірі мөлшерде иемденіп алу арқылы жымқырған қылмыстық әрекеттерімен толықтай қамтылатындықтан қылмыстық әрекеттері түпкілікті ҚР ҚК-нің 189-бабының 3-бөлігінің 1)-тармағымен дұрыс дәрежеленген деп санайды.

№45. Сот, сотталушы Ж.Олжабайға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58-бабының 6-бөлігін қолданып, алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосып, түпкілікті 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Оған пробациялық бақылау белгіленіп, пробациялық бақылауды жүзеге асыру Қазығұрт аудандық пробация қызметіне жүктелген.

Сотталған Ж.Олжабайға Пробация қызметіне хабарламай тұрақты тұратын жерін өзгертпеу, пробация қызметінің рұқсатынсыз басқа ауданға, қалаға, ойын-сауық, ішкілік ішетін орындарына (кафе, ресторан) бармау, жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жылына 100 (жүз) сағатқа мәжбүрлеп еңбекке тартылу міндеттерін орындау жүктелген.

№46. Сотталушы А.Бекеновтың жауаптылық пен жазасын ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстың қайталануын ескереді.

Сонымен қатар, сот жаза тағайындағанда қылмыстың сипатымен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, сотталушының жеке басын, яғни ол ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырумен сотты болып, жазасын өтеу барысында қайтадан ауыр қылмыс жасағанын ескереді.

Мұндай жағдайда, сот, ҚР ҚК-нің 14 бабы 4 бөлігінде көзделген заң нормасын басшылыққа ала отырып, сотталушы А.Бекенов қоғамнан оқшауламастан қайта түзелуі мүмкін емес деп санап, оған бас бостандығынан айыратын жаза тағайындауды дұрыс деп санайды.

Сотталушы Бекенов бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүріп, қасақана қылмыс жасаған.

Алматы облысы қылмыстық-атқару жүйесі ЕС-164/4 мекемесінің анықтамасына сәйкес А.Бекеновтың жаза өтеу мерзімінің аяқталуы 31 қаңтар 2022 жыл деп белгіленген.

Сондықтан, сот сотталушы А.Бекеновке ҚР ҚК-нің 60 бабын қолданумен, үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

ҚР ҚК-нің 46 бабы 5 бөлігі “3” тармағы негізінде сотталушы А.Бекеновке жаза өтеуді қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша

жоғары мекемесін тағайындау қажет, себебі ол бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталған.

Бекеновке Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 – бабы 3 бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, оған осы баппен 4 /төрт/ жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, Қазақстан Республикасы ҚК –нің 60 бабы 1-бөлігінің негізінде, Алматы қаласы Жетісу ауданының №2 аудандық сотының 6 мамыр 2019 жылғы үкімі бойынша тағайындалған жазаны ішінара қосып, Бекеновке түпкілікті жаза ретінде 4 (төрт) жыл 6 /алты/ ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Жазаны өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесіне жіберілген.

ҚР ҚК-нің 14 бабы 1 бөлігіне сәйкес А.Бекенов жасаған қылмысын қылмыстың қайталануы деп таныған.

№47. Сотталушы 2018 жылғы 21 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотының үкімімен ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған ҚК-тің 58-бабы 6-бөлігі негізінде 2017 жылғы 21 шілдедегі Ақмола облысы Кокшетау қаласы сотының үкімімен тағайындалған жазаны сіндіру арқылы, түпкілікті 4 жыл бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Егер үкім шығарылып қойғаннан кейін сотталған адамның тағы басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін айыпты екені, олардың үкім шығарылғаннан кейін жасалғаны анықталса, екінші үкім бойынша жаза ҚК-нің 60-бабы қолданыла отырып тағайындалады: яғни алғашқы үкім шығарылғаннан кейін жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгіленеді және түпкілікті жаза үкімдер жиынтығы бойынша тағайындалады.

Бас бостандығын шектеуге немесе қоғамдық жұмыстарға соттаған кезде – жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күнге дейінгі жазаның өтелмеген бөлігі үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі деп есептеледі.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде сот алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі ретінде қылмыс жасаған күнде 2 жыл 9 ай 11 күн таниды және ҚК-нің 60-бабының негізінде осы жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған жазаға ішінара қосуға жатады.

ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігі негізінде жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде белгілену керек.

ҚК-нің 60-бабы 1,4-бөлігі негізінде, 2018 жылғы 21 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотының үкімімен тағайындалған жазасын, үкімдер жиынтығы бойынша жазалар ішінара қосылуы жолымен, түпкілікті 3 (үш) жыл 6 (алты) ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған және тағылған жазаны өтеу қылмыстық- атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде белгіленген.

№48. Жаза тағайындау кезінде, сот, жәбірленушінің сотталушыларға тағайындалмақшы жаза жөнінде, яғни сотталушылар Б.Саргулов пен

И.Сапаровқа қатысты бас бостандықтарынан айырмайтын жеңіл жаза тағайындауды сұрап отырған пікірлерін есептегенке алады.

Сонымен қатар, «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007.12.25. №9 Нормативтік қаулысында көзделген түсіндірмелер назарға алынады.

Соттар ҚК-тің 63-бабында көзделген шартты түрде соттаудың, әдетте, бұрын сотталмаған, адамдарға қолданылатындығын ескеруге тиіс. Шартты жаза ауыр қылмыс жасауға қатысқандардың кейбіріне, егер олардың негізгі қылмыскер еместігі анықталса, сонымен қатар оның жеке басына берілген мәліметтер мен қылмыс жасаған кездегі жағдайлар жаза тағайындаған кезде ҚК-тің 63-бабының ережелерін қолдануға негіз бола алған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте қылмыстық заң шартты түрде соттаудың қолданылуын қылмыстардың санатымен байланыстырмайтынын, тек әрекеттері қауіпті немесе аса қауіпті қылмыстардың қайталануы деп танылған адамдарға ҚК-нің 63-бабын қолдануды шектейтінін назарға алу керек деп көрсетілген.

Сондықтан, жоғарыда көрсетілген заң талаптарына сай, сотталушылар Баулов пен Ихсановқа жаза тағайындау барысында олардың жауаптылықтарын жеңілдететін мән-жайлар ретінде кінәларын толықтай мойындап, шын көңілден өкініп отырғандарын, әрекеттерінде ауыр зардаптардың жоқтығын, олардың жастығын, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмағандарын, жағымды мінездемелерін, жәбірленушіге келтірілген материалдық залал толығымен қайтарылғандығын, жәбірленушінің сотталушыларға қоятын ешқандай талап тілегінің жоқтығын, кешірімін беріп, оларға қатысты бас бостандығынан айырмайтын жеңіл жаза тағайындауды сұрап отырғанын, сонымен қатар олардың әрекеттерінде қауіпті немесе аса қауіпті қылмыстардың қайталануы жоқтығын ескеріп, сот сотталушылар Баулов пен Ихсановты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 55 бабының 2 бөлігінде көрсетілген ұстанымды ескере отырып, оларды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192 бабы 2 бөлігі 1 тармағымен көзделген қылмысты жасауда кінәлі деп танып, осы бап бойынша 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, оларды қоғамнан оқшауламай-ақ, бақылау қою жолымен қайта тәрбиелеуге, яғни ҚР ҚК-нің 63 бабы негізінде шартты жаза қолдануға толықтай мүмкіндік бар деп есептейді.

Баулов пен Ихсановқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192 бабы 2 бөлігі 1 тармағымен кінәлі деп танылып, 55 бабы 2 бөлігін қолданып, олардың әрқасысына 5 /бес/ жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63 бабына сай Баулов пен Ихсановтың бас бостандығынан айыру жазасы сол мерзімге шартты деп саналған.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 44 бабының 2 бөлігіне сай Баулов пен Ихсановқа пробациялық бақылау белгілеп, келесі міндеттер:

- жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған мемлекеттік органға хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін, жұмыс,

оқу орнын өзгертпеу,
- белгілі бір орындарға бақылаушы органның рұқсатынсыз бармау жүктелген.

№49. ҚР ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігіне сәйкес, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін ҚР ҚК-інің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды делінген нормасынның негізінде. Сот, сотталушы К.Сәкеновке жазаның түрі мен мөлшерін тағайындағанда, ҚР ҚК-нің 55 бабы 3 бөлігінің талаптарын ескеріп, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 40 бабы 2- бөлігі «4» тармағын басшылыққа алып, 6 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындайды, К.Сәкеновке жаза қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтуге белгілейді.

№50. Сотталушылардың жауаптылығын ауырлататын Қазақстан Республикасының ҚК-тің 54 бабында көрсетілген мән-жайларды сот жоқ деп табады.

Ал, істеген қылмыстарына шын жүректен өкінетінін жеңілдететін мән-жайларға жатқызады.

Сонымен қатар кінәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімнің шартында көзделген сотталушыларға бас бостандығынан шектеу түрінде жаза тағайындау, Қазақстан Республикасының ҚК-тің 52-бабының негізінде жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, сотталушылардың жеке бастары, соның ішінде олардың қылмысқа дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылықты және жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамдардың түзелуіне және олардың жеке өздерінің, отбасының немесе олардың асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы қылмыс жасаған адамдарға олардың түзелуі және қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындау туралы қағидаға сай келеді.

Кубеков Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 293-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Шакалов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 293-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Ғараев Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 293-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған.

Сотталғандардың тәртібін бақылау тұрғылықты жерлері бойынша пробация қызметіне жүктелген.

№51. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35 бабы 1-бөлігінің 12-тармағында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты қылмыстық іс тоқтатылуға жатады делінген.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 68 бабының 1 бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Сотталушы Бақанов жасаған қылмысы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 11 бабының 3 бөлігіне сай ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады.

Осыған байланысты, сот, сотталушы Бақанов жәбірленуші Дәлеловпен татуласуына, келтірген зиян өтелуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 68 бабының 1 бөлігінің негізінде, сотталушы Бақановқа қатысты қылмыстық іс, яғни Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190 бабының 2 бөлігі 4) тармағы бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылуға, қылмыстық істің өндірісі тоқтатылуға жатады деп есептейді.

Сотталушы Бақановқа қатысты қолданылған ешқайда кетпеу және тиісті мінез - құлық туралы қолхат түріндегі бұлтартпау шарасы қаулы заңды күшіне енгенше өзгеріссіз қалдырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігін, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12-тармағын, 327, 344 баптарын басшылыққа ала отырып, сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68 бабының 1 бөлігінің негізінде, сотталушы Бақанов жәбірленушімен татуласуына және жәбірленушіге келтірілген зиянды қалпына келтіруіне байланысты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 бабының 2 бөлігі 4) тармағымен тағылған айып бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық істің өндірісі қысқартылған.

№52. Әміре Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 191-бабы 1-бөлігімен көрсетілген қылмыстық жауаптылықтан, жәбірленуші сотталушымен татуласуына байланысты, ҚР ҚК 68-бабының 1-бөлігінің негізінде босатылған.

№53. М.Саналиевті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігінің негізінде медиация арқылы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатып, оған қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-бөлігінде, 190-бабы 2-бөлігінің 2-тармағында көзделген қылмыстық іс тоқтатылған.

№54. Сот медиациялық келісім шартын тексеріп, тараптардың қолдауына байланысты бекітілуге жатады, деп санайды.

Себебі: «Медиация» туралы заңның 27-бабының 6,7-тармақтарына сай, қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол

жеткізген дау-шарды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімді білдіреді.

Аталған келісім-шарт дереу іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесті жүргізетін органға жіберіледі және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесстік кодексінде көзделген жағдайларда қылмыстық қудалауды болдырмайтын не оны жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жай болып табылады деп көрсетілген.

ҚК-нің 68-бабының 1- бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады деп көрсетілген.

Сот, жоғарғылардың негізінде және сотталушы Ә.Қожановтың орташа санатқа жататын қылмыс жасағанын, сотталушының қылмыстық іс- әрекетін мойындап, жәбірленушіге келген шығынды толықтай өтегенін, өзара ымыраласып, медициналық келісім шартын жасауларына байланысты, жәбірленуші мен сотталушының кәсіби емес медиатордың қатысумен жасалған медиациялық келісім шарты бекітіліп, Ә.Қожановқа қатысты қылмыстық іс қысқартылып, ол қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады деп санайды.

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚК-нің 68-бабының 1- бөлігін, ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігін, 343, 344, 28.01.2011 жылғы Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы заңының 1-бабының 1-бөлігін басшылыққа алып, сот

Ә.Қожановтың ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен айыпталған қылмыстық ісін, тараптардың татуласуына байланысты ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігінің және медиация заңының тәртібінің негізінде өндірістен қысқартылып, Ә.Қожанов қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

№55. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 27-бабының - тармағына сәйкес, қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген жанжалды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен жанжалды реттеу туралы келісімді білдіреді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 200-бабының 1-бөлігімен айыпталған Семенов жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласқанына байланысты және келтірген зиянның есесі толығымен өндірілгендіктен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1- бөлігі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс өндірістен қысқартылған.

№56. З.Шилова «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы №27-VI ҚР Заңының 2-бабының 2-бөлігі 2-тармағы негізінде тағайындалған жазадан босатылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ
- 3 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
- 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» No 8 Нормативтік қаулысы
- 5 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымындағы No4 Нормативтік қаулысы
- 6 Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 7 Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы (2018ж.20.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 8 Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 Нормативтік қаулысы.
- 9 Жол жүрісі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ
- 10 Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі N 4 нормативтік қаулысы.
- 11 Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 3 Нормативтік қаулысы
- 12 Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысы 1998 жылғы 14 мамыр N 3.
- 13 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайты://sud.gov.kz/
- 14 «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі

- 15 Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 12.02.2018 жылғы «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» №19 Бұйрығы
- 16 Қылмыстық қудалау заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 86 бұйрығы//<https://online.zakon.kz>
- 17 «Медиация» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы
- 18 «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы №27-VI ҚР Заңы